

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ



ПЕДАГОГИКА

ЖӘНЕ

И

ПСИХОЛОГИЯ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

2009 ЖЫЛДЫҢ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНАН БАСТАП ШЫҒА БАСТАДЫ
ИЗДАЕТСЯ С СЕНТЯБРЯ 2009 ГОДА
4(21) 2014

4

БАС РЕДАКТОР

С. Ж. ПИРАЛИЕВ – Абай ат. ҚазҰПУ ректоры, п.ғ.д., профессор, КРҰҒА корреспондент-мүшесі

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Қайдарова А.Д. – бас редактордың орынбасары, п.ғ.д., профессор, **Мухитова Р.Б.** – Алматы аймағының жоғары оқу орындары ректорлар кеңесінің ғалым хатшысы, **Намазбаева Ж.И.** – Абай ат. ҚазҰПУ психология ФЗИ-н директоры, **Сарыбеков М.Н.** – Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, **Беркімбаева Ш.К.** – п.ғ.к. профессор, **Бекбоев И.Б.** – Қырғыз Республикасының Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, **Уманов Г.А.** – «Престиж» оқу кешенінің президенті, **Құсайынов А.К.** – Еуразия гуманитарлық институтының ректоры, **Әбілқасымова А.Е.** – Абай ат. ҚазҰПУ-нің оқытудың мазмұны және әдістері институтының директоры, **Жарықбаев Қ.К.** – Т.Тәжібаев атындағы этнопсихология және этнопедagogика орталығының директоры, **Қазмағанбетов А.Г.** – Ақмола облысының білім беру саласын бақылау бойынша департаментінің директоры, **Шадрин Н.С.** – Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының профессоры, **Суннатова Р.И.** – М.Ломоносов атындағы ММУ-дің Ташкент қаласындағы филиалының профессоры, **Джуринский А.Н.** – Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі, **Абдуллин Э.В.** – Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университеті кәсіби білім беру кафедрасының меңгерушісі, **Асинова А.Н.** – Манас атындағы Қырғыз-Түрік университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі, **Добаев К.Д.** – Қырғыз Республикасы білім беру проблемалары орталығының директоры, **Шаханова Р.Ә.** – Абай ат. Қаз ҰПУ филология институтының филология мамандықтары кафедрасының меңгерушісі, **Әлімұхамбетов Б.А.** – Абай ат. Қаз ҰПУ-нің өнер, мәдениет және спорт институтының директоры, **Сманов Б.Ө.** – Абай ат. ҚазҰПУ Аппаратының жетекшісі, **Иманбаева С.Т.** – Абай ат. ҚазҰПУ-нің Мәңгілік Ел және өзін-өзі тану кафедрасының профессоры, **Баймолдаев Т.** – Абай ат. ҚазҰПУ жалпы педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі, **Қондыбаева М.Р.** – Абай ат. ҚазҰПУ-нің Филология институтының орыс тілі және әдебиет профессоры, **Қалиева С.И.** – Абай ат. ҚазҰПУ Мәңгілік ел және өзін-өзі тану кафедрасының профессоры, **Хан Н.Н.** – Абай ат. ҚазҰПУ магистратура және PhD докторантура институтының психологиялық-педагогикалық пәндер кафедрасының профессоры, **Бидайбеков Е.Ы.** – Абай ат. ҚазҰПУ информатика және білім беруді ақпараттандыру кафедрасының меңгерушісі, **Шалғынбаева К.К.** – Л.Н.Гумилев ат. Еуразия Ұлттық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, **Ибраимова Ж.К.** – Абай ат. ҚазҰПУ-нің Психология және арнайы білім беру кафедрасының доценті, **Жампеисова К.К.** – п.ғ.д., Абай ат. ҚазҰПУ «Мәңгілік ел және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, **Оспанова Б.А.** – Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті психология кафедрасының меңгерушісі.

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

С.Ж. ПРАЛИЕВ – ректор КазНПУ им. Абая, д.п.н. профессор, член-корреспондент НАН РК

СОСТАВ РЕДАКЦИОННОГО СОВЕТА

Қайдарова А.Д. – заместитель главного редактора, д.п.н., профессор, **Мухитова Р.Б.** – ученый секретарь Совета ректоров вузов Алматинского региона, **Намазбаева Ж.И.** – директор НИИ психологии КазНПУ им. Абая, **Сарыбеков М.Н.** – ректор Таразского государственного педагогического университета имени Х. Дулати, **Беркімбаева Ш.К.** – к.п.н., профессор, **Бекбоев И.Б.** – член-корреспондент НАН Кыргызской Республики, **Уманов Г.А.** – президент учебного комплекса «Престиж», **Қусайынов А.К.** – ректор Евразийского гуманитарного института, **Абылқасымова А.Е.** – директор института содержания и методов обучения КазНПУ им. Абая, **Жарықбаев Қ.К.** – директор центра этнопсихологии и этнопедagogики им. Т.Тәжібаева, **Қазмағанбетов А.Г.** – директор Департамента по контролю в сфере образования Ақмолинской области, **Шадрин Н.С.** – профессор Павлодарского государственного педагогического института, **Суннатова Р.И.** – профессор филиала МГУ имени Ломоносова в г.Ташкент, **Джуринский А.Н.** – заведующий кафедрой педагогики Московского педагогического государственного университета, **Абдуллин Э.В.** – заведующий кафедрой профессионального образования Московского педагогического государственного университета, **Асинова Н.А.** – заведующая кафедрой педагогики Кыргызско-Турецкого университета имени Манаса, **Добаев К.Д.** – директор центра проблем образования Кыргызской Республики, **Шаханова Р.А.** – заведующая кафедрой филологических специальностей института филологии КазНПУ им. Абая, **Альмұхамбетов Б.А.** – директор института искусства, культуры и спорта КазНПУ им. Абая, **Сманов Б.Ө.** – руководитель Аппарата КазНПУ им. Абая, **Иманбаева С.Т.** – профессор кафедры Мәңгілік Ел и самопознания КазНПУ им. Абая, **Баймолдаев Т.** – заведующий кафедрой общей педагогики и психологии КазНПУ им. Абая, **Қондыбаева М.Р.** – профессор русского языка и литературы института филологии КазНПУ им. Абая, **Қалиева С.И.** – профессор кафедры Мәңгілік ел и самопознания КазНПУ им. Абая, **Хан Н.Н.** – профессор кафедры психолого-педагогических дисциплин института магистратуры и докторантуры PhD КазНПУ им. Абая, **Бидайбеков Е.Ы.** – заведующий кафедрой информатики и информатизации образования КазНПУ им. Абая, **Шалғынбаева К.К.** – заведующая кафедрой педагогики Евразийского национального университета им. Л.Н.Гумилева, **Ибраимова Ж.К.** – доцент кафедры психологии и специального образования КазНПУ им. Абая, **Жампеисова К.К.** – заведующая кафедрой «Мәңгілік ел и самопознания» КазНПУ им. Абая, **Оспанова Б.А.** – заведующая кафедрой психологии Международного Казахско-Турецкого университета им.Х.А.Ясауи.

EDITOR-IN-CHIEF

S. ZH. PRALIEV – the rector of Abai KazNPU, professor, corresponding member of the NAS RK

EDITORIAL STAFF:

Kaidarova A.D. – Editor-in-chief's assistant, professor, **Mukhitova R.B.** – scientific secretary of Almaty region University Rectors Council, **Namazbayeva Zh.I.** – director of Scientific and Research Institute of Psychology, **Sarybekov M.N.** – rector of the state Pedagogical University named Dulati, **Berkimbaeva Sh.K.** – professor, **Bekboev A.A.** – corresponding member of the NAS, **Umanov G.A.** – president of academic complex «Prestige», **Kussainov A.K.** – rector of the Eurasian Humanitarian Institute, **Abylkasimova A.E.** – Director of the Institute of the content and methods of teaching, **Zharykbayev K.B.** – director of ethno psychology and ethno pedagogic centre after Tazhibayev T., **Kazmaganbetov A.G.** – director of the department of control in educational sphere of Ak-mola region, **Shadrin N.S.** – professor of Pavlodar Pedagogical State Institute, **Sunnatova R.I.** – professor of Moscow State University branch in Tashkent, **Dzurinsky A.N.** – head of the chair of pedagogies of Moscow Pedagogical State University, **Abdullin E.B.** – head of the chair of professional education of Moscow Pedagogical National University, **Assipova N.A.** – head of the chair of pedagogies of Kyrgyz - Turkish University after Manas, **Dobayev K.D.** – director of centre of problem education of Kyrgyz Republic. **Shakhanova R.A.** – head of the chair of the philological disciplines chair at the Institute for Master's and PhD degrees of Abai KazNPU, **Almukhanbetov B.A.** – Acting Director of the Institute of Art, Culture and Sports, **Smanov B.O.** – chief of the Abai Kazakh National Pedagogical University staff, **Imanbaeva S.T.** – professor of the “Mangilik El” and self-knowledge Department of Abai KazNPU, **Baymoldaev T.** – Acting Head of the General Pedagogy and Psychology Department of the Abai Kazakh National Pedagogical University. **Kondubaeva M.R.** – professor of the Russian language and literature of the philology institute of Abai KazNPU, **Kaliyeva S.I.** – professor of the national educative chair, **Khan N.N.** – professor of the psychology and pedagogic disciplines chair at the Institute for Master's and PhD degrees of Abai KazNPU, **Bidaybekov E.I.** – the head of the Information technology chair at the Institute for Master's and PhD degrees of Abai KazNPU, **Shalginbayeva K.K.** – the head of pedagogics department L.N.Gumilev Eurasian National University, **Ibraimova Zh.K.** – associate professor of the psychology and special education Department, of Abai KazNPU, **Zhampeisova K.K.** – Head of the national education and self-knowledge of the Abai Kazakh National Pedagogical University, **Ospanova B.A.** – the head of pedagogics and psychology department of Hodja Ahmed Yasswi Kazakh-Turkish International University.

Учредитель: **Казахский Национальный педагогический университет имени Абая**

Зарегистрировано в Министерстве культуры и информации РК

24 июня 2009 г. № 10219-Ж

Периодичность 4 раза в год

Адрес редакции:

050010, Алматы, пр. Достык, 13, телефон 291-91-82



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

2014 жылғы журналымыздың төртінші санында ұсынылып отырған мақалалардың тақырыптары мен қарастырылатын мәселелер білім берудің әдіснамасы мен теориясы, жалпы педагогика және психологияның, қолданбалы психология мен психотерапияның өскелең ұрпаққа тәрбие берудегі аспектілерін, сонымен қатар нақты оқу пәндерін оқытудың әдістемесі мен технологиясы бойынша өзекті мәселелерді қамтиды.

«Білім берудің қазіргі мәселелері» атты айдарымызда төмендегідей мәселелер қарастырылады: елдегі және бүкіл әлемдегі әлеуметтік-мәдени жағдайды ескере отырып, қазіргі қоғам дамуының үрдістеріне сәйкес келетін студенттердің мінез-құлық мәдениетін қалыптастырудың міндеттерін шешу қажеттілігі; функционалдық сауаттылық ұғымының әлеуметтік мәні; бастауыш сынып оқушыларын оқыту және тәрбие беру жүйесінде нанотехнологиялардағы жетістіктерді білім жүйесі ретінде пайдалану мәселелері; іргелі және қолданбалы сипаттағы білімді меңгерген жеке тұлғаның қалыптастыру аясында оқушыларды оқытудың жаңа бағыттарын дамыту мүмкіндіктері және т.б.

Білім беру дамуының қазіргі кезеңі адами фактордың басым болуымен, мұғалім тұлғасына назар аударудың күшеюімен, оның

әлеуметтік-өнегелі дамуының қажеттілігімен сипатталады, сондықтан мұғалімнің жеке тұлға ретінде қалыптасуы, педагогтың әдістемелік құзыреттілігі мәселелері қарастырылған, мұғалімдердің кәсіби қызметінің алғашқы жылдарында әдістемелік құзыреттілігі дамуының үлгісі берілген зерттеулер ерекше назар аудартады. Шығармашылық қызметтің психофизиологиялық ерекшеліктері, педагогтардың ғылыми ізденістерге зерттеу құзыреттілігі, болашақ мамандардың креативтілік деңгейін анықтау жайында зерттеулер де қызығушылық тудыратыны анық.

«Оқытудың қазіргі әдістемесі мен технологиясы» атты айдарда «Оқу үрдісінде қашықтан оқытудың қазіргі заманғы технологиясы ретінде бейнебақылауды пайдалану» атты мақаласы ерекше назар аудартады. Бұл мақалада ресейлік Мәскеу мемлекеттік қатынас жолдары университетінің тәжірибесінде жоғары оқу орны жағдайында бейнебақылауды қолдана отырып қашықтан емтиханды қабылдау әдістемесі ұсынылып отыр.

Кредиттік технология бойынша білім алатын студенттердің өздік іс-әрекеті дағдыларын қалыптастырудың моделін қарастырған мақала оқырмандардың қызығушылығын арттырады.

«Жаңа форматтағы біліктілікті көтеру курстарында мұғалімдердің консерватизмін жеңіп шығу кезінде формативтік бағалау» атты мақалада алыс және таяу шетелдерде мектеп білім беру жүйесіне талдау жасалып, олардың сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін жақсарту факторлары анықталады және мұғалімдердің консерватизмін оқыту үрдісінде жеңіп шығудың жолдары талданады.

«Гуманитарлық» физикалық есептерді құрастырудың ерекшеліктері» атты мақалада Қырғыз Республикасының орта мектептерінде физиканы оқыту мәселелері зерттеліп, Қырғызстанның кейбір ғалымдарының диссертациялық зерттеулерінің нәтижелері сипатталып, физиканы оқытудағы есептерді шешудің рөлі мен орны анықталып, физика бойынша «гуманитарлық» есептерді құрастырудың ерекшеліктері көрсетілген.

Педагогика тарихы үшін Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Яссауи, Асан қайғы, Құнанбай

қажы, Шоқан төре және ағарту саласының басқа әйгілі қайраткерлері жайында келтірілген мәліметтер, сонымен қатар, өскелең ұрпаққа білім беру және оны тәрбиелеу мәселелері қарастырылған Құрбанғали Халидидің «Тауарих хамса шарки (Бес халықтың тарихы)» кітабы туралы деректер маңызды болып табылады. Өз заманында әйгілі қайраткерлердің мінездемесі, рухани сұлулығы, батылдығы, қиын өмір жағдайларында дұрыс шешім қабылдай білу қасиеттері қарастырылған мақалалар оқырмандардың қызығушылығын арттырады.

Құрметті оқырмандар! Журналдың редакциялық кеңесі журналымыздың осы саны Сіздердің кәсіби қызығушылықтарыңызды арттыратындығына сенім білдіреді және сіздерге жаңа 2015 жылы денсаулық, береке және шығармашылық табыстар тілейді!

Құрметпен,
бас редактор



С.Ж. Пірәлиев

УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ!

Тематика и проблематика работ представленных в четвертом номере журнала за 2014 год полиаспектна и традиционно освещает современные проблемы методологии, общей педагогики и психологии, прикладные аспекты педагогической, психологической науки и воспитания подрастающего поколения, а также проблемы частной дидактики, освещающие актуальные вопросы методики и технологии обучения конкретным учебным дисциплинам.

В рубрике «Современные проблемы образования» рассматриваются следующие вопросы: необходимость решения задачи формирования культуры поведения студентов, которые соответствовали бы тенденциям развития современного общества с учётом социокультурной ситуации в мире и стране; социальная сущность понятия функциональной грамотности; проблемы использования достижений в нанотехнологии как системы знаний в системе обучения и воспитания учащихся начальных классов; возможность развития новых направлений обучения учащихся в контексте формирования нового типа личности, обладающего знаниями фундаментального и прикладного характера и др.

Современный этап развития образования характеризуется возрастанием приоритета человеческого фактора, усилением внимания к личности учителя, необходимости его социально-нравственного развития, поэтому особого внимания заслуживают исследования, раскрывающие проблемы становления и формирования личности учителя, методическую компетентность педагога, где приводится модель развития методической компетентности учителей в первые годы профессиональной деятельности. Интересны исследования психофизиологических особенностей творческой деятельности, исследовательской компетентности у педагогов к научным изысканиям, социальной компетентности, диагностирования уровня креативности будущих специалистов.

В рубрике «Современные методики и технологии обучения» заслуживает внимания статья «Видеоконтроль как современная технология в учебном процессе дистанционного обучения», в которой представлена методика проведения

дистанционного экзамена с видеонаблюдением в условиях высшего учебного заведения на примере российского Московского государственного университета путей сообщения.

Интересна модель формирования навыков самостоятельной деятельности студентов, получающих образование по кредитной технологии.

С анализом системы школьного образования в странах дальнего и ближнего зарубежья можно ознакомиться в статье «Формативное оценивание в преодолении консерватизма учителей на курсах повышения квалификации нового формата», в которой выявляются факторы улучшения их качества и конкурентоспособности и анализируются пути преодоления консерватизма учителей в преподавании и обучении.

В статье «Особенности разработки «гуманитарных» физических задач» исследована проблема обучения физике в средних школах Кыргызской Республики, описаны результаты диссертационных исследований некоторых ученых Кыргызстана, показаны роль и место решения задач в обучении физике и представлены особенности разработки «гуманитарных» задач по физике.

Для истории педагогики важны сведения приведенные о Юсуфе Баласугуни, Кожа Ахмете Яссауи, Асане кайгы, Кунанбае кажы, Шока не торе и других известных деятелях просвещения, о книге Курбангали Халиди «Тауарих хамса шарки (История пяти народов)», в которой изложены вопросы образования и воспитания подрастающего поколения, а также характеристики известных в своё время деятелей, свидетельствующие об их нравственной красоте, мужестве и достойном поведении в сложных жизненных ситуациях.

Уважаемые читатели! Редакционный совет журнала надеется, что настоящий выпуск журнала вызовет живой профессиональный интерес и приглашает к творческому сотрудничеству в новом 2015 году и желает Вам здоровья, благополучия и успехов!

С уважением,
главный редактор



С.Ж.Пралиев

ӘОЖ 37

Р.Қ. ДҮЙСЕМБІНОВА, Ж.Т. БЕЙСЕМБАЕВА

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
add22@mail.ru
Талдықорған қ., Қазақстан

СТУДЕНТТЕРДІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аннотация

Қазақстанда жүріп жатқан күрделі әлеуметтік-мәдени өзгерістер жағдайында білім беру туралы мемлекеттік құжаттарда көрсетілгендей болашақ мұғалімдерді кәсіби іс-әрекетке даярлаудың жаңа сапасына ерекше назар аударылуда. Мақалада студенттердің қоғамның заманауи даму тенденцияларына сай келетін студенттердің мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру міндеттерінің шешімін іздестіру қажеттігі қарастырылған.

Түйін сөздер: мінез-құлық, мораль, мінез-құлық мәдениеті, мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру.

В условиях сложных социокультурных перемен, которые происходят в Казахстане, особое внимание уделяется новому качеству подготовки будущих учителей к профессиональной деятельности, как указывается в государственных документах об образовании. В данной статье рассматривается необходимость решения задачи формирования культуры поведения студентов, которые соответствуют тенденциям развития современного общества.

Ключевые слова: характер, мораль, культура поведения.

Annotation

In condition complicated social cultural change, which go on in Kazakhstan, especially to spare for attention of new quality training future teacher's for professional activity, for what indicating in public documents about education. In this documents make a note of necessity decision problem of forming culture of student's behaviour, which conform tendency to development modern society.

Keywords: character, morality, culture of behavior.

Біздің еліміздегі әлеуметтік-мәдени өзгерістер жағдайында жастардың болашақ кәсіби іс-әрекетке даярлау сапасына аса зор назар аударылуда. ҚР ресми құжаттарында мамандардың заманауи қоғам дамуының тенденцияларына сәйкес кәсібилігі және мінез-құлық мәдениеті қалыптасқан жеке тұлғасын қалыптастыру міндеттерін шешу қажеттіліктері атап көрсетілген.

Алайда бүгінгі таңда қоғамның кәсіби іс-әрекетін құндылықты бағдарлар және мінез-

құлық нормаларынан туындайтын мінез-құлық стратегиясын таңдай алуды жүзеге асыра алатын болашақ маман даярлаудың жаңа сапасына деген талаптары мен осы даярлыққа қажетті нақты бағдарланған білім бағдарламаларының жеткіліксіздігі; жоғары оқу орындарында кәсіби білім мазмұнының бәсекеге қабілетті болашақ маман даярлауға бағдарлануы мен мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру аспектілеріне жеткілікті көңіл бөлінбеуінің; болашақ маманның жоғары

жетістіктегі кәсіби даярлыққа деген қажеттігі мен жоғары санаттағы маманның белгісі ретіндегі мінез-құлық мәдениетінің маңыздылығына мән берілмеуі арасындағы қарама-қайшылықтар орын алуда.

Студенттердің мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру проблемасын қарастыру үшін ең алдымен мінез-құлық ұғымының мәндік сипаттамасын беру қажет. Кез келген индивидтің қол сермеулері, сөздері мен дене қимылдырынан байқалатын қылықтарының көрінісі мидың психофизиологиялық реакциясының күрделі жүйесі арқылы беріледі. Сөйтіп біздер мінез-құлықты құрайтын бірізді тізбектерден тұратын қылықтардың сыртқы нышанын бақылай аламыз. Мінез-құлықтың сыртқы көрінісі мінез-құлық мәнері (франц. тілінде-*maniere*) деп аталады. Бұл жерде тұқым қуалаушылық жолмен берілген гендік қабілеттер және тәрбие процесінде меңгерілген тәжірибе дағдылары көмегімен әрбір индивидтің жеке дара және айырықша мінез-құлық қалыптасады.

Адамның мінез-құлық, оның пікір-көзқарасы мен әрекеттері арқылы жеткізілетін күнделікті өмірде болып жататын қайсыбір жағдайларға қарай жасалатын қылықтары. Шын мәнінде, мінез-құлық индивидтің тіршілік етуіндегі өмір сүру әрекеттерінің көрінісі болып табылады. Мінез-құлық түрінде болуы мүмкін. Өмірдегі сан алуан жағдаяттарда тәрбиеліліктің дәрежесіне байланысты ізгілікті рахымшыл немесе зұлым, қалыптасқан салт-дәстүрлерге сәйкес немесе оған жат, үлгілі немесе жексұрын, сыпайы немесе дөрекі, тартымды немесе жәбірлеуші, игілікті немесе опасыз, отансүйгіш немесе сатқын, алдын-ала болжалынып себептелінген, терең ойластырылған немесе ойланбастан табан астында (спонтанды) байқалатын, белсенді (бастамашыл) немесе енжар, амалсыздан, әлеуметтік-пайдалы немесе қоғамға жат қылықты, көңілді немесе мезі қылатын, зердесіз ақымақ және т.б. көріністер байқалады.

Мінез-құлық мәдениетінің нормалары түрліше сипатталады: *әдептілік*-өзін қоршаған адамдармен өзара қарым-қатынас жасау процесіндегі тілектестікті жақсы ниет; *такт*

сақтау-сөйлесуде, жеке немесе қызметтік қатынастарда қатаң сақталуға тиісті шамалай білу сезімі; *сыпайыгершілік*- адамдардың жеке дара ерекшеліктерін анықтай алу және есепке алу іскерлігі; *қарапайымдылық*- керімсалдықты, бойкүйездікті болдырмау, қандай да бір жағдаяттарда өзінің бірегейлігін сақтап, өзіне тән емес рөлге бой алдырмау; *ибадаттылық*- әлеуметтік жағдайына қарай кімнің «жоғары», кімнің «төмен» екендігіне қарамастан қарым-қатынаста тұрпайы көргенсіздік жасамау; *міндеттілік* – адамның адалдығын, сенімге беріктігін паш ететін берген уәдесін орындау іскерлігі. Мәселен, күнделікті мінез-құлыққа қатысты өзге адамдарға сыйласымды қарым-қатынас әдептілікте, сыпайыгершілікте, такт сақтауда, өзгелердің уақытын бағалай білуде, берген уәдеде тұруда, ауыс-түйіс алғандарын уағымен қайтаруда, жасалынған келісімді дер кезінде және дәлдікпен жүзеге асыруда көрініс табады. Ал адалдық болса өзінің нышанында турашылдықпен, шыншылдықпен және айттайын деген ойын ашық әрі тиянақты жеткізе білу іскерліктерімен өлшенеді.

А.В. Бабичева, Е.В. Мирошниченко «мінез-құлық мәдениеті» дегенді адамның нақты сол қоғамда қалыптасқан және ұстанатын нормалар мен қағидаларға сәйкес қылығы деп түсіндіреді: ... мінез-құлық мәдениеті-әлем өркениетінің ажырамас бөлігі, жалпы адамзат мәдениетінің құрамдас бөлігі [1,32-37 б.].

Педагогикалық әдебиеттерде мінез-құлық мәдениеті ұғымына көптеген анықтамалар берілген. Бұл анықтамаларда ортақ тастықтармен бірге түрлі ұстанымдарға негізделген кең түрдегі пайымдаулар да кездеседі. Әдетте авторлар аталған феноменді кең және тар мағынада сипаттайды. Мәселен, А.Ф.Шишкин пікірінше «Мінез-құлық мәдениеті кең мағынада адамның әдеттері мен дағдыларының құрамдас бөлігіне айналған моралдық талаптардың жиынтығын қамтиды» [2,438 б.].

Л.В. Шульгин болса өзінің ғылыми мақаласында «мінез-құлық мәдениетін қоғамдық құрылымның талаптарымен және сол қоғамда жинақталған ерекше мәдени-мінез-құлық-

тылық құндылықтар мен нормалар және адамдардың іс-әрекеттерімен себептелінетін рухани мәдениеттің бір бөлігі», - деп санайды [3,16 б.]. Алайда бұл анықтамада «мінез-құлық мәдениеті» және «рухани мәдениет» ұғымдарының аражігі ашып көрсетілмеген.

Мінез-құлық мәдениетін тар мағынада пайымдауда авторлар көбінесе оның адамгершілік негіздеріне ойысып кететіндігі бақалады. Бұндай тенденция Г.В.Пархоменконың «Мінез-құлық мәдениеті» қандай да бір жағдаяттардағы ізгіліктілік және дүниетанымдық нормаларға сәйкес қылық ептіліктері мен дағдыларының болуымен шамаланатын белгілі бір қажеттіліктері мен әдеттері», - деген анықтамасында орын алған. Мұндай кеңейтілген пайымдау мінез-құлық мәдениетінің ерекшеліктерін түсіндіруде айқындық аңғартпайды [4,27 б.].

Р.Ә. Нұрмұхаметова, Б.А. Молдағалиев, С.А. Фейзулдаева, А.Б. Урбисина да дайындаған сөздікте: «Мінез-құлық (поведения) – адамның генетикалық ерекшеліктеріне байланысты болып, өмір жағдайларына сәйкес және олардың ықпалымен байқалып отыратын тұрақты психикалық ерекшеліктерінің жиынтығы. Мінез-құлық адамның өзіне, басқа адамдарға, тапсырылған іске қалай қарайтынынан байқалады. Ол оның бүкіл тәртібіне әсер етеді. Адамның мінез-құлқының бастапқы көрінісі - қылық. Мұнда тұлғаның беталысы, адамгершілік талғам-сенімі көрініс береді» [5,53 б.].

Мінез-құлық мәдениеті – адамның күнделікті мінез-құлықтың моралдық және этикалық нормаларының сыртқы әлпеті көрініс беретін іс-қылықтарының (еңбек етуде, тұрмыста, өзге адамдармен қарым-қатынаста) формаларының жиынтығы. Егер адамгершілік нормалары іс-қылықтарының мазмұнын анықтап, нені қалай істейтінін белгілеп ұйғаратын болса, мінез-құлық мәдениеті адамгершілік талаптарының нақты қалай жүзеге асырылатындығын, адамның мінез-құлқының сыртқы әлпеті күнделікті өмір ережелеріне айналып қандай болу керектігін және осы нормалар оның өмір сүру салтына табиғи түрде, емін-еркін қысылмай

қаншалықты ұласатынын ашып көрсетеді [6,130 б.].

Біздің пікірімізше, Педагогикалық энциклопедияда берілген мінез-құлық мәдениетінің мәнін нақты айқындап бере алады: «адамның адамгершіліктілік, этикалық, эстетикалық мәдениетіне негізделіп қалыптасқан және сол қоғамдағы жеке тұлғаның күнделікті іс-қылықтарының, әлеуметтік мәнді сапалық қасиеттерінің жиынтығы. Мінез-құлық мәдениеті бір жағынан қоғамның адамгершілік талаптары, ал екінші жағынан жеке тұлғаның меңгерілген іс-қылықтары мен әрекеттерінің бағыттаушы, реттеуші және бақылаушы қағидалары» [7,130 б.].

Бүгінгі жастар өздерінің уақыттарын көбінесе қоғамдық орындарда өткізеді. Қоғамдық орындардағы мінез-құлық мәдениеті сол ортада орныққан белгілі бір тәртіп мәнерін, жалпы қабылданған қатынас амалдарын, нормаларын сақтау арқылы қамтамасыз етіледі.

Сондықтан студент жастардың бұған дейінгі меңгерген мінез-құлық мәдениет дағдыларына сүйене отырып олардың жас және жеке дара ерекшеліктерін ескеру негізінде адамның қайсы бір этикалық мінез-құлық қағидаларының (сыпайыгершілік, құрбылары мен үлкендерге деген ұнасымдылықпен ықыласты зер салу, кішігірім қолғабыс жасау, қарым-қатынаста жылы шырайлы қабақ таныту және т.б.) мәні мен маңызын терең пайымдауға жол ашып отыру қажет.

ЖОО-дағы педагогтардың алдында студенттермен тәрбие жұмыстарын жетілдіру, қоғамда орныққан мінез-құлық нормалары мен ережелерін бойына сіңіру міндеттері тұр:

- жалпы адамзаттық құндылық ретіндегі мінез-құлық мәдениеті туралы студенттердің көзқарастарын кеңейту;

- адамдармен қарым-қатынас жасаудың маңызды шарты ретіндегі мінез-құлық мәдениетінің қалыптасуы қажеттігіне деген сенім арттыру;

- жағымсыз мінез-құлықты, мәдениетсіздікті және арсыздық пен көргенсіздікке бой алдырмау сезімін ұялату.

Аталған міндеттерді жүзеге асыруда бүгінгі жастардың мінез-құлық мәдениетін си-

паттайтын нормалар мен қағидалары негізге алынуы тиіс: *қоғамға қатысты мінез-құлық*: парыз, ар-намыс, ұят, абырой және жауапкершілік; *жақындарына, құрбыларына және туыс-туғандарына қатысты мінез-құлық*: ықыластылық, қайырымдылық, өзара көмек, сыйласымдылық, ілтипаттылық, мейірімділік.

Студенттердің мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру тетігінің теориялық негіздеріне сүйене, оны іске асырудың төмендегідей әдістері қолданылады: түсіндірме-иллюстративті, репродуктивті, мәселелік оқыту, шағын ізденушілік және зерттеу, жеке тұлғаның санасын тәрбиелеу әдістері, студенттердің мінез-құлық және қызметтік іс-әрекеттерін реттеу әдістері т.б.

Студенттердің мінез-құлық мәдениетін сипаттайтын қарым-қатынастың рационалды аясына әсер ететін жоғарыда жазылған әдістерден басқа жеке тұлғаның санасын тәрбиелеу, еліктету, сендіру арқылы іске асады (дәріс, әңгіме, түсіндіру, этикалық әңгімелесу, тәрбиелік жағдайлар сараптамасы, диспут, өзара насихаттау әдісі). Студенттердің мінез-құлық мәдениетіне сәйкес іс-әрекеттерін шыңдауға қажетті арнайы педагогикалық әдістерді (жаттығулар, педагогикалық талап, тапсырма, үлгі, өзіндік бағдарлау, өзіндік сараптама, өзіндік бақылау, т.б.) қолданған жөн.

Сонымен, осыған дейін студенттердің мінез-құлық мәдениетін қалыптастырудың әдістерімен қатар осы үдерісті ұйымдастыру формаларына көңіл аударайық:

- педагогикалық қызметтің қандай да бір түрін орындаушылардың саны бойынша: жеке, жұптық, топтық, ұжымдық;

- студенттердің мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға арналған оқыту түрлері бойынша: студенттердің оқытушымен өзіндік жұмысы, тәжірибелік және зертханалық сабақтар, дәрістер, элективтік курстар, курстық және дипломдық жұмыстар, кәсіби практика;

- аудиториядан тыс ұйымдастырылатын іс-шаралар түрлері: педагогикалық теория тақырыптары бойынша пікірталастар мен дискуссиялар, студенттердің шығармашылық топтарының жұмыстары, газеттер шығару, ғалымдардың қатысуымен педагогикалық теория

тақырыптарына арналған дөңгелек үстелдер, әртүрлі деңгейдегі конференциялар, интернет-конференциялар, педагогтардың кәсіби парызын атқаруына байланысты мәселелер бойынша ғылыми журналдардағы басылымдарды талқылау, педагогикалық теория мәселелерімен айналысатын ғалымдар еңбектерінің, кітаптардың сәйкес тақырыптары бойынша жасалынған студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерінің көрмесі, педагогикалық теория тақырыбы бойынша кураторлық сағаттар, ауызша журналдар және т.б.

Біздің пікірімізше, студенттердің мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруда аудиториядан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың тиімділігі кураторлар мен оқытушылардың педагогикалық мынандай төмендегідей шарттарды есепке алумен байланысты:

- студенттердің мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған аудиториядан тыс жұмыстар бірізді, өзара байланысты, әртүрлі формаларда ұйымдастырылатын тәрбиелік іс-шаралардың жүйесін қарастыруы;

- аудиториядан тыс жұмыстар мазмұнының студенттердің адамгершілік сана-сезімдерімен мәдениетті мінез-құлық әдеттерінің бірлігін қамтамасыз етуі;

- аудиториядан тыс жұмыстарда студенттердің мәдениетті мінез-құлық әдеттерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін, студенттерді тиімді адамгершілік қатынастарға кірістіретін жаттығулар жүйесін қолдану;

- студенттердің мінез-құлық мәдениетін меңгерудегі субъектілік позициясын күшейту;

- аудиториядан тыс жұмыстар студенттердің мінез-құлық санасын қалыптастырудың ерекшеліктеріне сай, оның ішкі және сыртқы ынталандырылуын дамыту, бүткіл білім беру аралығын (циклін) қамтитын болуы.

Зерттеу проблемамызға байланысты студенттердің мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруда аудиториядан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың кураторлар мен оқытушылардың педагогикалық шарттарының эксперименталдық-тәжірибелік жұмысын үш кезеңге бөліп қарастыру межеленді:

1-кезең – анықтау эксперименті: сауалнама, сұхбат, сұрақ-жауап, әңгіме, бақылау, байқау,

анкета т.б. әдістері арқылы жүзеге асырылды. Онда жүргізілген жұмыстың нәтижесі кейінгі жұмыстармен салыстыру үшін қорытындысы жасалып, пайыздық есебі шығарылады.

2-кезең – қалыптастыру эксперименті: аудиториядан тыс жұмыстар бойынша студенттің бойында талпыну, ұмтылу, қызығушылық, еліктегіштік, сыпайылық, мінез-құлықтылық, мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруда ұлттық тәрбиенің ғылыми-теориялық негізі туралы білім-білігін көтеру. Оның мәдениеттілігі, саналы іс-әрекеті, мінез-құлықтылығы, сыпайыгершілігі, имандылығы, қарым-қатынасы, рухани саулығы, оның қоршаған ортаға деген көзқарасын қалыптастыру көзделеді. Осы кезеңде ғылыми-теориялық негізінде кураторлар мен оқытушылардың педагогикалық әдістемелік нұсқаулар, арнайы курс бағдарламасы, түрлі дидактикалық әдістері ұсынылады.

3-кезең – бақылау, қорытындылау кезеңі, яғни зерттеу жұмысының нәтижесін көрсеткіштер арқылы пайыздық есеппен салыстырып, диаграмма арқылы дәлелді түрде қорытындылау. Осы үш кезеңде де міндетті түрде ғылыми-теориялық негізінде жасалған үлгінің (компоненттері, өлшемдері мен деңгейлері) мазмұны басшылыққа алынды.

Қорыта айтқанда, студенттердің мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды ұйымдастырудың формалары жоғарыда қарастырылған ұстанымдар талабына сәйкес және оның құралдары мен әдістерін ұштастыра отырып жүргізгенде және педагогикалық практиканың мүмкіндіктерін пайдаланған да ғана тиімді. Әйтпесе, оларды қолдану фор-

мальды түрде, кездейсоқтық үстем алып, студенттердің санасы мен сезіміне ойдағыдай әсер етпесе, тіпті жағымсыз жағдай тудыруы да мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Бабичева А.В., Мирошниченко Е.Е. Воспитание культуры поведения у молодежи средствами культурно-досуговой деятельности [Электрондық қор]. – Кіру тәртібі: <http://www.scinceforum.ru>, еркін кіруге болады.

2 Шишкин А.Ф. Человеческая природа и нравственность. – М.: Мысль, 1979. – 267 с.

3 Шульгин Л.В. Использование методов поощрения и наказания в семье как методов стимулирования поведения и деятельности ребенка [Электрондық қор]. – Кіру тәртібі: <http://www.scinceforum.ru>, еркін кіруге болады.

4 Пархоменко Г.В. Основы процесса нравственного сознания и поведения личности старшеклассника. Дисс. ...докт.пед.наук. – М., 1997. – 356 с.

5 Нұрмұхаметова Р.Ә., Молдағалиев Б.А., Фейзулдаева С.А., Урбисинова А.Б. Педагогика: Сөздік. Оқу құралы. – Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, 2009. – 112 б.

6 Словарь по этике. Под ред. И.С. Кона. Изд. 3-е, – М., Политиздат, 1975. – 392 с.

7 Педагогический энциклопедический словарь / Гл.ред. Б.М.Бим-Бад: Редкол.: М.М. Безруких, В.А. Болотов, Л.С. Глебов и др. – М.: Большая Российская энциклопедия, 2002. – 528 с.: ил.

С.А. ЖОЛДАСБЕКОВА, Н.Б. БЕКТҰРҒАНОВ

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
Шымкент қ., Қазақстан

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Аннотация

Бұл мақалада функционалдық сауаттылық ұғымының әлеуметтік маңызы қарастырылды, сондай-ақ негізгі белгілері мен қалыптасу жағдаяттары сипатталды.

Түйін сөздер: функционалдық сауаттылық, ғылыми әлеует, білім технологиялары, тұлға күзiреттiлiгi.

В данной статье рассматривается социальная сущность понятия функциональной грамотности, а также обозначены основные признаки и охарактеризованы возможные условия формирования функциональной грамотности.

Ключевые слова: функциональная грамотность, научный потенциал, образовательные технологии, компетентность личности.

Annotation

In this article the social essence concept of functional literacy is considered, and also the main signs are designated and possible conditions of formation of functional literacy are characterized.

Keywords: functional literacy, scientific potential, educational technologies, competence of the personality.

«Бакыт жолы тек білімнен табылар» деп ғалым Ахмет Игүнеки айтқандай, ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлырақ болуына ықпал ететін, адамзат қоғамын алға апаратын күдірет күші тек – білімде. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы – оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, дамуына тікелей байланысты.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша бес жылдық ұлттық жоспарды қабылдау жөнінде нақты міндет қойды. Еліміз үшін маңызды болып табылатын осы стратегиялық міндетті шешу жағдайында тұлғаның ең басты функциялық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби

жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады [1].

Сондай-ақ, тек әлеуметтік өмірге ғана емес, білім саласына да маңызы зор «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты елбасы Жолдауында да білім беру саласындағы басымдықтар айқындалды. Білім беруді жаңарту – оқушы білімін ғана емес, оларды қолдану дағдыларын, атап айтқанда, функционалдық сауаттылығын қалыптастырады. Оқушылардың бойында өзіндік білім алу, талдау, құрастыру, қоғамдық өмірде өзін-өзі жан-жақты таныту үшін білімін пайдалана білу дағдыларын қалыптастырады және қоғамға пайда келтіреді [2].

Білім берудегі сауаттылық мәселесі, біріншіден, нақты бір елдегі халықтың әлеуметтік жағдайына, екіншіден, мемлекеттің экономи-

калық дамуына, үшіншіден, елдегі мәдени ахуалға тәуелді болатындығы айқын. Бүгінгі өркениеттің даму деңгейі білімділік пен сауаттылық ұғымдарының мазмұны мен оны түсінудің сара жолдарын іздестіруді қажет етіп отыр. Ғылыми еңбектерде сауаттылық ұғымының белгілі бір деңгейде ана тілінің грамматикалық нормаларына сай оқу, дұрыс жаза алу дағдыларын игеру екені байқалады. Әйтсе де адамның өмір сүруіне қажетті деп танылып, меңгеруге ұсынылған бастауыш мектеп деңгейіндегі белгілі бір білім, білік пен дағдылардың жиынтығы (оқу, жазу, санау, сурет салу және т.б.) ретіндегі тілдік сауаттылық қазіргі кездегі әлеуметтік сұраным талаптарымен сәйкес келе бермейді. Сауаттылық ұғымының нақты мазмұны дара тұлғаның дамуына қойылатын қоғамдық талаптарға байланысты құбылмалы сипатқа ие болады. Ол қарапайым оқу, жазу, санау біліктіліктерінен бастап, адамның әлеуметтік үдерістерге саналы түрде қатысуына мүмкіндік беретін, қоғамдық қажеттігі айқын кешенді білімдер мен біліктерден құралатын функционалдық сауаттылықты меңгеруді де қамтиды. Қазіргі әлемдегі, еліміздегі өріс алып отырған түрлі бағыттағы дамулардың әсерінен қоғамның адамға қоятын талаптарының өзгеруі нәтижесінде функционалдық сауаттылық ұғымы кең тарала бастады. Функционалдық сауаттылық ұғымы оны білім берудің әрекеттік аспектісімен бірлікте алғанда ғана кеңейе түседі.

Функционалдық сауаттылық – тұлғаның әлеуметтік-қоғамдық ортада қарым-қатынас әрекетінің түрлерін (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім, іс-әрекет) өзінің мақсатына қарай еркін қолдана алу мүмкіндіктерінің қалыптасқан жүйесі. «Функционалдық сауаттылық» – ұғымы өткен ғасырдың 60-жылдары ЮНЕСКО құжаттарында пайда болды және кейіннен қолданысқа енді. Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламада анық көрсетілген. Осы бағдарламаны басшылыққа ала отырып,

ҚР Үкіметінің 2012ж. 25 маусымдағы №832 қаулысымен «Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған Ұлттық іс-қимыл жоспары» бекітіліп орыс төңеректе жұмыстар атқарылуда. Ұлттық жоспар – білім сапасын жетілдірудің негізгі бағдары, мен мақсат, міндеттер нақты қойылған, ағымдағы жағдайды талдау, мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту тетіктері, білім стандарттарын, оқу бағдарламалары мен жоспарларын жаңарту, оқыту нысандарын, әдістері мен технологияларын жаңарту, мектеп оқушыларын оқыту нәтижелерін бағалау жүйесін дамыту, ата-аналардың қатысуын қамтамасыз ету, қосымша білім беруді дамыту, күтілетін нәтиже қажетті ресурс нақты көрсетілген. Осы ұлттық жоспарды іске асыру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша жалпы үйлестіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ұстаздардың алдында тұрған міндет: табысты және әрекетке дайын қабілетті, әлеуметтік рөлін сезінетін құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Жалпы құзіреттіліктің сипатына беделді пікір айтуға мүмкіндік беретін білімді игеру деген түсіндірме берілген. Тұлға құзіреттілігін дамыту – ұстаздың құзіретті тәсілдерді меңгертуі, білім беру мазмұнын жетілдіру. Ол үшін баланы субъект ретінде қарап, оқу ісіне өзінше қызықтыратын, оған қабілетін арттыратын жағдай туғызу керек. Оның бастысы – оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушының оқудағы іс-әрекеті арқылы ойлау дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу, әрекет ету. Мақсатқа жету оқушының өзі арқылы іске асады. Мұғалім – бағыт беруші, ұйымдастырушы. Америка ғалымдары Джинни Стилл, Куртис Мередит, Чарлз Темпл жасаған «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» жобасының оқушы құзіреттілігін дамытуда маңызы зор.

Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау, өз бетімен және бірлесіп шығармашылық

жұмыс жасау. Бұл жобаның тиімді әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы оқушы өз ойын еркін жеткізуге, пәнге қызығушылығы оянып, талдау жұмыстарын жүргізе білуге үйренеді. Оқушылардың сабаққа қызығушылығын оятқан әдістер арқылы өз ойларын топта, ұжымда талдай бастайды.

XX ғасырдың 60-70-жылдары орын алған әлемдік білім дағдарысы халықтың функционалдық сауаттылығына ауыр да, қатал әсерін тигізді. Мамандардың айтуынша, тіпті бұл дағдарысқа міндетті білім алу шарасы ғасыр бойы жүргізіліп келе жатқан дамыған елдер де ұшыраған. Ресми дерек бойынша, 90-жылдары АҚШ-та 25 миллион функционалды сауатсыз адам тіркелген.

Ал 2007 жылы АҚШ-тың Ұлттық комиссиясы төмендегідей сандық мәлімет келтірген: ересек американдықтардың 23 миллионы сауатсыз болса, оның ішінде 40 пайызы – жастар. 2009 жылы Еуропалық Одақтың мәлімдеуінше, Польша мен Германиядағы мектеп жасындағы балалардың 40 пайызы әдеби мәтінді түсінуге қиналатындығы дәлелденген.

Голландияда 250 мың жалпы сауатсыз (тұрғындардың 1,5 пайызы) және 1,3 миллион (тұрғындардың 7,9 пайызы) функционалдық сауатсыз адам тіркеліпті. Орта мектепті тәмамдаған ирландиялық жастардың 25 пайызы функционалдық сауатсыз көрінеді. Ал ирландықтардың 20 пайызы тек қана қарапайым мәтіндерді ғана оқып-жаза алады екен. Мұның өзі ел тұрғындарының 45 пайызын құрап отыр. Бұлар мектептен білім алса да, қызмет жасауға келгенде қарапайым жазу үлгісін білмейтіндігін көрсеткен.

Тіпті олар банк немесе сақтандыру компаниясының берген бланкісін толтыра алмай, ондағы ақпараттың мәнісін түсіне алмапты. Бір қызығы, олар теледидарда не айтылып жатқанын, жалпы айтқанда, күнделікті өмірдің есебін білмейтін болып шыққан. Соның салдарынан жұмыссыздық, өндірістегі апат, жазатайым оқиғалар, жарақат алулар көбейіп кеткен. Жалпы, барлық зерттеушілердің болжамы бойынша адамдардың сауатсыздық деңгейінің төмендеуі, оларға дұрыс білім беріп, тиянақты оқытпаудан, оқырман болу-

ға үйретпеуден болған көрінеді. Немқұрайдылық, сақтанбау, ұқыпсыздық, байқаусыздық, апаттар: мұның бәрі ережені дұрыс оқымағандықтан, түсінбегендіктен, санаға сіңірмегендіктен орын алып отыр. Бұл жағдайды алғаш байқап, мәселе ретінде көтергендер – әскерилер. Бірақ, өкінішке орай, салалық сауатсыздықтың шырмауығы тек білім алуға мүмкіндігі болмағандарды ғана емес, тіпті (ең қорқыныштысы да осы) мектеп пен жоғары оқу орнын тәмамдағандарды да шырмап алған [3].

Қазақ маманы С.Раевтың пікірінше, сауатсыздық дерті адамға кішкентай кезінен бастап жұғады екен. Әсіресе, бүлдіршінді жазу мен оқуға баули бастаған 1-ден 3-сыныпқа дейінгі аралықта пайда болады. Яғни, үшінші сынып оқушысы ешқашан кітапханаға бармаса, оқулықтан басқа ешқандай кітап оқымаса – тағы бір болашақ сауатсыздың дүниеге келгені. Ғалымдардың айтуынша, 8-сыныптан бастап оқушылардың 60 пайызының өз бетімен оқып-жазуға деген ынтасы жоғалады екен. Тіпті түлектердің үштен бірінің оқуға мүлдем құлқы болмайтын көрінеді. Сараптама нәтижесіне көз салсақ, білім құрылымдарының білім алушыларды қоғамдық-шығармашылық өмірге араласуына бағытталмағанын байқаймыз. Басқаша айтқанда, дәлел бар да оны іске асыру жоқ. Жылдам өзгерістер және ақпараттар ағымының артуы жағдайында іргелі пәндік білім алу, білімнің міндетті, бірақ жеткілікті мақсаты бола алатындығы дәлелденді.

Қазіргі ақпараттық қоғам барлық типті оқу орындарының, оның ішінде, орта білім беретін мектептер алдына мынадай міндеттер қояды:

- қажетті білімді өз бетінше ала отырып, пайда болған сан алуан мәселелерді шешу үшін оларды тәжірибеде біліктілікпен пайдалануға, өзгеріп отырған өмір жағдайларына оңай бейімделуге;

- дербес сыни тұрғыда ойлай білуге, пайда болған мәселелерді көре білуі және жаңа технологияларды пайдалана отырып, оларды шешудің тиімді жолдарын табуға, өзінің алған білімдерін қоршаған ортада қай жерде

қалай пайдалануға болатынын саналы түрде түсіне білуге;

- ақпараттармен сауатты жұмыс жасай білуге (ақпараттарды іздеу, өңдеу, ой елегінен өткізу, қолдану, сақтау және тарату);

- әр түрлі әлеуметтік топтарда коммуникабельді, тез тіл табыса алатындай болуға, кез келген жанжалды жағдайларды болдырмауға немесе ондай жағдайлардан біліктілікпен шыға алуға;

- адамгершілік қасиеттерін, интеллектісін, мәдени деңгейін дамыту бойынша өз бетінше жұмыс жасауға қабілетті бітірушілерді дайындау, т.б.

Қазіргі таңдағы әртүрлі сауаттылыққа өзіне тән функционалды сауаттылық сәйкес келеді. Сауаттылықтың мынадай түрлері бар:

а) жалпы мәдени – жаратылыстану, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша, сонымен қатар тарих және қазіргі көркем мәдениет бойынша білімнің болуы;

б) іс-қимылдық – жай адамдық қасиеттердің нормалары, қызметтік және басқа да этика, жағдайға қарай іс-қимыл жасау туралы білім және оларды түсіну;

в) әдіснамалық – теориялық білім мен әлеуметтік тәжірибенің интеграциясы негізінде

білімді және өмірді түсінуді терең меңгеру. Соңғы сауаттылық басқалардың негізі болып табылады;

г) әлеуметтік-коммуникативтік – басқаларды түсіне білу, сөйлеу тілі арқылы және басқалай берілетін «тілдерді» түсіну, өзара түсіну дағдылары және бірге іс-қимыл жасау;


д) технологиялық – кәсіптік қызмет саласында мәселелерді тиімді және құзыретті шеше білу қабілеті;

е) экономикалық – шаруашылық қызметтердің теориялық білім негіздерін, экономикалық байланыстар мен қатынастың негізін түсіну; нақты қаржылық-экономикалық жағдайды талдай білу;

ж) азаматтық-құқықтық – кең қоғамдық аспектіде өз құқықтарын және міндеттерін білу және түсіну;

з) саяси – билік пен мемлекеттің әлеуметтік табиғатын түсіну, жалпы істерді жүргізу және ортақ мүддені қорғау туралы ептілік және дағдылар [4].

Әдебиеттерге талдау жасау арқылы біз, функционалды сауаттылықтың мынадай түрлерге жіктейміз.



Сурет 1. – Функционалды сауаттылық түрлері

Мұның өзі еліміздегі білім беру жүйесінің бұрынғы қалпында қала алмайтындығын, оның әлемдік тәжірибелерді негізге ала отырып даму қажеттігін көрсетеді.

Оқушыларының функционалды сауаттылығын арттыруда болашақ технология пәні мұғалімдерін кәсіби даярлаудың педагогикалық шарттары (оқу сабақтарын жобалауда

және оны өткізуде оқытудың технологиялық, әдістемелік және ақпараттық бағыттарын анықтайтын болашақ мұғалімдердің кәсіби әрекетінің үлгісін ұстану; оқытудың мақсатын диагностикалау арқылы анықтау; оқу материалының мазмұнын сұрыптау мен құрылымдауды оқыту мақсатына қарай іріктеу; оқытуды бақылау мен өңдеуде түрлі деңгейдегі тесттерді қолдану; оқу үдерісінде ақпараттық оқыту құралдарды ретімен енгізе отырып жоспарлау; оқыту бағдарламаларының сценарийін құрастыру; оқу материалдарын дайындауда, кәсіби іс-әрекетке қызықтыру мен ынталандыруды ескеру; олардың іс-әрекетіне талдау жасау, нұсқаулар ендіру) жоғары сынып оқушыларының функционалды сауаттылығын арттыруды қамтамасыздандырады.

Қорыта келгенде, функционалды сауаттылық ұғымы – білім берудің жеке тұлғаны қалыптастырудағы әлеуметтік бағдарлануы депайтуғанегізбар. Қазіргі тезөзгермелі әлемде функционалды сауаттылық – оқушының әлеуметтік мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық фактор ретінде қарастырылады. Содан болар мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың жыл сайынғы Жолдауында «функционалды сауаттылықты арттыруды» негізгі тапсырма

етіп жүктеуі, осы мәселеге баса назар аударуы бекер емес. Сондай-ақ, оқыту барысында кең қолданылатын түрлі білім технологияларының қоғамдық-саяси өмірмен интеграциялық байланысы жөніндегі пікірімізді елбасы сөзімен түйіндесек, «білім беруде тек қана оқытумен ғана шектелмей, оны керісінше, әлеуметтік адаптация процесіне бейімдеу қажет».

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы (2012 жылы 22 қаңтар).

2 Капуова С.С. Оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыру – білім алу факторының бірі. – Атырау, 2013.

3 Кәрімова Б. Функционалды сауаттылықты арттыру – уақыт талабы. – Астана, Республикалық «Оқулық» ғылыми педагогикалық орталық – 2013.

4 Жобалау және зерттеу қызметі негізінде 12 жылдық білім беру жағдайында оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 45 б.

Н.А. ИСКАКОВА, Д.Б. КАИМОВА

*Казахский национальный медицинский университет
им. С.Д. Асфендиярова
г. Алматы, Казахстан*

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИГР И ЗАНИМАТЕЛЬНОГО МАТЕРИАЛА ПРИ ОБУЧЕНИИ РУССКОМУ ЯЗЫКУ ИНОСТРАННЫХ СТУДЕНТОВ

Аннотация

В статье рассмотрены игровые формы работы при обучении русскому языку как иностранному, активизирующие речь учащихся в рамках определённых тем и способствующие развитию, совершенствованию речевых навыков и умений.

Ключевые слова: русский язык, качество знаний, речевые способности, форма обучения, познавательный процесс, речевое взаимодействие, лексический запас.

Мақалада орыс тілді шет тілі ретінде үйретуде белгілі тақырыптар шеңберінде және де сөйлеу дағдылары мен біліктіліктерін дамытуға және жетілдіруге ықпалын тигізетін жұмыстың ойын нысандары ұсынылады.

Түйін сөздер: орыс тіл, білімнің сапасы, сөздің зейіндері, тәлім-тәрбиенің пішіні, танымдық үдеріс, сөздің әрекеттестігі, лексикалық қор.

Annotation

The article is devoted to stimulate students' interest in learning, the development of speech skills. Presented the game corresponding to the initial stage of learning the Russian language.

Keywords: russian language, the quality of knowledge, verbal ability, a form of learning, cognitive process, speech interaction, vocabulary.

Дальнейший анализ научных исследований позволил выявить отличный взгляд на составляющие методической компетентности учителя. Автором этих исследований является А. Зубков, который выделил следующие элементы методической компетентности учителя: методическое мышление, методическую культуру и методическую творчество. Двум первым составляющим автор предпочитает в развитии методической компетентности учителя. По мнению автора, методическое мышление - это мышление, обеспечивающее умение преподавателя применять имеющиеся знания для реализации целей воспитания и обучения в соответствии с методической теории и конкретных условий обучения. Оно проявляется в способах постановки и решения педагогических задач стратегического, тактического и оперативного плана.

Методическая культура, по мнению А.Зубкова, служит интегрированным показателем эффективности труда учителя. В свою очередь, ее нужно понимать как высшую форму активности и творческой самостоятельности, как стимул и условие совершенствования учебного процесса, как предпосылку для возникновения новых методических идей и путей их решения. Методическая культура учителя выступает как субъектный аспект его профессиональной деятельности, как способность обобщать методический опыт в своей деятельности. А методическое творчество рассматривается им как мастерство, и искусство, обусловленное индивидуальностью

учителя, умением формировать и развивать знания, заинтересовать учеников наукой [4, с. 89-92].

Наиболее важным направлением составляющих развития личностного компоненту методической компетентности учителя является развитие его методического мышления и методической культуры. О. Зубков, исследуя составляющие методической компетентности педагога, выделил следующие ее элементы: методическое мышление личностного компонента, методическую культуру деятельностного компонента и методическое творчество познавательного компонента. Двум первым составляющим автор предоставляет преимущество в развитии методической компетентности учителя.

Изучение психолого-педагогической литературы дало возможность проанализировать содержание составляющих. Мы установили, что методическое мышление - это мышление, что обеспечивает умение педагога применять имеющиеся знания для реализации целей воспитания и обучения в соответствии с методической теории и конкретных условий обучения. Под методическим мышлением педагога мы понимаем особенности мыслительной деятельности, обусловленные характером и видом профессионального труда. Методическое мышление педагога не следует отождествлять с философским, логическим и даже общепедагогическим. Методическое мышление – это определенное видение педагогом процесса конструирования и организации обучения по своему предмету, видение обучающегося в контексте изучения им учебной дисциплины и т.п. Методическое мышление педагога – явление многоуровневое, т.к. в нем отражаются конкретные установки, психолого-педагогические знания, профессионально-личностные качества, способы умственных и практических действий.

При этом мы установили, что главное в методической работе - рациональная и эффективная организация деятельности учащихся с целью оптимального обучения, воспитания и развития личности каждого из них, что интеллект у человека един и едины механизмы

мышления, но различны формы мыслительной деятельности, поскольку различны задачи, стоящие в том и другом случае перед умом человека.

Специфика методического мышления педагога определяется тем, что это не только познавательный, но и конструктивно-преобразовательный процесс. Важнейшей чертой этого вида мышления является осмысление каждой учебно-воспитательной ситуации, оперативный выбор и реализация оптимального варианта ее решения в рамках методической культуры педагога.

Такие исследователи как Г.Абросимова, В.Бенин, И.Исаев, Н.Седова и ряд других считают, что методическая культура формируется при максимальном проявлении творчества. Методическая культура: это и мастерство, и искусство, обусловленные индивидуальностью учителя, умением формировать и развивать знания, заинтересовать будущих учителей наукой.

Практика последипломного образования показала, что важнейшей характеристикой личности является ее направленность, а наиболее существенным показателем профессиональной направленности педагога предстает осознание им своей деятельности как непрерывного процесса решения педагогических задач с целью развития личности обучающегося. Если иметь в виду методическую работу педагогов, то здесь особую роль играет сформированность методического мышления.

Поэтому наряду с такими качествами, как целенаправленность, концентрированность, гибкость, объективность, решительность, научность, диалектичность, логичность, особую роль в решении педагогом мыслительных задач играет творческий характер мышления. Анализ научных источников показал, что структура педагогического мышления включает производительное, аналитическое, репродуктивное, творческое и методическое мышление. Основными составляющими методической компетентности является творческое и методическое мышление. Практика и опыт показали, что основными показателями развития методической компетентности педа-

гогов может служить уровень развития методического и творческого мышления, что проявляется в способах постановки и решения учебно-профессиональных задач управления обучения и воспитания личности.

На это указывал еще К.Ушинский, подчеркивая, что педагогическая деятельность – один из видов искусства, которое требует от педагога высоко развитого творческого мышления.

Иначе говоря, особенности методического мышления обусловлены также общей стратегией педагогической работы, ее «сверхзадачей», которая заключается в том, чтобы включив обучающегося в деятельность и общение, сделать его субъектом этой деятельности.

Необходимо подчеркнуть, что понятие «методическое мышление» отражает не только особенности мыслительной деятельности педагога, но и профессиональную специфику его восприятия, внимания, воображения, памяти, а также особенности его эмоционально-волевой сферы. Уровень развития методического мышления позволяет охарактеризовать степень методической компетентности педагога.

Таким образом, педагог, сочетающий в себе методическое мышление, методическую культуру и методическое творчество, способен создавать новые инновационные методические продукты, необходимые педагогической общественности. Сочетание всех этих качеств позволяет утверждать, что в учителя сформирована методическая компетентность, он ориентируется в изменениях, которые происходят в это время в образовании.

Это дало нам возможность обосновать, что именно в современных условиях развития образования в Украине происходит переоценка методической работы специалистов системы образования. Постепенно создаются новые модели методической службы, отвечающие запросам современного общества. Появляются новые направления и формы, качественно меняется содержание, выявляется такая тенденция, как вариативность и разноразность этой деятельности в зависимости от запросов и готовности учебных заведений.

В исследовании мы представили разные точки зрения учёных относительно составляющих методической компетентности педагога. Так, Т.Загривня и ряд других исследователей выделяют методическую работу как приоритетный фактор становления методической компетентности, что является важной составляющей профессиональной компетентности педагога [3]. Зато А.Столяренко, рассматривая методическую сторону работы педагога, указывает на то, что по старой традиции она сводилась к методам обучения, которую он анализирует так: «Позже стали говорить о методике работы, методической работы, а в последнее время все больше о педагогичной технике, педагогических технологиях, методических системах» [8, с. 15]. Учёный отмечает, что методическая система образовательно-педагогического процесса призвана предоставить возможность движения субъектов, средств и условий этого процесса, направить в нужное русло и эффективно их реализовать.

Это нам дало возможность проанализировать содержание учебного аспекта методического образования в системе последипломного образования и отметить, что оно реализуется в организационных формах обучения, которые характеризуются дидактическими целями, составом группы слушателей курсов повышения квалификации областных институтов последипломного педагогического образования, местом их проведения, продолжительности, содержанием деятельности учителя и ученика.

Практика в контексте такого подхода в системе последипломного образования показала, что методическое образование педагогов предполагает его личностное и методическое развитие. Ведущими объектами личностного развития педагога является критическое мышление и личностные качества; методического развития – методическая культура и образовательная самостоятельность.

Изучение и анализ психолого-педагогической литературы предоставили возможность прийти к определению, что методическая компетентность педагога является

совокупностью его методических знаний, навыков, умений и индивидуальных, субъектных, личностных качеств, которая функционирует как способность адаптировать, организовывать, исследовать и контролировать обучающий, познавательный, воспитательный и развивающий аспекты учебно-воспитательного процесса.

Если рассматривать форму методической компетентности учителей в системе последипломного образования, то под ней понимается процесс развития личности учителей в методическом плане на основе обобщения коллегиального методического опыта и профессиональной мобильности. Форма методической компетентности является процессом изменения ее в движении от одного уровня к другому, которая обосновывает следующие уровни: практико-имитирующий, комбинирующе-продуктивный, научно-творческий [6].

Практико-имитирующий уровень развития методической компетентности характеризуется достаточно высокой результативности педагогической деятельности, мобильностью психолого-педагогических знаний.

Комбинирующе-продуктивный уровень развития методической компетентности связан с предоставлением самим авторам возможности распространить свой опыт путем ознакомления с ним педагогической общности. В плане развития методической компетентности именно общение и передача опыта выступает как стимул для приобретения перспективного педагогического опыта на основе интеграции теории и практики.

Научно-творческий уровень развития методической компетентности предполагает, что перспективный педагогический опыт выступает как образец эффективной работы по реализации проекта профессиональной деятельности, предложенного педагогической наукой.

Чем быстрее учитель адаптируется к ней, тем больше качественных методических продуктов он создаст для педагогической общности. Если учитель открыт для ознакомления коллег со своим опытом, опытом освоения инноваций и сам готов знакомиться

с инновационным опытом других коллег, то можно говорить о развитии профессиональной мобильности методической компетентности.

Итак, на основании изучения и анализа научных источников, мы рассматриваем методическую компетентность как главную составляющую профессиональной компетентности, что обеспечивает способность распознавать и решать методические задачи, возникающие в ходе педагогической деятельности педагогов. Ее структуру определяют методическое мышление, методическая творчество, методическая культура, которая формирует разные формы методической профессиональной мобильности педагогов.

Результатом развития методической компетентности педагогов должны стать достижения лучших результатов профессиональной деятельности, основанных на появлении нового (личностного) опыта, потребности педагогов в непрерывном обучении в системе последипломного образования.

Перспективу дальнейшего исследования этой проблемы мы видим в определении педагогических условий развития методической компетентности педагогов и сформированности её уровней в системе последипломного образования.

ЛИТЕРАТУРА

1 Адольф В.А. Профессиональная компетентность современного учителя: Монография / В.А. Адольф. – Красноярск : КГУ, 1998. – 310 с.

2 Бігич О.Б. Теорія і практика формування методичної компетенції вчителя іноземних

мов в початковій школі: навчальний посібник. / О.Б.Бігич. – К. : Ленвіт, 2006. – С. 11-32.

3 Загривня Т.А. Становление научно-методической компетентности педагогов в процессе профессиональной деятельности: дис. ... канд. пед. наук / Загривня Т.А. – СПб. : РГБ, 2006. – 178 с.

4 Зубков О.Л. Развитие методической компетентности учителей в условиях модернизации общего образования : автореф. дис. канд. пед. наук / А.Л. Зубков. – Екатеринбург, 2007 – 19 с.

5 Кузьминський А.І. Наукові засади методичної підготовки майбутнього вчителя математики / Кузьминський А.І., Тарасенкова Н.А., Акуленко І.А. – Черкаси : ЧНУ ім. Б.Хмельницького, 2009. – 320 с.

6 Нагрели О.А. Модель формирования методической компетентности учителей в системе повышения квалификации / Е.А.Нагрели // Интеграция методической (научно-методической) работы и системы повышения квалификации кадров: материалы IX Всеросс. науч.-практ. конф.: в 7 ч. – Ч. 5. – М.-Челябинск: Образование, 2009. – С. 60-63.

7 Скворцова С.О. Теоретична та практична готовність як складові методичної компетентності вчителя математики / С.О.Скворцова // Теорія та методика навчання математики, фізики, інформатики: збірник наукових праць. Випуск VIII; в 3-х томах. – Кривий Ріг : Вид.відділ НМеАУ, 2010. – Т. 1: Теорія та методика навчання математики. – С. 119-124.

8 Столяренко А.М. Психология и педагогика: учеб. пособ. для вузов. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2004. – 423 с.

М.К. БҰЛАҚБАЕВА, М.К. ЖУНИСОВА

*Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан*

КОУЧ МАМАНДЫҒЫНЫҢ БҮГІНГІ КҮНГІ МАҢЫЗЫ

Аннотация

Коуч (ағылш. coaching – оқыту, жаттықтырулар; coach – жаттығуды өткізетін маман) – психологиялық мәселелерді жоюда коуч-технологиясы арқылы көмек көрсететін әрі кеңесші, әрі даттықтырушы және мақсатқа жетудің, кез келген саладағы (карьера, қаржы, отбасы, қарым-қатынас, денсаулық, тұлғалық өсу) өмірдің тиімділігі мен сапасының нәтижелігін аттыруға септігін тигізеді. Коучинг технологиясы үш ғылымның өзара тығыз байланысымен жүеге асырылады: психологиялық кеңес беру, менеджмент (басқару білу ғылымы) және жаттықтырушы (білім беру ғылымы).

Түйін сөздер: «коуч» мамандығы, коучинг, коуч-технологиясы, оңтайландыру, ұтқыр, құзыреттілік, шығармашылық, табыстылық.

Коучинг (от англ. слова coach – тренер) – это относительно новое направление в психологии, заключающееся в консультировании с целью выявления потенциала, личностного роста, развития человека в различных сферах его жизнедеятельности и повышения качества жизни. И чтобы быть компетентным в большинстве вопросов, встающих перед современным человеком, возникло направление «коучинг» объединяющее в себе три науки – психологическое консультирование, менеджмент (наука управлять) и тренерство (наука обучать).

Ключевые слова: специальность «коуч», коучинг, технология-коуч, оптимизация, мобильность, компетентность, творчество, успешность.

Annotation

Kouzhinq (from the eng of word of coach is a trainer) is this relatively new direction in psychology, consisting in advising with the purpose of exposure of potential, personality height, development of man in the different spheres of his vital functions and upgrading of life. To be competent in most questions getting up before a modern man, there was direction of “kouzhinq” uniting in itself three sciences – psychological advising, management(science to manage) and тренерство(science to teach).

Keywords: speciality of koutsh, koutshinq, technologis-koutsh, optimization, mobility, competence, work, success.

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Қалыптасқан Қазақстан – мемлекеттілігіміздің, ұлттық экономикамыздың, азаматтық қоғамымыздың, қоғамдық келісіміміздің, өңірлік көшбасшылығымыз бен халықаралық беделі-

міздің дағдарыста сыналуы ..._шамшырақ сияқты біздің жолымызға сәуле шашып, алға басуға жігерлендірді» дей келе, мемлекетіміздің білімді де білгір, ұшқыр да ұтқыр мамандары болашағымыздың мықты тірегі болатындығын меңзеді [1].

Коучинг – бүгінгі күні сұранысқа ие жаңа ілім, сонымен қатар өмірде әрбір адамды толғандыратын мәселе болып табылады.

Коуч маманы сол кезде адамға кәсіби тұрғыда кеңес береді, жөн сілтейді. «Коуч» терминін ағылшын тілінен аударғандағы «жақындау», «бапкер» деген мағынаны білдіреді [2,93б]. Шет елдерде, тіпті жақын тұрған Ресейде коуч қызметі жақсы дамыған және бұл мамандықты арнайы курстарда оқып, үйренуге мүмкіндіктер бар. Жеке коуч отбасылық, тұрмыстық мәселелер бойынша кеңес берсе, оның басқа түрлеріне бизнес өкілдері, шығармашылықпен айналысатын тұлғалар, спортшылар жүгінеді.

Коуч – психологиялық мәселелерді жоюда коуч-технологиясы арқылы көмек көрсететін әрі кеңесші, әрі жаттықтырушы [2,93б].

Коуч технологиясына соңғы жылдары баса назар аударылып отыр. Мәселен, А.Н.Черкас «Коучинг – ақыл-ойдың дизайнері» деп анықтама берсе, И.Рыбкин «Коуч клиентке табысты болуына көмектеседі», Коучингтің негізін салушы Джон Уитмор «Біздің әлеует өзіміздің даралығымыз бен бірегейлігімізді оңтайландыру арқылы жүзеге асады», Марина Мелия «Коучинг өзінің шынайы «Менін» табу және жүзеге асыруға көмектеседі» дейді [2, 95 б].

Коучингтің негізін салушылардың бірі Томас Леонард коучқа төмендегідей анықтамалар берді:

- Жеке және кәсіби мақсаттарға жетудегі Сіздің әріптесіңіз.
- Өмірлік бұрылыстардағы Сіздің қорғаушыңыз.
- Сіздің қарым-қатынас жасау мен өмір дағдыларын жаттықтырушы.
- Сіздің шешім қабылдау процесіндегі жаман жақтарыңызды бейнелеуші.
- Мықты болу кезіндегі Сіздің мотивацияңыз.
- Сізге соққы берген кездегі Сіздің сөзсіз қолдаушыңыз.
- Тұлғалық дамудағы Сіздің тәлімгеріңіз.
- Жасампаз жобаны құрудағы Сіздің қызметтесіңіз.
- Теңіз дауылы кезіндегі Сіздің шамшырағыңыз.
- Сіз өзіңіздің ішкі дауысыңызды естімей қалған кездегі Сіздің оятушыңыз [3,21 б].

Ең бастысы кәсіби коуч – Сіз үшін маңыздыны табуға көмектесетін Сіздің әріптесіңіз **Коуч** (ағылш. coaching – оқыту, жаттықтырулар; coach – жаттығуды өткізетін маман) – психологиялық мәселелерді жоюда коуч-технологиясы арқылы көмек көрсететін әрі кеңесші, әрі жаттықтырушы және мақсатқа жетудің, кез келген саладағы (карьера, қаржы, отбасы, қарым-қатынас, денсаулық, тұлғалық өсу) өмірдің тиімділігі мен сапасының нәтижелігін аттыруға септігін тигізеді [3, 17б].

Жоғарыда коучке берілген анықтамалар мен түсініктемелерге сүйене отырып, болашақ педагог мамандықты таңдаудағы маңызы бар екендігіне көз жеткізуге болады. Осыған орай, коуч мамандығына қысқаша түсінік бере кетейік.

Коучинг – оңтайлық және табыстылық психологиясына негізделген психологиялық кеңес берудің жаңа бағыты. Коучинг философиясының негізіне төмендегідей қағида жатыр: әрбір адам өмір сүруге, іс-қимыл жасауға және игеруге қабілетті. Коуч кеңес және қатал нұсқаулар бермейді, тек қана клиентпен бірге мәселелерді шешеді және өзіндік ой-толғанысын оятады.

Коучинг психологиялық кеңестен мотивациясы арқылы ерекшеленеді. Психологиялық кеңес беру және психотерапия қандай да бір симптомдардан арылуға бағытталады, ал коучпен жұмыс істеу белгілі бір мақсатқа жетуді, өмір мен жұмыста жаңадан жағымды қалыптасқан нәтижелерді болжайды.

Коучингтің кеңес берудің барлық түрлерінен коуч жетекшісінің негізінде клиенттің өзінің әлеуетін жүзеге асырумен ерекшеленеді. Әрбір адамның әлеуетінің шегі жоқ және коучтің міндеті – клиентке өз мүмкіндіктерін ашуға көмектесу.

Бұл мәселемен шұғылданатын маманның ерекшелігіне қатысты коучингті қолдану аспектілері бойынша бірнеше түрге бөлінеді:

- өзінде кәсіби мүмкіндік бағасы, құзыреттілік бағасы бар, мәнсапты жоспарлау, даму жолын таңдау, жұмыс іздеуді алып жүруді меңзейтін карьерлік коучинг;
- бизнес-коучинг компанияның мақсатына жетудің неғұрлым тиімді жолдарын іздесті-

руді ұйымдастырады; жұмысты компания жетекшілері мен қызметкерлер командасымен өткізеді;

- лайф-коучинг адам өмірінің барлық саласын (денсаулық, өзін-өзі бағалау, өзара қарым-қатынас) арттыруға бағдарланған жеке жұмысымен аяқталады.

Коучингке оқыту форматы бойынша (телефон және интернет арқыды) күндізгі және сырттай, қатысушылар бойынша – жеке және топтық болып бөлінеді. Жеке коучинг компанияның топ-менеджерлері мен жетекшілерін дамыту, менеджерлердің жаңа қызметке бейімделуін қолдау, дарынды қызметкерлердің дамуын жылдамдату үшін қолданады.

Коуч жұмысы проблема мен жағдаяттарды жалпы талдау мақсатында клиентпен алдын-ала кеңес өткізуден басталады. Сосын кезеңдерді өлшеу, мақсат қою және сабақтар мен кездесулердің санын анықтау болады.

Негізінде, *коучинг 4 базалық кезеңдерден тұрады*: мақсат қою; шынайылықты тексеру; жетістікке жету жолдары; жетістік (еркіндік кезеңі).

Бұл мәселемен шұғылданатын *мамандықтың жетістіктері*:

- қызықты шығармашылық жұмыс;
- көмек нәтижелерінен қанағат ала отырып, адамдардың шынайы проблемаларын шешу мүмкіндіктері;
- шынайы мақсаттар қойып, сол мақсаттарға жете алу;
- тұрақты кәсіби жүзеге асыру қажеттілігі және мұнымен қоса – тұлғалық өсу мүмкіндігі;
- күнделікті өмірде психологиялық саладағы өзінің білімдерін қолдану мүмкіндігі;
- өзін тану және өзгерту, қоршаған ортаның жағдайына өзінің қарым-қатынасы.

Бұл мәселемен шұғылданатын *мамандықтың кемшіліктері*:

- рухани шаршау;
- клиенттің дүниетанымын қабылдауындағы және міндетті түрде пайдалы кеңес беруге талпынысындағы қиындықтар;
- клиенттің проблемасына өзінікіндей күйзелу.

Коуч мамандығын таңдаған тұлғаның жұмыс орны да өзіндік ерекшеліктерге ие:

- коучинг-сервис қызметін ұсынатын ұйымдар;

- HR-ірі компаниялар бөлімі;

- жеке практика.

Коуч мамандарына ие дара қасиеттерін төмендегідей көрсетуге болады:

- жоғары ортақ және эмоционалды интеллект;

- қарым-қатынас және адамдармен аралас білу;

- белсенді өмірлік көзқарастар;

- тыңдай білу және құлақ асу біліктілігі;

- жауапкершілік;

- бақылаушылық;

- эмоционалды тұрақтылық;

- оңтайлық және өз күшіне сену;

- креативтілік;

- басқарушы мен бизнесмендер неғұрлым жиі кездестіретін қиындықтарға төтеп бере алу.

Негізінен, психоаналитиктер сияқты коуч жұмыстараның жалақасы сағат бойынша есептеледі. Тарифтеу жаттықтырушының тәжірибесіне, кәсібилігіне, танымалдығына байланысты.

Коучтің кәсіби іс-әрекеті тұлғаның ішкі әлемімен байланысты. Сондықтан коуч психологиялық дипломы болуы қажет. Дегенмен, психологиялық білімнің болуы жеткіліксіз. Болашақ коучке коуч-сеанстар әдістемесін оқытатын; коуч-сессиялардың ерекшеліктерінен, кезеңдері мен құрылымдарынан білім алатын; психологиялық сараптамалар тәсілдері мен тұлғаға әсер етуге қатысты білім беретін қосымша арнайы курстарды аяқтауы қажет.

Ресейдің ірі қалаларында (Мәскеу) коучинг бойынша өзіндік өкілдері бар: бірінші Кәсіби Коучингтік Ұлттық Академия, Халықаралық Коучинг Орталық, Халықаралық Эриксондық Коучингтік Университет (Ресейлік өкілі), Психотерапия және клиникалық психология Институтының коучинг мектебі.

Бүгінгі күні Қазақстанда коуч технологиясын оқып-үйрену және коучті мамандық ретінде насихаттау мақсатында іс-шаралар өтуде. Мәселен, «Step&Grow» коучинг академиясының Бас директоры, сертифи-

катталған коуч және ICF мүшесі Галия Хамитова: «Коучинг адамға өз әлеуетін, қабілетін ашуға мүмкіндік береді. Коучинг кеңес бермейді, адамның өз сауалына жауапты өзі табуына көмектеседі. Оның жеке өмірде, кәсіби салада жоғары нәтижеге қол жеткізуіне жол ашады» [4,Б.1-2]. Ал Питерсен Импарте компаниясының Орталық Азия мен Моңғолиядағы өкілдігінің басшысы, кәсіби коуч Давид Машуровтың айтуынша, Қазақстанда бұл жаңа бизнес емес, көптеген халықаралық және ұлттық компанияларда қазірдің өзінде табысты қолданылып жатыр [4, 2б].

Қорыта келе айтарымыз, ТМД елдерінде коучингпен шұғылданатын мамандар көп емес (бірнеше мыңдаған ғана). АҚШ-та жүз мыңдаған мамандар бар. «Коучинг» бағыты адам өмірінің жылдамдығы мен өзгерістері артқан сайын уақыт талабымен сұранысқа ие болып отыр. Себебі, жаһандану заманында адам әрі жылдам, ақылды, мықты болуы

тиіс, өзгеріп отыратын ортада тез бейімделе алуға, өзін-өзі белсенді түрде дамыта алу қабілеттеріне ие болуы қажет. Коучинг технологиясы үш ғылымның өзара тығыз байланысымен жүзеге асырылады: психологиялық кеңес беру, менеджмент (басқару білу ғылымы) және жаттықтырушы (білім беру ғылымы).

ӘДЕБИЕТТЕР

1 ҚР Президенті – елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 14 желтоқсан, 2012.

2 Бехмер С. Эффективный коучинг: развитие внутреннего потенциала и личностный рост //Менеджмент. – М., 2007.

3 Леонард Т. Коучинг – психология саморазвития и гармонии. – М., 2011. – 101 с.

4 http://www.kz/kz/page/page_posenta

ӨОЖ 80/81

Б.Т. ҚАБАТАЙ, А.Ш. НҰРМАҒАМБЕТОВА

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Магистратура және PhD докторантура институты
Алматы қ., Қазақстан*

КӨПШІЛІК АЛДЫНДА СӨЙЛЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация

Мақалада топ алдында сөйлеудің теориялық аспектілері сипаттала отырып, Цицеронның «шешен болып шығады» деген пікірді дәлелдеу, соның шындығына көз жеткізу тұрғысында айғақтар келтірілген.

Түйін сөздер: күнделікті дайындық, мақсатын тұжырымдау, жоспар, кіріспе, қорытынды, пікірталас, пікіралмасу, ойталқы, ойбөліс, сөзталас, айтыс.

В статье даётся оценка теоретическим аспектам особенности речи перед аудиторией, доказывается высказывание Цицерона «ораторами становятся», приводы и взвешивая все доводы.

Ключевые слова: ежедневная подготовка, цель, план, заглавие, заключение, дискуссия, дебаты, рассуждение, обмен мнениями, полемика, обсуждение, айтыс.

Annotation

This article describes the theoretical aspects' description of speaking in front of the group, while discussing it argues the mention "will become an orator" (Cicero), given the true facts which prove the veracity of those facts.

Keywords: daily preparation, to choose a subject, a purpose reasoning, the plan, the title, the conclusion, discussion, debate, a reasoning, an exchange of opinions, polemic, discussion, aytys.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баулу – білім жүйесінің міндеті» деп тәрбиедегі табыстарға өткеннің тәжірибесін игергенде ғана қол жеткізуге болатындығы атап көрсетілген [1]. Бұл болашақ мұғалімге сөз өнерін игертуде қазақ шешендерінің тәжірибесін құрал ретінде пайдалануға итермелейді.

Риторика ғылымының тәжірибесі көпшілік алдында сөйленетін сөздің, яғни шешеннің міндеті:

- Тыңдаушыларды сендіру;
- Рахаттану, ләззатқа бөлеу;
- Толқытып тебірену екендігін көрсетеді.

Римдік шешен М.Т. Цицерон шешен адам үш түрлі болады дейді:

Айтылмақ ойын қатаң тәртіппен, байыпты талдаумен, «салқын қандылықпен» ұсынатын шешен;

Аудиторияның сезіміне әсер етуді мақсат етіп, белгілі ассоциациялар тудыратын көркемдеуім – бейнелеуіш элементтерді көбірек пайдаланатын қызуқанды шешен;

Ретіне қарай жоғарыдағы екі стилдің де элементтерін шебер қолданатын шешен [2]. Кез келген адам шешен бола ала ма? Осы сұрақтың төңірегінде талас пікірлер бар. Біреулер ол Алланың берген сыйы, таланты, жаратылысында болады десе екіншілер шешенге қажетті дамытумен, тәрбиелеумен, көп оқумен жетуге болады дейді. Дегенмен римдік шешеннің Марк Тулий Цицеронның «Ақын болып туады, шешен болып шығады» деген пікірін ұмытпағанымыз абзал. Шешен болу үшін көп оқып, көп іздніп, көп сөйлеп жаттығып, күш – қуат жұмсаудың қажеттілігі өзінен өзі түсінікті. Әсіресе топ алдында сөлеу үшін шешеннің өзінің білімін көтеруі өте маңызды. Өзінің білімін көтеруі

дегеніміз: жаңа біліммен қарулану; ғылым мен техника салаларынан мәліметтер жинау; көркем әдебиетті және ғылым кітаптарды көп оқу; радио – телеарналардан хабарламалар алып отыру.

Көпшілік алдында сөйлеуге дайындық кезінде римдік шешен Марк Фабий Квинтиллианның «Шешеннің білімі туралы» трактатында келтірілген төмендегідей талаптар қатаң сақталуы тиіс:

- Материал жинау;
- Материалды орналастыру;
- Ой-пікірлерді дұрыс сөйлету;
- Еске сақтау;
- Жеткізу, орындау.

Дайындық сөйлейтін сөздің тақырыбына, сөйлеудің мақсаты мен міндеттеріне, аудиторияның құрамына т.б. тікелей байланысты.

Тақырып анықтау. Тақырып ең алдымен өзекті әрі қызықты болуы шарт. Оның нақты, айқын болуына көңіл бөлінуі тиіс. Тақырып жалпылама әрі түсініксіз болса, тыңдаушыларды қызықтырмайды, кері әсерін туғызады. «Тақырып – өнер туындысының ірге жолы» деп З.Қабдолов айтқандай, көркем туындының туу үрдісі тақырыптан басталады.

Мақсатын тұжырымдау. Сөйлеуші сөзінде «не үшін істеу керек» дегенді ойламаса, онда ол сөйлегенде табысқа жетпейді.

Айқын мақсат қоя білу шешендік сөзді қабылдауды жеңілдетеді; тыңдаушылардың назарын аударуға көмектеседі.

Ақындығын әлеуметтік қызметке жетектеген ұлы Абайда:

«Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан – сауық ойда жоқ әуел баста-ақ»,-

деп өз өлеңдерін жазудың мақсаты ұйықтап жатқан көңілдерді оятып, өнер-білімге ұмтыл-

дыру, мылқау жандарға тіл бітіру, соқыр кеудеге сәуле, надан өмірге үлгі-өнеге шашу деп білді [3]. Сөздің құрылымын түзуде алдынала жоспар құру қажет-ақ. Жоспар дегеніміз – мазмұнның қысқаша бағдарламасы, жинақталған, содан кейін сұрыпталған материалдардың орналасу тәртібі. Жоспар құрып сөйлемеген шешендер көп жағдайда негізгі тақырыптан ауытқып кетеді, ой желісі бұзылады, бір мәселеден екінші мәселеге жүйесіз көшіп кетеді. Осыны болдырмау үшін шешен сөйлер алдында жоспар құру керек. Жоспарда бір тақырыптың төңірегінде қозғалатын мәселелердің қайсысы негізгі, қайсысы көмекші екенін ажыратып, неден кейін нені айту керектігі, әр мәселеге қанша минут бөлу қажеттігі ескеріледі. Жоспар жасап алғаннан кейін шешен сөйлейтін сөзінің құрылымын түзеді. Ауызша және жазбаша сөйлеудің ең көп таралған құрылымы үш бөліктен тұрады: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды. Әрбір бөліктің өзіндік ерекшелігі бар. Ғалымдардың айтуынша, сөйлеудің басы мен аяғы көпшіліктің есінде жақсы сақталады, сондықтан сөйленетін сөздің кіріспесі мен қорытындысына ерекше көңіл бөліну керек.

Кіріспе. Шешен сөзінің басында тыңдармандарын қаншалықты қызықтыра алса, соншалықты табысқа жетеді. Кіріспе сөз сәтсіз болса, тақырыпқа тыңдармандардың қызығушылығын, көңілін аударма алмайды. Кіріспеде тақырыптың өзектілігі, тыңдаушылар үшін маңыздылығы, айтылу мақсаты атап өтіледі және сөйленетін тақырыптың тарихы қысқаша баяндалады. «Тыңдаушылардың көңілін аударатын тәсілдердің бірі – оларға сұрақтар қою. Дана Абай қара сөздерінде әуелі бастырмалатып сұрақ қойып алады да, сосын негізгі айтпақ ойына көшеді емес пе? Мысалы «Оныншы сөзінде»: Біреулер құдайдан бала тілейді. Ол баланы не қылады? Өлсем орнымды бассын дейді, артымнан құран оқысын дейді, қартайған күнімде асырасын дейді. Осыдан басқасы ма? – деп Абай сөзін бастайды. Сөзінің кіріспесі негізгі бөлімде талданбақ ойдың жоспары секілді. Әркімнің көңілінде жүрген, бірақ дұрыс шешімін таппай жүрген мәселелерді алдымен көңіл аудар-

ту үшін санамалап айтып алады да, айтпақ ойына ойысады» [4].

Атақты шешендердің айтуынша, бірінші сөз, не сөйлем бәріне түсінікті, қарапайым, қызықты болуы шарт. Абайдың сөзді «біреулер құдайдан бала тілейді» деп бастауы, әрине, қызықты, елең еткізерлік тосын, барынша түсінікті. Қызықты да соны кіріспе табу оңай емес, ол үшін көп жұмыс істеу керек, іздену керек.

Негізгі бөлім – Сөйлеушінің міндеті тек тыңдаушылардың назарын аударып ғана қою емес, сол қызығушылықты сөздің аяғына дейін сақтау. Сондықтан сөйленетін сөзді негізгі бөлімі де маңызды. Негізгі бөлімде материалдардың негізгісі беріледі: мазмұны түсіндіріледі, дұрыстығы дәлелденеді, ұсынылатын идеяға көз жеткізіледі, басты-басты сауалдарға жауап беріледі. Негізгі бөлімге енген материалдар жүйелі орналасқанда, бір ой екінші ойды жетектеп отырады. Сол тірек сөздер арқылы мәтіндегі ойлар бір – бірімен паралельді не тізбекті байланысқа түседі. «Оныншы сөздің негізгі бөлімінде Абай кіріспедегі әрқайсысы бір-бір сауал етіп ұсынылатын мәселелерге талдау жасайды, құптамайтын көзқарасын риторикалық сұрақтармен жеткізіп отырады, жақсы мен жаманды өмірден алынған мысалдармен дәлелдейді. Құдайдан не үшін бала тілейді деген тірек фраза арқылы ойлар бір-бірімен паралельді байланысқа түседі. Оқырман енді шешуі не болар екен деп ойланады. Негізгі бөлімдегі идеяларды Абай жан-жаққа шашыратпай, тірек ой (бала тілеу) арқылы логикалық жүйелілікті сақтайды және паралель байланысқа түскен пікірлерді бірізділікпен, біріңғай тәсілдермен (сұраулы сөйлемдер, шартты бағыныңқылы, қимыл – сын бағыныңқылы сабақтастар, т.б.) баяндайды.

Қорытынды сөз – Кез келген сөйлеудің маңызды бөліктерінің бірі – қорытындысы. Қорытынды істің біткенін көрсетеді. Сенімді әрі сәтті жасалған қорытындыда сөз тыңдаушылардың есінде ұзақ қалады, жақсы әсер тудырады. Сәтсіз қорытынды жап-жақсы сөйленген сөздің шырқын бұзады. Қорытындыны кіріспеде айтылған әңгімемен

байланыстырған жөн. Кіріспе мен қорытындыда айтылған сөз жұрттың есінде ұзақ қалады дедік. Сондықтан қорытындыда шешен кіріспедегі айтылған мақсатқа қайтып оралады, негізгі бөлімде айтылған ойлардың түйінін шығарады.

Көпшілік алдында сөйлеуге дайындықта ескеретін тағы бір нәрсе – сөйлеу мәтінін жазу, жазбау мәселесі. Сөйлеу мәтінін алдын ала жазу немесе жазбау керекпе деген сұрақ ертеден-ақ шешендер арасында талас туғызған. Ежелгі грек, рим шешендері жазып дайындалуды дұрыс деп тапқан. Цицерон да, Демосфен де жазып дайындалған сөздің әбден ойланып – толғанудан туындайтынын, жүз рет пішіп, бір рет кескен тұжырымға сүйенетіндіктен шешеннің қателесуіне жол бермейтінін алға тартады. Тіпті Демосфен дайындықсыз жұрттың алдына шықпаған, жиналыста отырған халық Демосфеннен шығып сөйлеуді жалынып өтінсе де алдын – ала ойланып жазып дайындалмағандықтан, орнынан да тұрмаған. Себебін ол халыққа былайша түсіндіреді: «Кімде – кім сөзін алдын - ала дайындаса, сол – халыққа нағыз берілген, шын мәнінде халық үшін қызмет ететін жан, ал көпшілік сөзімді қалай қабылдайды дегенге немқұрайды қараушылық – сендіруді емес, күшпен көндіруді мақсат еткендік» [5].

3. Қазіргі шешендікте сөйлеу монолог және диалог түрінде болады. Монологтық сөйлеу – қазақ шешендерінің толғау, ақыл, өсиет, бата, тілек, үндеу түрінде ертеден қолданылып келе жатқан сөйлеу түрі. Монолог – бір кісінің сөйлеуі немесе ойы. Монологта автордың түйінді ой – тұжырымдары айтылып, көпшілікке талқыға ұсынылады. Сондықтан көп жағдайда монолог диалогқа айналады. Пікірталастың бірнеше түрі бар: пікір алмасу, ойталқы, пікірсайыс, ойбөліс, сөзталас, айтыс. Әрқайсысының өзіндік мақсаты мен ерекшеліктері бар. Мысалы:

Пікіралмасу – латын сөзі, беретін мағынасы «зерттеу», «талқылау», «талдау». Пікіралмасу көпшілік арасында өтеді. Мақсаты – әр түрлі әрекеттерді салыстыра зерттей отырып, шындық пікірді көрсету, талас мәсе-

ленің шешімін іздеп табу. Пікіралмасу – дұрыстыққа көз жеткізудің ең тиімді тәсілі, өйткені қатысқандар көздері жеткеншедіктен де бір пікірге өздері келеді.

Ойталқы сөзі де латын тілінен алынған, мағынасы – «ойжүгірту», «жарыссөз», «айтыс». Ойталқы – ғылыми және қоғамдық мәні бар тақырыптардың төңірегінде көпшілік арасында өтетін сөз жарысы. Мұнда да сөз жарысына қатысқандар белгілі бір пікірге тоқталады. Ойталқыға қатысқандардың пікірінде алшақтықтар, қарама-қарсы қақтығыстар бола береді. Бір нәрсе жайында әр түрлі көзқарас, әр қилы пікірлер негізінде ой өріліп отырып, талқыға түседі.

Ал пікірсайыстың табиғаты өзгешелеу. Оны бұл сөздің шығу төркіні де айқындайды. Пікірсайыс – көне гректің сөзі, мағынасы – «соғысқұмар», «жаулық», «дұшпандық». Әрине, бүгінгі мағынасы басқаша: бірденені талқылау мақсатында жиналыстарда, баспасөз беттерінде орын алатын сайыс. Бұл жай ғана сайыс емес, көзқарасқа қарсы тұрушылық, идеядағы бітіспестік, пікірдегі қарсылық. Осы анықтамалардан көріп отырғанымыздай, пікірсайыс, пікіралмасу, ойталқыдан бөлектенеді.

Пікірталастың ойбөліс, сөзталас, айтыс деп аталатын түрлері табиғаты жағынан бір-біріне жақын. Бұларда пікірталасына түскен адамдардың арасында сыйластық, түсіністік орын алады. Ойбөліс – француз сөзі, мағынасы – «айтыс», «сөзжарыс». Ойбөліс – көпшілік алдында екі адамның не екі топтың бірдене туралы ой – пікірлерін ортаға салуы. Ойбөлісте пікір қарама – қарсылығы болғанмен, түсіністікке негізделеді. Сөзталас – орыс сөзі, мағынасы бірденені, қандай да бір мәселені көпшілік арасында талқылау. Сөзталас, ойбөліс сияқты, баяндамаларды талқылағанда, хабарламалар жасағанда, жиналыстар мен конференцияларда орын алады. Ойбөліс екі адамның арасында да жүзеге асады. Айтыс екі адамның да, көпшілік арасында да жүзеге асады. Айтыс – қазақтың сөзі. Мағынасы – сөз жарысы, өнер сайысы.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ Республикасы «Білім туралы» заңы 1999.-11 маусым.
2 Адамбаев Б.Қазақтың шешендік өнері – Алматы, 2000.

- 3 Қыдыршаев А. Шешендік тану: Оқу құралы. – Орал, 2004.
4 Қосымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері. – Алматы, 2003.
5 Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы, 2000.

УДК 316.6

Р.О. КЕНЖЕТАЕВА

*Казахский экономический университет им. Т. Рыскулова
Кафедра «Рыночная инфраструктура»
г. Алматы, Казахстан*

**К ВОПРОСУ О ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ АДАПТАЦИИ ВЫПУСКНИКОВ
ДЕТСКИХ ДОМОВ К ОКРУЖАЮЩЕМУ МИРУ**

Аннотация

В статье освещаются существующие на современном этапе проблемы психологической адаптации выпускников детских домов к окружающему миру. Определяются основные механизмы и критерии социально-психологической адаптации личности выпускников-детских домов.

Ключевые слова: адаптация, психологическая адаптированность личности, депривация, критерии адаптации выпускников детских домов.

Мақалада балалар үйінің түлектерінің қоршаған ортаға бейімделу туралы қазіргі кездегі мәселелері қарастырылады. Балалар үйінің түлектерінің әлеуметтік-психологиялық бейімделуінің негізгі бағыттары мен критерийлері анықталады.

Түйін сөздер: бейімделу, тұлғаның психологиялық бейімделуі, депривация, балалар үйінің түлектерінің бейімделу критерийлері.

Annotation

In the article the problems of the psychological adaptation of the graduates of orphanages to the surrounding peace existing in the present stage are illuminated. Defines the basic mechanisms and criteria of social and psychological adaptation of personality of children's homes.

Keywords: adaptation, psychological adaptation, deprivation, criteria of adaptation of children's homes.

Вситуации серьезных социально-экономических перемен, происходящих в обществе и государстве, проблема адаптации выпускников государственных интернатных учреждений (детские дома, спец.школы-интернаты для детей-сирот), их интеграции в общество становится особенно актуальной.

Психологическая адаптация личности – это процесс гармонизации внутренних и внешних условий жизни и деятельности личности и среды. При этом уровень внутреннего, психологического комфорта личности может быть показателем психологической адаптированности личности, который определяется

сбалансированностью положительных и отрицательных эмоций человека и степенью удовлетворения его потребностных состояний [1].

Сегодня в детских домах и специальных школах-интернатах Республики Казахстан воспитываются более 70 тысяч детей, оставшихся без попечения родителей.

Существующая система работы с воспитанниками-сиротами в государственных интернатных учреждениях зависит от множества факторов социально-психологического, объективного и субъективного характера и не всегда способствует успешной адаптации их личности. Имея глубокие исторические корни, современное воспитание воспитанников-сирот в детских домах в силу различных причин оказалось не в состоянии эффективно решать проблему их социализации и адаптации. Причины психологического нарушения адаптации воспитанников-сирот в условиях детского дома многообразны.

Во-первых, основная часть воспитанников-сирот имеет неоспоримо негативную наследственность, в частности, наследственную отягощенность алкоголизмом, а в последние годы и наркоманией, происходит постоянное увеличение количества сирот, страдающих врожденной психической и неврологической патологией.

Вторым патогенным фактором, который проявляется у более старших воспитанников-сирот, является комплекс социальных, педагогических и психологических вредностей в бывших родительских семьях. Среди форм неправильного воспитания типичными для социального сиротства являются безнадзорность и гипоопека.

Третьим, и, пожалуй, одним из наиболее мощных патогенных и дезадаптирующих факторов для ребенка является сам насильственный отрыв его от родительской семьи и помещение в детское специализированное учреждение [2].

Выделяют два направления причин трудностей в адаптации выпускников детских домов. Выяснилось, что одни носят объективный характер (внешние по отношению к адаптации), вторые – субъективный характер

и связаны с личностными характеристиками (т.е. внутренние причины).

Исходя из вышеизложенного, обозначим основные психолого-педагогические проблемы выпускников детских домов:

1. Врожденно-наследственные факторы и анатомо-физиологические нарушения центральной нервной системы (наследственная отягощенность алкоголизмом, наркоманией и т.д.).

2. Проблемы внутриутробного развития ребенка: вынашивание нежелательной беременности потенциальными «отказницами», искажение жизненно важного взаимодействия во время внутриутробного развития между матерью и ребенком, нарушение сенсорных, обменных, гуморальных связей между ними.

3. Воздействие различных видов депривации (материнская, двигательная, сенсорная, психическая, эмоциональная, социальная).

4. Насильственный отрыв от семьи и помещение в интернатное учреждение.

5. Недостатки организации образовательно-воспитательного процесса в закрытых интернатных учреждениях для детей-сирот.

По проблеме развития воспитанников-сирот в интернатных учреждениях, отметим важный факт: психическое и личностное развитие носит специфический характер, формируются специфические черты характера, поведения личности, имеют место различные психические нарушения, обусловленные ранней социальной и психической депривацией. В то же время, специфика психологического развития воспитанников-сирот в интернатных учреждениях не определяется по критерию «норма и патология». Все особенности развития воспитанников-сирот определяются теми условиями, в которых они живут.

Указанные факторы снижают эффективность процесса постинтернатной адаптации воспитанников-сирот, результатом чего является низкий уровень их адаптации, социальной активности, компетентности, искажения ценностной сферы. Здесь правомерно говорить о своеобразном, нетипичном пути развития сирот в интернатных учреждениях и складывании особой личностной направленности

– депривированной. Эти обстоятельства, на наш взгляд, наглядно показывают, что воспитанники-сироты детских домов являются «группой высокого риска» по различным отклонениям и нарушениям в развитии и поведении. Главную особенность современной адаптации выпускников детских домов составляют: иждивенчество, трудности в общении, инфантилизм, перегруженность отрицательным опытом, негативными ценностями и образцами поведения. Они испытывают большие трудности с устройством на работу и получением жилья.

В обеспечении жилой площадью нуждаются сотни выпускников интернатных учреждений. Хотя государство гарантирует выпускникам-сиротам жилье и прописку, многие из них реально этого получить не могут. Как часто случается, дом либо уже перепродан, либо отдан за долги. Выпускники-сироты проходят все ступени «жилищной социализации»: обращение в судебные органы, администрацию города, в различные структуры социальной защиты, комиссию по жилищным вопросам. Зачастую происходит возврат в асоциальную обстановку, к лицам лишенных родительских прав, страдающим алкоголизмом, наркоманией, ведущим аморальный образ жизни, психически больным, а также в жилые помещения, не отвечающие санитарным и техническим требованиям. Кроме того, криминальные элементы, недобропорядочные лица путем обмана, злоупотребления доверием сирот добиваются совершения ими сделок по обмену, приватизации и последующему отчуждению занимаемых жилых помещений или ухудшению их жилищных условий. Не обеспеченные в срок жилым помещением, они вынуждены жить в интернатных учреждениях, общежитиях, а зачастую становятся и лицами без определенного места жительства. Все это ведет к росту числа лиц, утрачивающих постоянное место жительства, занимающихся бродяжничеством, попрошайничеством, проституцией и совершением правонарушений.

Как правило, выпускники-сироты испытывают трудности при устройстве на работу.

Еще одной серьезной проблемой является проблема получения образования. Выпускники детских домов, школ-интернатов ограничены как в свободе выбора учебного заведения, так и в возможности поступления, несмотря на имеющиеся льготы. Поступить в высшие учебные заведения, особенно на престижные специальности, сиротам практически невозможно. Вышеперечисленные трудности социального характера обусловлены, на наш взгляд, всем негативным опытом предыдущей социализации выпускников-сирот.

При разработке критериев адаптации выпускников детских домов мы опираемся на ее признаки, выделяемые А.В. Мудриком, а также на личностные особенности сирот, бывшие условия воспитания и проживания в асоциальной семье и в детском доме.

Первый критерий – сформированность профессиональных намерений. Второй критерий – сформированность социально-бытовых умений и навыков. Третий критерий – сформированность культуры межличностных и социальных отношений. Четвертый критерий – сформированность навыков здорового образа жизни и самопринятия [4].

Таким образом, механизм социально-психологической адаптации личности выпускников-детских домов – единый процесс деятельности, общения, самосознания. В сфере деятельности у выпускника в постинтернатный период происходит расширение видов деятельности, ориентация в каждом ее виде, ее осмысление, освоение, овладение соответствующими формами и средствами деятельности; расширение сферы самостоятельности и компетентности.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Андреева Д.А. О понятии адаптации // Человек и общество. – М., 2003. – С. 64-65.
- 2 Шибутани Т. Социальная психология. – М., 2009. – С.78.
- 3 Березин Ф.Б. Психическая и психофизиологическая адаптация человека. – Л.: Наука, 2008. – 270 с.
- 4 Петровский В.А. Психология неадаптивной активности. – М.: Горбунок, 2002. – 224 с.

УДК 373.2

Д.Ж. КИЛЫБАЕВ

Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

Өнер және мәдениет факультеті

dkilybaev@mail.ru

Алматы қ., Қазақстан

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация

Бұл мақала балаға музыкалық білім беруді ерте және методикалық дұрыс бағытты қолдана отырып жүргізу қажеттілігін айтады. Баланың ата анаға және ұстазға тыңдар шағын пайдаланып, ұлттық өнердің есігін ерте ашып оның алдындағы өміріне нәр болып сіңуіне көмек көрсету. Музыкамен айналысу математикалық ойлауды да ерекше дамытады, адамның рухани байлығының баспалдағы екенін көрсете алады.

Түйін сөздер: музыкалық білім, мектеп жасына дейінгі балалар, педагогикалық ерекшеліктер, көркем тәрбие.

Статья посвящена раннему воспитанию музыкального образования у детей и в ней рассматриваются их особенности. По мнению автора особенностями являются: развитие психологического мышления, духовное развитие, развитие общих способностей человека.

Ключевые слова: музыкальное образование дошкольного возраста, духовное развитие, педагогические особенности.

Annotation

Article is devoted to early education of music education at children. Feature of teaching of music education are – development of psychological thinking, spiritual development, development of the general abilities of the person.

Key words: music education, of preschool age.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі жеке адамға, оны дамытуға шығармашылық әлеуетін дамытуға, тұлғаландыруға бағытталған. Бұл үдеріс оқыту мен тәрбие беру мазмұнының негіздеріне терең мән беруді талап етеді. Соның ішінде музыка өнерінің жалпы бала тәрбиесінде алар орны ерекше. Қоғамдағы мәдениеті жоғары адам қалыптастыру үшін музыка құбылысының бүкіл әлеуетін толық пайдалану білім беру саласының алдында тұрған білімді де білікті, бәсекеге қабілетті, рухани мәдениеті биік тұлға тәрбиелеудегі өзекті мәселелерді шешуге септігін тигізетіні сөзсіз.

Білім беру жүйесінде музыкалық тәрбие беру ең алдымен мектепке дейінгі мекемелерде

мен, яғни бала бақшалардан басталады. Бұл балдырғандарымыз үшін ең бір маңызды жас, өз ата-анасына және үйретуші ұстазға толық тыңдар шағы. Осы кезеңде баланың өз бойында қабылданған нәрселері оның алдағы бүкіл өміріне нәр болып сіңіп қалады. Сондықтан да мектепке дейінгі мекемелерде оқыту мен тәрбие беруге аса зор назар аудару қажет.

Мектепке дейінгі мекемелердегі музыка сабағы мектеп жасына дейінгі балаларға музыкалық мәдениеттің бастапқы негіздерін қалыптастыру, әр баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып музыкалық және шығармашылық қабілеттерін дамыту, дарынды балаларды әрі қарай музыкаға ынталандыруды көздейді. Музыкалық білім берудің де міндеті

- оқыту, тәрбие беру және дамыту. Оқыту міндеті музыка өнері туралы білімдерді беру, шығармашылық орындаушылық тәжірибесін беру болса, тәрбиелеу үндестері балаларды жан-жақты рухани байыту, құндылықтар жүйесіндегі негіздерін қалыптастыруға бағытталады. Ал дамытушылардың міндеті балалардың музыка арқылы шығармашылық, интеллектілік және коммуникативтік қабілеттерін жетілдіруге негізделеді.

Балалардың музыкалық білім алуының түпкі нәтижесі музыка пәні арқылы олардың эстетикалық қызығушылығының қалыптастыру болып табылады. Бұл үдеріс өнер арқылы бала тұлғасын дамыту, оның өзін-өзі айқындауына ықпал ету, сол арқылы өзінше дараландыруына бағындырылады. Әсіресе, мектеп алды даярлық жасындағы балаларға музыкалық білім берудің өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл жаста балалардың өміріне жаңа кезең басталады: оқу үдерісіне аяқ басады, мұның өзі олар үшін үлкен жаңалық. Осы кезеңдегі музыкалық білім беру қызметі ең алдымен баланың музыканы қабылдауына негізделеді. Орындаушылық іс-әрекетте баланың жаңа қабілеттері бұр ашады, дыбыстарды дұрыс айту, тыныс алу, дұрыс дикциясы мен интонациясы ансамбльді сезіну қалыптасады. Балалар ноталық сауаттың баспалдақтарына алғашқы қадам жасап, жасына сай музыкалық аспаптарда ойнай бастайды. Сөйтіп эстетикалық қажеттіліктері пайда болады.

Қазіргі тұста көптеген ғылым педагогтар музыкалық білім беруінің мазмұнының әдіснамалық негіздерін қайта қарау қажеттігін алға тартады. Мектепке дейінгі мекемелерде музыкалық білім берудегі басты мәселе: балалардың тұлғалық ерекшеліктері сәйкес дәстүрлі дидактикалық теориялардың негізгі қағидаларына сүйене отырып, заманауи әдіс тәсілдерді қолдану. Әдіс-тәсіл дегеніміз – құрал. Бұл әдіс-тәсілдер музыкалық іс-әрекетке қажетті жүйелі білімдер мен дағдыларды, біліктіліктерді меңгеру барысында қолданылады. Музыкалық іс – әрекет деп балалар шығарманың көркемдік қасиетін толық ұғынуын, музыкалық шығарманың

дүниеге келу табиғатын тануын және музыканы эмоциялық түрде бастан кешуін айтамыз. Мұндағы ең маңыздысы – адамның музыканы сезінуі, ұғынуы, өз бойына сіңіруі басымдық алуы тиіс. Сонда ғана барлық деңгейдегі музыкалық білім беру үдерісі нәтижелі болатыны сөзсіз. Күнделікті сабақ барысында балаларды белсенді және үнемді шығармашылық еңбекке тарту нақты нәтижеге қол жеткізуге себеп болады, ал оған бірінші кезекте балдырғандардың қызығушылығын ояту қажет. Бұл тұрғыда мұғалімнің педагогикалық шеберлігі үлкен рөл атқарады. Өйткені бала білім алу барысында өзінің ұстазбен қарым-қатынасына қарай ол үйреткен нәрселерді соған сай дәрежеде қабылдайды.

Мектепке дейінгі мекемелерде музыкалық білім беру үдерісі музыка, оның түрлері мен тәсілдері жайлы қарапайым мәліметтер мен білімдерді беруден басталады. Жалпы музыкалық сауатты болу үшін музыка өнерінің тарихын білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда ойнау ерекшеліктері жайлы мәліметтер алу міндет. Бұл музыкалық өнердің саналуан құралдары арқылы бес – жеті жасар балдырғандардың шығармашылық өзін-өзі жетілдіруге ұмтылысын дамыта түседі. Балабақшада тәрбиеленуші балдырғандардың өзіндік ерекшеліктері бар екені белгілі. Осы балалардың жас жіне даму өзгерістерін ескере отырып, ән айту, балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнау, музыкалық – ырғақтық қозғалыстарды үйрету арқылы музыкалық іс-әрекетке жетелеу көзделеді. Балалар біртіндеп музыкалық шығармалардың мән – мағынасын көздей бастайды. Музыканың жанрларын білетін болады, әнді дұрыс және әдемі айтуғы үйренеді.

Дегенмен, мектеп жасына дейінгі және орта білім беру мекемелеріндегі музыка сабағы көбінесе бірсыдырғы, тар шеңберде өтетіні жасырын емес және бұл үдеріс тек балалардың музыка сабағына қатысуы тәрізді сипат алған. Бұл музыка пәніне деген көзқарастың төмендігі, оның маңызына жете мән берушіліктен туған теріс құбылыс. Музыкалық білім беру баланың міндетті түрде му-

зыкант болып шығуы үшін жүргізілмейді, бұл оның болашақта өзі қалаған кәсібінде нағыз маман болуына үлкен ықпал ететін факторлардың бірі. Өйткені музыкадан хабардар болу баланың санасын интеллектісін дамытады, музыкамен айналысу арқылы баланың бойында табандылық, талапшылдық, икемділік қасиеттері қалыптасады. Музыка шығармашылық тұрғыдан жұмыс істеуге үйретеді, есте сақтау қабілеті, бейнелі ойлауы жақсы дамиды, өйткені музыканттарда есте сақтаудың екі каналы бар – мағыналық және ырғақтық. Яғни сөз немесе мәтін фразға, шұмаққа бөліне отырып тез сақталады. Ән айту кезінде мәтінді де, музыканы да бірге орындайды, демек бірнеше істі бір уақытта істейді. Әндегі музыкалық интонация мен ритм мәтіндік материалды есте сақтауға ықпал етеді. Тіпті хорда ән айтудың өзі адамның екі каналды қатар қабылдауына көмектеседі, осылайша ол бала кез-келген жұмысты жақсы меңгере кете алады деген сөз. Кез-келген саладағы интеллектуалдық жұмыс музыкалық миға жеңілге түсетіні дәлелденген [1].

Қоғамға байланысты алатын болсақ, музыка әлеуметтік дағдыларды дамытуға да қажет. Музыкамен айналысқан адам бүгін романтикалық сипаттағы Шуманды ойнаса, ертең экспрессивті сарынындағы композицияны ойнауы мүмкін. Яғни, саналуан жанрдағы шығарманы ойнау арқылы музыка адамды жылдам бейімделгіш, әлеуметтік жағынан икемді болуға үйретеді. Әсіресе, классикалық музыканы жақсы көретін адамдар толерантты, сабырлы, әлеуметтік тыныштық сақтауға, бейбітшілікке жақын болады. Музыканың өзге де жағымды әсерлері көп, мысалы америкалық зерттеушілердің пікірлері бойынша музыкамен айналысқан балалар қылмысқа бармайды екен. Мұның бір себебі, музыкалық тәрбиенің адамның рухани мәдениеті толыққанды, психологиялық жағынан үйлесімді дамуына әсер етуінде жатыр. Музыкамен айналысу математикалық ойлауды дамытуда да ерекше, осы тұрғыдан композитор И.Стравинский музыкалық және математикалық ойлау тұтастық деп тұжырымдайды. Мысалы, атақты

ғылым Эйнштейн скрипкада ойнай білген. Ал оның ғылымда қандай жетістіктеріне жеткені бәрімізге белгілі. Көрнекті математик Пифагор керемет музыкант та болған және ол жасаған тәжірибелер қазіргі музыкалық акустиканың негізіне алынған [2].

Демек, бұның барлығы музыкалық білімнің барлық адамға қажет екенін білдіреді. Бастапқы музыкалық білімді дұрыс алған балалар есейе келе қандай мамандықты таңдаса да, музыкалық шығарманың білімді тыңдаушысы, нағыз өнерді бағалай білетін азамат болып, таза өнерінің насихаттаушысына айналады.

Жалпы музыкалық мәдениет тұлғаның рухани мәдениетінің бөлінбес бір бөлшегі, қоғамдық идеологияның бір құралы. Қазіргі қоғамда жүріп жатқан сан алуан күрделі үрдістер, жаһандану құбылыстары білім берудің мазмұнының жаңартуды, қайта қарауды, яғни әлемдік тәжірибе мен отандық педагогика жетістіктерін ұштастыра жүргізуді талап етуде. Осы тұрғыда қазақтың ұлттық тәрбиесіне ден қою, ғасырлар сүзгісінен өткен асыл құндылықтарымызды, салт-дәстүрімізді білім беру жүйесінде кеңінен қолдану қажеттілігін басымдық алып келеді. Бұл музыкалық білім беруге де қатысты. Өйткені ұлттық музыка – ұлттық тәрбие берудің негізі. Қазақ халқының ән жырында оның бүкіл тәлім-тағылымы, салт-дәстүрі, кісілік әуенінде тербеліп өскені қазақ баласы адамгершілік қасиеттері жоғары рухани биік, ер мінезді, жаны таза болып өспеуі мүмкін емес. Атақты қазақ зерттеушісі, композитор, академик Ахмет Жұбанов: «Қазақ халқы әнге абай, қазақта әнсіз өмір жоқ. «Тойбастар» айтқан жігіт, кешкі ауыл сыртында алтыбақан тепкен қыз бозбала, шілдеhana күзеткен жас-кәрі, «Жар-жар» айтқан екі топ, елінен еріксіз алысқа ұзатылып бара жатқан қыз, өлген жұбайын жоқтаған жесір, «жынын» шақырып, зікір салған бақсы – бәрі де әндетеді. Бәрі де сезім тасқынын ән арқылы шығарады» деп жазады.

Бұлбұлдың тамылжыта сайраған үні мен тұлпар тұяқты шабыс ырғағын, ботаның боздауын шебер жеткізе білген халқымыздың

музыкалық мұрасын бала жанынан сіңіру үшін ән-күй сабақтарын түрлі ұлттық әуендермен, музыкалық ойындармен сабақтастыра білу қажет. Бұл жүйелі түрде жүргізілуі тиіс іргелі жұмыс.

Жалпы музыкалық бастапқы білім берудің тиімділігінің көтеруге ықпал ететін маңызды факторлар мынадай:

- Музыканы өнердің ерекше саласы, адамның рухани табиғатын терең көрсететін құбылыс деп түсіну;

- Көркем тәрбие беру арқылы баланың жалпы қабілеттерін дамытудың маңыздылығын ұғыну;

- Музыка сабағының әлеуметтік-мәдени міндетін орындауына ықпал ету.

Мектепке дейінгі мекемелерде балаларға музыкалық білім берудің педагогикалық моделі баланы жалықтырмайтындай болуы тиіс. Жалпы бала табиғатты қоршаған ортадағы ерекше назар аударатын, таңданыс сезімін оятатын құбылыстарға жылдам беріледі. Бұл қасиет баланың эмоционалдық ықыласына байланысты. Эстетикалық нысанды қабылдауы барысында баланың жеке субъективті көзқарасы, сол іс-әрекетке қызығушылығы, шығармашылық белсенділік сияқты қасиеттер пайда болады. Музыкалық білім берудің ерекшелігі оқыту үдерісі мен қатар баланың психикалық үдерістерін дамыту, оның тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру, музыкалық шығармашылық, зияткерлік қабілеттерін дамытуға байланысты. Осындай ерекшеліктерді ескеру педагогикалық үдерістің нәтижелі болуына септігін тигізеді.

Балаларға сапалы музыкалық білім берудің шарты:

- Жоғары дәрежеде кәсіби педагогикалық мамандардың болуы;

- Балалардың жас ерекшелігін ескере отырып жасалған оқу-әдістемелік бағдарламаларды қолдану;

- Материалдық базаны нығайту және т.б.

Бүгінгі таңда адамның қоғамдағы орны, мәртебесі, мақсаткерлігі, өзін-өзі жетілдіруе ұмтылысы тұлғалық даралануы өзекті болып отыр. Себебі, қазіргі заман талабы өте күрделі, ол қандай салады болмасын мамандардың жылдам өзгеріп жатқан уақытқа сай тез бейімделгіш болуын, тар шеңберде қалып қоймауын, жаңа дағдыларды білімдерді жылдам қабылдап, үйренуін, қатып қалған тапталуындардан арылып, жаңалыққа құштар болуын міндеттейді. Қиындықтардан қорықпай, одан шығудың тиімді жолын табу, өзін-өзі тәрбиелеу, жағдайға қарай әрекет ету, жағымды нәтижеге алып келетіні сөзсіз. Бұл бәсекеге қабілетті болудың, еңбек нарығында үлкен табыстарға жетудің бір шарты. Міне, осындай азаматтарды қалыптастыру үшін өскелең ұрпақты өнердің көмегімен өмірге даярлау, жеке тұлғаға айналдыруда музыка пәнінің қосар үлесі үлкен. Сондықтан осы салаға құзырлы органдардан назарын аудару арқылы алдыңғы қатарлы әдістемелік зерттеулер мен ұсыныстарды қолдау, қарастыру қажеттілігі өзекті мәселе болып отыр. Музыка өнерін жалпы білім берудің құрамдас бөлігі ретінде дамыта отырып, білім алушы жастардың ақылды, қабылдағыш, зейінді болуына, оларда әлеуметтік дағдылардың қалыптасуына ықпал ете аламыз. Баланы музыка әлеміне еңгізудің оңтайлы тәсілін қолдану арқылы баланың эстетикалық қызығушылығын оятуға қол жеткіземіз, осылайша рухани бай, гуманистік бағытты айқын тұлға тәрбиелеуге ықпал ете аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Новый имидж музыкального образования в XXI веке // www.tarnoga.net

2 Газарян С. В мире музыкальных инструментов. – М., «Просвещение», 1989. – 91 б.

3 Жұбанов А. Ғасырлар пернесі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 325 б.

И.Б. КУЗАВА

Восточноевропейский национальный университет имени Леси Украинки
г. Луцк, Украина

КРИТЕРИИ, ПОКАЗАТЕЛИ И УРОВНИ ГОТОВНОСТИ К ОБУЧЕНИЮ В ШКОЛЕ ДОШКОЛЬНИКОВ С НАРУШЕНИЯМИ ПСИХОФИЗИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ

Аннотация

В статье обоснованы критерии, показатели и уровни готовности к обучению в школе дошкольников с нарушениями психофизического развития. Проанализированы сущность понятий «готовность», «критерий», «показатель». Доказано, что разработанная автором система критериев и показателей позволяет оценить существующий уровень готовности детей дошкольного возраста к обучению в школе в условиях инклюзии и внедрить её в практику работы дошкольных учебных учреждений.

Ключевые слова: готовность; критерий; показатели; дошкольники с нарушениями психофизического развития.

Мақалада мектепке дейінгі оқушылардың мектепке дайындығының психикалық-физикалық дамуының өлшемі, көрсеткіштері және дайындығы көрсетіледі. «Дайындық», «өлшем», «көрсеткіш» ұғымдарының байымы сарапталады. Автор дайындаған өлшемдер жүйесі мен көрсеткіштер мектеп жасына дейінгі балалардың мектепке дайындығының мөлшерін көрсетеді, мектепке дейінгі мекемелердің жұмысының тәжірибесіне енуіне көмектеседі.

Түйін сөздер: дайындық, өлшем, көрсеткіштер, психикалық-физикалық дамуы бұзылған мектеп жасына дейінгі балалар.

Annotation

In the article presented criteria, indicators and readiness levels education at the school of preschool children psychophysical development. The essence of the concepts of «readiness», «criterion», «indicators». Proved that the author developed a system of criteria and indicators to evaluate the existing level of readiness of preschool children to go to school in conditions of inclusion and introduce it into the practice of pre-school educational institutions.

Keywords: readiness; criterion; indicators; preschool children psychophysical development.

Постановка проблемы. Актуальным на этапе внедрения инклюзивного образования в качестве успешного фактора управления учебно-воспитательным процессом дошкольников с нарушениями психофизического развития является формирование готовности к указанному процессу ее объектов и субъектов (воспитанников, родителей, воспитателей) как неотъемлемое условие функционирования современной системы дошкольного образования.

В этом контексте конструктивной представляется позиция В.А. Болотова [1], соглас-

но которой готовность «... является психическим состоянием, заключающемся в наличии у субъекта образа структуры определенного действия и постоянной направленности на его выполнение, сочетая в себе различные установки на осознание задачи, а также модель вероятного поведения и оценку собственных возможностей [1, С. 8-14].

Готовность ребёнка к инклюзивному обучению является основой, от которой зависят его дальнейшие успехи в учёбе, способность к произвольной деятельности, самодостаточность и самочувствие, что в значительной

степени влияет на его психическое и соматическое здоровье.

Появление образовательных учреждений нового типа, работающих в условиях инклюзивного образования, обуславливает поиск путей совершенствования системы готовности дошкольников с психофизическими нарушениями к обучению со здоровыми сверстниками в общеобразовательном учреждении.

Мы исходили из того, что формирование готовности к инклюзивному образованию предполагает овладение её участниками соответствующими знаниями, приобретение практических умений и навыков, воспитание личностных свойств и т.п., направленных на успешную его практическую реализацию.

Целью статьи является обоснование критериев и показателей готовности детей дошкольного возраста к обучению в школе в условиях инклюзивного образования.

Изложение основного материала. В Украинском педагогическом энциклопедическом словаре критерий – это признак, на основе которого осуществляется оценка чего-либо; мерило; условно принятая мера, которая дает возможность осуществить измерения объекта и на основе этого дать ему оценку [3, С. 245].

В контексте исследования отметим, что каждый критерий требует набора соответствующих показателей, на основе которых можно сформулировать суждение о степени развития изучаемого явления. В частности, в словаре украинского языка термин «показатель» определён как: свидетельство, доказательство, признак чего-либо; наглядные данные о результате какого-либо процесса [4, С. 10].

Вопрос о критериях и показателях занимает значительное место в научных трудах ученых, занимающихся проблемой готовности к инклюзивному образованию (Н.Ю. Белова, И.Н. Хафизуллина, С.А. Черкасова и др.). В частности, С.А. Черкасова [7, С. 16] в качестве критериев формирования психолого-педагогической готовности к работе в системе инклюзивного образования определила мотивационный, личностный, эмоционально-волевой и когнитивный, а И.Н. Хафизуллина

– мотивационный, когнитивный, рефлексивный и экспериментально-операционный [6, С. 15].

В научно-экспериментальном исследовании нами разработаны исходные положения, в частности, *требования*, которые являются основой для проектирования системы критериев и показателей готовности детей дошкольного возраста к школьному образованию, среди них: необходимость отражения критериев и их показателей основным закономерностям формирования личности; целесообразность установления с их помощью связей между всеми компонентами системы; единство качественных и количественных показателей.

Таким образом, критериальную базу нашего исследования составили следующие *критерии* (мотивационно-когнитивный, технологический, оценочно-технологический) и *показатели* (выработка позитивного отношения к другим лицам, способность к позитивным межличностным отношениям, социальная обусловленность учения, высокий уровень толерантности, эмпатия и принятие другого, умение управлять собственными эмоциями в процессе общения со сверстниками, социальная коммуникативность и т.п.) готовности детей дошкольного возраста к обучению в школе.

Мотивационно-когнитивный критерий характеризуется глубокой личностной заинтересованностью, положительной направленностью к осуществлению совместной деятельности в условиях включения детей дошкольного возраста с нарушениями психофизического развития в среду здоровых сверстников, совокупностью мотивов (социальных, учебно-познавательных, оценочных, позиционно-игровых и т.п.), адекватных целям и задачам инклюзивного образования, и связанный со способностью и желанием дошкольников с особенностями психофизического развития овладеть определёнными знаниями, умениями и навыками в ходе совместной деятельности (игровой, учебной), направленных на достижение успеха и положительного результата коррекционно-раз-

вивающего взаимодействия со своими сверстниками из нормативным уровнем развития (НУР).

Акцентируем внимание на необходимости формирования мотивационной готовности детей дошкольного возраста как наличия познавательной активности, желание занять новую позицию – позицию школьника [5, С.77-78]. Еще Л. И. Божович отмечала, что у ребёнка до семилетнего возраста появляется осознание своего социального «Я», стремление к новому статусу в системе доступных ему общественных отношений и к новой общественно-значимой деятельности – к позиции ученика, формирование которой, по мнению исследовательницы, приводит к сочетанию двух групп мотивов: широких социальных мотивов (связанных с потребностью в общении); учебных мотивов (связанных с потребностью в интеллектуальной активности) [2, С.62].

Попутно отметим, что наиболее интенсивным периодом формирования мотивационной готовности является дошкольный возраст. В частности, среди ряда мотивов старшего дошкольника особая роль принадлежит познавательным мотивам, при которых ребенок стремится к самостоятельному решению новых задач, установления причинно-следственных действий предметов и явлений и т.д. Добавим, что мотивы деятельности детей с психофизическими нарушениями обусловлены особенностями их развития (определенная ограниченность, ситуативность, неустойчивость), которые в процессе коррекционно-направленного педагогического воздействия приобретают познавательную и общественную направленность [41, С. 288].

Учитывая вышеупомянутые характеристики нами выделены следующие *показатели мотивационно-когнитивного критерия* готовности к школьному образованию дошкольников с нарушениями психофизического развития: положительное отношение к совместному взаимодействию со своими здоровыми сверстниками; наличие общих и специальных знаний и опыта совместной деятельности; осознание воспитанниками значимости совместной деятельности и возможность вы-

бора ими её форм; уровень обучаемости воспитанников (особенности усвоения новых форм общения и умение переноса их в новые ситуации в ходе совместного взаимодействия со своими здоровыми сверстниками); совокупность мотивов личностного развития и собственного благополучия – социальных («Я хочу посещать детский сад с «особыми детьми», потому что все дети должны учиться, это нужно и важно»); учебно-познавательных («Я хочу общаться с «особыми детьми», потому что у них хочу научиться чему-то новому»); позиционно-игровых («Я хочу посещать детский сад с «особыми детьми», потому что мне нравится с ними играть»); внешних по ДОО («Я хочу (не хочу) посещать детский сад с «особыми детьми », потому что мама сказала, что надо (не надо) с ними общаться»).

Таким образом, основным содержанием мотивационно-когнитивного критерия готовности дошкольников с нарушениями психофизического развития является получение конкретных знаний об особенностях совместной деятельности (игровой, учебной) вместе со своими сверстниками с нормативным уровнем развития, направленной на взаимопонимание и взаимоподдержку друг друга.

Технологический критерий отражает требования реальных действий, адекватного поведения, позволяющих сформировать у воспитанников практические умения и навыки, а также способность выполнять конкретные учебно-воспитательные задачи, и заключается в эффективном усвоении способов и практического опыта совместной деятельности, необходимого для успешной реализации технологий инклюзивного образования.

Показателями технологического критерия готовности к обучению в школе детей дошкольного возраста с нарушениями психофизического развития, определены:

1) формирование готовности воспитанников к совместной деятельности со сверстниками с нормативным уровнем развития, которая включает:

а) наличие знаний и опыта о специфике совместного взаимодействия в условиях ин-

кклюзивного образования и понимания особенностей психофизического развития своих сверстников на основе сопереживания, сочувствия, отклика и принятия;

б) стремление к овладению новыми знаниями, умениями и навыками в условиях включенного обучения;

в) адаптация (приспособление) дошкольников к условиям инклюзивного образования;

2) получение и обогащение информации об усвоении способов и опыта совместного взаимодействия в процессе инклюзивного образования;

3) способность к бесконфликтному общению при совместном взаимодействии:

а) наличие коммуникативных умений у воспитанников;

б) доброжелательность и толерантность в общении со своими сверстниками;

3) реализация умений взаимодействия и установления контактов со сверстниками в разных видах деятельности:

а) умение устанавливать контакты с другими воспитанниками;

б) умение управлять собственными эмоциями.

Таким образом, технологический критерий характеризует уровень готовности к совместному взаимодействию (способы, формы) дошкольников с нарушениями психофизического развития со сверстниками с нормативным уровнем развития на основе приобретения знаний, коммуникативных умений и практического опыта в различных видах деятельности.

Оценочно-технологический критерий в исследовании рассматривается как компонент социальной и морфологической готовности дошкольника, что проявляется в таких интегративных характеристиках как способность мыслить на основе полученных знаний, необходимых для реализации системы инклюзивного образования, и опыт личностного отношения к совместной деятельности.

Относительно указанного критерия акцентируем необходимость формирования позиционного положительного отношения к совместному взаимодействию дошкольников с разным уровнем психофизического развития,

закрывающемся в признании ценности каждого ребенка как личности, уважении его индивидуальности и неповторимости, доброжелательности и т.п.

Показателями оценочно-технологического критерия готовности к школьному образованию детей с нарушениями психофизического развития являются: личностные навыки и умения совместного взаимодействия со здоровыми сверстниками; социальная обусловленность учения; выработка навыков взаимодействия, взаимопонимания и умения объективно сопоставлять уровень развития личностных качеств, обеспечивающих готовность к совместной деятельности в соответствии с принятыми социальными нормами и требованиями; эмпатия как способность дошкольников сочувствовать и сопереживать своим сверстникам.

Итак, оценочно-технологический критерий характеризует уровень готовности к взаимодействию дошкольников с нарушениями психофизического развития со здоровыми сверстниками на основе взаимопонимания, сопереживания и принятия друг друга.

Установлены в исследовании критерии и показатели готовности к школьному образованию детей дошкольного возраста с нарушениями психофизического развития стали основой для определения у них уровней готовности к обучению в школе, что позволяет проследить динамику формирования исследуемого явления, выявить недостаточно развитые критерии и показатели, наметить пути дальнейшего развития и выбрать технологии практической реализации инклюзивного образования в условиях дошкольного образования.

По результатам констатирующего эксперимента исходными позициями для диагностики готовности детей дошкольного возраста к школьному образованию избраны высокий, средний и низкий уровни. В частности, *высокий уровень* характеризовался четким проявлением всех показателей составляющих компонентов готовности к обучению в школе дошкольников с нарушениями психофизического развития, определялся их положительным осознанным отношением к общему

взаимодействию со своими сверстниками в различных видах деятельности на основе взаимопонимания и сопереживания друг к другу, эмоциональным общением, адекватным поведением и оказывался в не менее, чем 75% выполнения тестовых заданий путем практического ориентирования.

На *среднем уровне* наблюдалось сниженное наличие у воспитанников с разным уровнем психофизического развития интереса к совместной деятельности на основе сформированных навыков взаимодействия, взаимопонимания и умения объективно сопоставлять уровень развития личностных качеств в соответствии с принятыми социальными нормами и требованиями. Однако, отличительной чертой воспитанников со средним уровнем развития была недостаточная активность в общении со своими сверстниками, умеренное выражение познавательных интересов, не всегда адекватное поведение. В частности, предусматривалось выполнение дошкольниками не менее половины показателей по каждому компоненту, что оказывался в выполнении тестовых заданий на грани 50-74,99%, требуя индивидуального подхода к нему.

Низким уровнем по определенным критериям и показателям считалось: отсутствие у воспитанников с разным уровнем психофизического развития мотивации и интереса к совместному взаимодействию, характеризовавшееся слабым и неустойчивым проявлением показателей компонентов готовности; наличие существенных трудностей не только при установлении контактов, но и коммуникативного общения со своими сверстниками и взрослыми; несформированность культуры поведения; выполнение тестовых заданий менее 50% или отказ от их исполнения.

По результатам констатирующего этапа педагогического эксперимента оказалось, что самый высокий показатель был получен за мотивационно-когнитивным критерием. Так, 16,7% дошкольников экспериментальной группы; 18,1% дошкольников контрольной группы и 45,7% воспитанников с нормативным уровнем развития показали высокий уровень; 38,2% (ЭГ); 44,4% (КГ) и 42,3% (НУР)

выявили средний уровень и 45,1% (ЭГ); 37,5% (КГ) и 12,0% (НУР) дошкольников находились на низком уровне. Готовность по технологическому критерию показали: на высоком уровне 6,7% (ЭГ) воспитанников; 6,8% (КГ) и 25,3% (НУР); среднем – 7,5% (ЭГ); 4,2% (КГ) и 41,6% (НУР) и низком уровнях - 85,8% (ЭГ); 89,0% (КГ) и 33,1% (НУР). Уровни готовности по оценочно-технологическому критерию распределились следующим образом: высокий уровень был характерен для 4,0% (ЭГ и КГ) и 19,2% (НУР) детей дошкольного возраста, средний уровень показали 5,9% (ЭГ), 3,2% (КГ) и 58,3% (НУР) воспитанников, на низком уровне находились 90,1% (ЭГ), 92,8% (КГ) и 40,5% дошкольников с нормативным уровнем развития.

В частности, у подавляющего большинства дошкольников экспериментальной и контрольной групп отсутствуют осознанные мотивы (93,3%) личностного развития и собственного благополучия позитивного отношения к совместному взаимодействию (57,5%) со своими сверстниками, а также знания (87,9%) и умения (92,5%) переносить их в новые ситуации в условиях школьного образования.

В отличие от них для 38,3% дошкольников с нормативным уровнем развития характерна мотивация совместного взаимодействия со своими «особыми» сверстниками, хотя и не всегда осознанная (24,2%), однако, в 52,1% наблюдается личностно-позиционное отношение к совместному взаимодействию воспитанников, заключающееся в признании ценности каждого ребенка как личности, уважении его индивидуальности и неповторимости, доброжелательности и т.п.. Это свидетельствует о том, что формированию готовности воспитанников с разным уровнем психофизического развития к совместной деятельности в условиях общеобразовательного ДОО в современной практике дошкольного образования пока не уделяется должного внимания, поэтому его организация вызывает определенные трудности.

Таким образом, можно предположить, что на высоком уровне будет наблюдаться осознанное положительное включение дошколь-

ников с психофизическими нарушениями в совместную деятельность со сверстниками с нормативным уровнем развития. На среднем – воспитанники будут нуждаться в индивидуальном подходе при включении. Дети должны продемонстрировать навыки частичной готовности и эпизодического совместного взаимодействия на основе сопереживания, сочувствия. Низкий уровень характеризуется отсутствием навыков совместного взаимодействия на основе элементарного принятия воспитанниками друг друга.

Выводы. Итак, в нашем исследовании *готовность дошкольников с нарушениями психофизического развития* к обучению в школе рассматривается как целостная система, интегрирующая в себе критерии (мотивационно-когнитивный, технологический, оценочно-технологический) и показатели (выработка положительного отношения к другим лицам, способность к доброжелательным межличностным отношениям, социальная обусловленность учения, высокий уровень толерантности, эмпатия и принятие другого, умение управлять собственными эмоциями в процессе общения со сверстниками, социальная коммуникативность) оценки особенностей указанного процесса. А разработанная система критериев и показателей позволяет оценить существующий уровень готовности детей дошкольного возраста к обучению в школе в условиях инклюзии и внедрить ее в практику работы дошкольных учебных учреждений.

ЛИТЕРАТУРА

1 Болотов В. А., Сериков В.В. Компетентностная модель: от идеи к образовательной программе [Текст] // Педагогика. – 2003. – № 10. – С. 8-14.

2 Божович Л. И. Избранные психологические труды / Л. И. Божович; [под ред. Д. И. Фельдштейна]. – М. : Просвещение, 1995. – С. 52–74.

3 Гончаренко С. У. Украинский педагогический словарь. – Ровно: Волынские береги, 2011. – 552 с. (на украинском языке).

4 Словарь украинского языка: в 11 томах. – Том 2, 1971. – С. 148. (на украинском языке).

5 Стародубова Н. Г. Критерии готовности ребенка к обучению в школе. // Система воспитания и дополнительного образования детей: от идей до внедрения. Материалы научно-практической конференции. (24 ноября 2000). – Бийск, НИЦ БПГУ, 2001. – 116 с.

6 Хафизуллина И. Н. Формирование инклюзивной компетентности будущих учителей в процессе профессиональной подготовки: автореф. дисс. ... канд. педагогических наук [Текст] / Ильмира Наильевна Хафизуллина. – Астрахань, 2008. – 22 с.

7 Черкасова С. А. Формирование психолого-педагогической готовности будущих педагогов-психологов к работе в системе инклюзивного образования: Автореферат дисс. ... канд. психол. наук / Черкасова Светлана Александровна. – М., 2012. – 24 с.

Ш.Қ. ҚҰРМАНБАЕВА

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті
shkarantaykizi@mail.ru
 Өскемен қ., Қазақстан

ФИЛОЛОГ МАМАНДАР ДАЯРЛАУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация

Мақалада Қазақстанда әлемдік білім беру кеңістігіне ену жағдайында болашақ филолог мамандарды даярлауда қатысымдық, танымдық, құндылық, құзыреттілік бағдарлы оқыту мәселелері қарастырылады.

Түйін сөздер: ұстаз, студент, білім беру жүйесі.

В статье рассматриваются вопросы коммуникативного, когнитивного, аксиологического и компетентностного подходов в подготовке будущих кадров филологов в условиях вхождения Казахстана в мировое образовательное пространство.

Ключевые слова: учитель, студент, образовательная система.

Annotation

The article examines the communicative, cognitive, axiological and competence-based approach to the preparation of future frames philologists in the conditions of entry Kazakhstan into the world educational space.

Keywords: teacher, student, educational system.

Соңғы жылдары қоғамдық және әлеуметтік өмірдегі болып жатқан елеулі өзгерістер Республикамыздың білім беру жүйесінің алдына көптеген жаңа міндеттер жүктеп отыр. Олар: білім беру жүйесінде ұлттық және жалпы азаматтық рухани құндылықтар негізінде жастардың тұлғалық мәдениетін қалыптастыру, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына қолайлы жағдайлар жасай отырып, олардың әлемдік білім кеңістігінде лайықты орын алуына ықпал ету. Осы тұрғыда ғылыми-техникалық прогреспен әлемдік өркениеттің даму деңгейіне сәйкес ұлттық, әлемдік рухани және мәдени құндылықтар тұтастығы негізінде білім мазмұнымен қатар оқытудың формалары мен әдіс-тәсілдерін түбегейлі қайта қарастыру керектігі айқындалуда.

Елімізде Болон ұстанымымен оқытуды көздеген кредиттік технологияға түбегейлі көшу арқылы білім беру мазмұны мен са-

пасын жетілдіру, білімді де білікті маман даярлау ісі жолға қойылуда. Осындай өтпелі кезеңде Болон үдерісінің «... ұлттық дәстүрлердің әртүрлігіне негізделген мәдени байлығын сақтау» ұстанымын естен шығармай, ұлттық білім беру жүйеміздің төл тарихымызға, мәдениетімізге, ана тілімізге деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін қалыптастыратын ұлттық ерекшелігін сақтап қалуымыз басты шарт болып отыр. Соған сәйкес білім стандарттары мен жаңа типтік, кәсіби-бейімдік бағдарламаларды жаңарту кезінде, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер дайындау кезінде ұлттық ұстанымды басты назарға алып отыру талабы туындайды. Әрине, білім мен ғылымның әлемдік кеңістігіне ену – Қазақстан үшін уақыт күттірмейтін заман талабы. Алайда, біз дүниежүзілік сахнаға білім жүйесінде қалыптасқан өміршең дәстүрлерімізбен, уақыт дәлелдеген артықшылықтарымызбен, сонымен қатар

әлемдік өркениетті байытып, ұлттық білім беру моделін жетілдіруге жаңа көкжиек аша алатын, өзімізге ғана тән мәдени және рухани құндылықтармен енуіміз қажет екенін естен шығармауымыз керек.

Аталмыш өзгерістер отандық білім беру жүйесінің, оның ішінде филологиялық жоғары білім беру саласының алдына да зор міндеттер жүктейді. Ол – жаңа заман жастарын әлемдік бәсекеге қабілетті кәсіп иесі, білімді, білікті, құзыретті тұлға ретінде дайындау міндеті.

Біз шешуге тиісті филологиялық білім берудің сапасын арттыруға бағытталған бұл міндеттер парадигмасы бүгінгі күнде сапалық тұрғыдан өзгерген, жалпы қоғам үшін ғылыми-теориялық және практикалық маңызы арта түскен. Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің негізгі бағдары десек, тіл мен әдебиет мұғалімі, филолог маман егемен еліміздің адам капиталын қалыптастырудағы негізгі күш болып табылады. Тіл мен әдебиетті ұлттан, ұлттық мәдениеттен, ұлт өмір сүріп отырған қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастан бөліп қарау мүмкін емес. Сондықтан оқушылар мен студент жастарды қоғамдық-саяси, рухани-мәдени тұрғыдан дамыту арқылы ұлттық құндылықтарын қастерлейтін, жалпыадамзаттық құндылықтарды бағалайтын, ана тілі мен әдебиетін сүйіп, шетел тілдері мен әдебиеттерін меңгерген, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игерген кәсіби білікті тілдік тұлға даярлау – қоғам қажеттілігі.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігі мен тұтастығын берік қалыптастыруда қоғамдық-әлеуметтік пәндердің, соның ішінде филология пәндерінің алар орны ерекше. Еліміздің рухани құндылықтарын бағалауда филология пәндері тәлім-тәрбиелік, көркемдік-эстетикалық, тарихи-танымдық маңызды қызмет атқарады. Әр елдің білім беру жүйесі – өз халқының нағыз патриоттарын қалыптастыруға негізделуі тиіс. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар.

Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды! Оны даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн», - деп айтқан болатын. Сол себептен филологиялық білім беру міндеттерінің ең бастысы – ертеңгі күні жаңа бағыттың қозғаушы күшіне айналатын жастардың бойында тіл мен әдебиетке деген махаббат, құрмет, азаматтық борыш сезімдерін ұялату болуы тиіс.

Болашақ мұғалім ең алдымен өзі игерген пәнді келешек ұрпаққа үйретудің тиімді әдіс-тәсілдерін меңгеруі қажет. Сондықтан болашақ филолог мамандарымыз қатысымды, мәдениаралық, кәсіби тұрғыдан құзыретті, жан жақты білімді, білікті болсын десек, дүние жүзінің әдістеме ғылымында үлкен жетістіктерге жетуге мүмкіндік беріп келе жатқан қатысымдық бағдарлы оқытуды ең алдымен өздері сезінулері қажет. Яғни, ЖОО-ның өзінде әрбір сабақ қатысымдық бағдарлы жүруі тиіс.

Филологиялық білімді қатысымдық тұрғыда меңгерте отырып, танымдық бағдарлы оқытуды назардан тыс қалдырмау қажет, тіл мен әдебиетті оқи отырып, елтану, ұлттану, этномәдениеттану, құндылықтарды тану, сол арқылы тұлғаның өзін-өзі тануына қол жеткізу – біздің басты мақсатымыз. Себебі тұлғаның ақпараттық орта жағдайында мәтінді түсінуге, зерделеуге және шығармашылықпен бере алуға деген қабілеті мен дайындығы – ең басты құндылық. Білім берудің халықаралық стандарттарына ұмтылған Қазақстанның PISA зерттеулеріне сәйкес білім жетістіктерінің төмен нәтиже көрсеткені білікті мамандардың барлығын қатты толғандырғаны рас.

Көркем әдебиетті оқу құндылық болудан қалып бара жатқан заманда берілген тапсырмаға сәйкес ақпаратты ғаламтор беттерінен ойланбастан, байыбына барып, оқымастан көшіріп ала салғандарын қанағат тұтатын ұрпақ қалыптасып келе жатыр. Себебі сапалы, сапасызы бар миллиондаған ақпараттар ағымының ортасында бүгінгі жастарымыздың оларды қабылдауға, зерделеп қарап, түсініп, түйсініп, ой қорытуға уақыттары да жоқ, ниеттері де аз, өкінішке орай, PISA зерттеулері көрсеткендей, қабілеттері де төмен болып

отыр. Әрине, бұл – дабыл қағатын стратегиялық маңызды мәселе.

Бұл бағытта Елбасының тапсырмасы бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған Ұлттық жоспар қабылданып, елімізде нақты іс-шаралар қолға алынуда. Орта білім жүйесінің парадигмасын түбегейлі өзгертудің негізі болып табылатын бұл жоспардың мақсаты – оқушылардың білімдерін өмірде тиімді қолдануға үйрету.

Сауаттылық - тұлғаның тұрақты қасиеті, ол тұлға меңгерген белгілі бір білім-біліктерден көрініс табады десек, осыған байланысты бүгінгі филологиялық білім берудің ең маңызды инновациялық мәселелерінің бірі болып табылатын сауатты оқытуға ұмтылу - әрбір филолог ұстаздың міндеті.

XXI ғасырдың ортасына қарай әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарынан ойып орын алуға ұмтылған «Қазақстан – 2050» бағдарламасының түпкі межесіне жетуі жолында латын графикасына көшуге бағытталған түсіндіру, насихаттау жұмыстарының сәтті жүруіне де филолог мамандар өз үлестерін қосатындары сөзсіз.

Қаншалықты теріс ықпалдары көп дегенімізбен, ғаламдастыру талаптарына сәйкес электрондық оқытуға көшудің тиімді тұстарының әлдеқайда басым түсетіні белгілі. Соған байланысты бүгінгі күнде еліміздің көптеген жоғары оқу орындарында мамандарды қашықтан даярлау ісі жүзеге асырылуда. Өндірістен қол үзбей жүріп оқуға мүмкіндік беретін оқытудың бұл түрі – студенттердің мүмкіндіктеріне, ерекшеліктеріне бейімделген ақпарат көздерін қамтитын, анықтамалық, машықтандырушы қызметтерін атқаратын, оқыту, тәрбиелеу, дамыту, тексеру міндеттеріне құрылған оқыту. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларға негізделген қашықтықтан оқыту жүйесі – студенттің ерекше танымдық белсенділігі мен қызығушылығына құрылған, қатысымдық құзыреттілікке жетелейтін, нәтижеге бағдарланған оқыту ортасы. Қашықтықтан оқыту жүйесі арқылы жүзеге асырылатын қайтарымды байланыс студентке білімін өз тандаулары бойынша көтеруіне мүмкіндік

беріп отыр. Бүгінгі білімнің негізгі шарты үйренушінің жаңаны, өзіне қызықтыны, өз оқу траекториясын іздеу қажеттілігін қалыптастыру екенін ескерсек, қашықтықтан оқыту жүйесін жоспарлауда басты шарт студенттің өз бетімен қатысымдық, танымдық, ізденушілік әрекетке ұмтылысын қамтамасыз ету болуы қажет.

Сапалы сандық білім беру ресурстарына деген сұраныс өте үлкен болып отырған осындай кезеңде филолог ұстаздардың өзі ең алдымен жоғары ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік иесі болуы шарт. Бүгінгі ғылым мен қоғамның дамуы білікті ұстаз-мамандардан компьютерді тек қана баспа машинасы мен тақта орнына қолданып жүре бермей, қарапайым тұтынушы деңгейінен шығармашылық-өндірушілік деңгейге дейін көтеріліп, авторлық электронды білім беру ресурстарын даярлауға атсалысып, филологиялық білім берудің ұлттық электрондық базасын толықтыруға өз үлестерін қосуды күтеді. Елімізде бұл міндетті атқаруға лайықты инноватор филолог ұстаздар жеткілікті.

Ғаламдастырудың ең басты талаптарының бірі – көптілді білім беру жүйесіне ену. Бүгінгі күнде шетел жоғары оқу орындарында оқи алатындай білім беру сапасы бәсекеге қабілетті, жоғары сапалы Қазақстандық түлектердің негізгі құзыреттіліктердің бірі үштілділік, еуразиялық көпмәдениеттілік, коммуникативтілік пен технократтылық болып саналады. Сондықтан филологиялық білім беру бір жағынан, жаңа лингвистикалық саны дамытуға бағытталып, мемлекеттік тілде, ана тілінде және шет тілін үйренуге, екінші жағынан, қазақстандық білім берудің озық дәстүрлеріне негізделуі тиіс. Тілдік ғаламдастыру кезеңінде әрбір филолог маман ең алдымен егемен еліміздің үштұғырлы тіл саясатының басты шарттарын айқын білуге тиіс.

Осы тұста басқа да тілдерді оқытудың қажеттілігі туралы айта отырып, жеке тұлғаны дамытудағы ана тілінің маңызын ерекше ескерткен ұлы ағартушылар А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, Ш.Уәлиханов, М.Жұмабаевтардың ұлағатты өсиеттерін

естен шығармауымыз керек. Жас ұрпақтың санасында өзге тілдің емес, ана тілінің доминантты рөл атқаруына қол жеткізу – басты мақсат болуы тиіс. Тіл экологиясын сақтауда ана тілін шұбарламай, тілдің барлық көркемдік айшықтарын тереңінен қолданып, мәдениетті сөйлейтін, өз тұжырымдарын кез келген ортада жеріне жеткізіп айта алатын оқушының тілдік тұлғасын қалыптастыру – басты мақсат болуы тиіс.

Көптілді білім беруді енгізудің негізі жоғары оқу орындарында сапалы филолог мамандарды даярлаудан бастап қалануы тиіс. Студенттері мен профессорлық оқытушылық құрамының тілін үйренетін шет елдерде біліктіліктерін арттыруына барлық жағдай жасайтын ЖОО-нда ғана нағыз сапалы маман даярланады. Филолог мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарында жүзеге асырылып жатқан халықаралық байланыстар ауқымының кеңдігі, студенттеріміз бен оқытушыларымыздың алыс-жақын шет елдерде тағылымдамалардан өтуі арқылы қол жеткізіп отырған нақты жетістіктер осындай тұжырым жасауға негіз бола алады.

Еліміздегі жоғары оқу орындары филологиялық пәндер бойынша педагогикалық кадрлардың қажеттілігі проблемаларын шешудегі басты орталықтар болып отыр дегенімізбен, әсіресе ауылдық жерлерде филолог мамандардың жетіспейтіндігі белгілі. Түлектеріміздің ауылдық квотамен оқығандары ауылдарына қайтуға міндетті. Басқа жағдайларда қаланың дәмін татқан жастарымыздың ауылға қайтқылары жоқ.

Біраз статистикаға жүгінсек, филологиялық пәндер бойынша жалпы білім беретін мектептерде барлығы 71937 педагог жұмыс істесе, облыстардың, Астана, Алматы қалалары білім басқармаларының 2012 жылғы 1 қазандағы деректері бойынша педагогикалық кадрларға деген қажеттілік филологиялық пәндер бойынша: қазақ тілі мен әдебиетіне – 21, орыс тілі мен әдебиетіне – 148, ағылшын тіліне 76 маманды құрайды екен. Әсіресе, орыс тілі мен әдебиеті мамандарының санының жыл өткен сайын азайған үстіне азайып келе

жатуы алаңдататын мәселе. Көптеген жоғары оқу орындарында орыс тілі мен әдебиеті кафедраларында студенттерінің аздығынан арнайы мамандар даярлауға бөлінетін сағаттар саны азайып, мамандықтардың жабылып қалу қаупі төніп отыр. Оның есесіне басқа мамандықтардың қазақ бөлімдерінің санының артуына байланысты бұл кафедралардың оқытушылары практикалық орыс тілі сабақтарын жүргізуге көшуде.

2013 жылғы 1 қыркүйектен бастап ағылшын тілінің енгізілуіне байланысты қосымша 2294 ағылшын тілі мұғалімдері қажет. Осыған байланысты мемлекетіміз ауылдық жерде, әсіресе, шағын жинақты мектептерді жұмыс істеу үшін педагогтарды материалдық жағынан ынталандыру тетіктерін ойластыруы қажет.

Сондықтан маман қажеттілігін саралап отырған әрбір ауыл мектебінің басшылығы аудан әкімдігіне ұсыныстарымен шығып, болашағынан үміт күттіретін, тіл мен әдебиетке бейімі бар түлектеріне арнайы әкім гранттарын бөлдіруге тапсырыс беріп, мақсатты жұмыстар атқарылуы керек.

Грантпен оқитындардан ақылы оқитындардың саны артып отырған бүгінгі күнде арзанына, жеңіліне қарай ұмтылу баланың өзі қалап, сүйген мамандығына қол жеткізе алмауына әкеп соқтырып отыр. Кейде адасып, техникалық-жаратылыстану бағытындағы мамандықтарда оқып жүрген тіл мен әдебиетке деген бейімі әлдеқайда жоғары балалардың, таңдаған мамандықтарын сүймей, қиналғандарын да көріп жатамыз. Ал баланың мамандық таңдауына жол нұсқайтын ең бірінші адам – ол мұғалім.

Филологиялық пәндерді оқытуда ғылым мен білімді кіріктіру – 12 жылдық білім беруге көшудің ғылыми-әдістемелік негізін қамтамасыз етудің кепілі екені белгілі. Бүгінгі күнде мұғалімдерге оқушыларды мектеп қабырғасынан бастап ғылымға баулу міндеттеледі. Ал бұл ең алдымен мұғалімдердің өздерінің ғылыми-зерттеушілік құзыреттіліктерін дамытуды, күнделікті атқарып жүрген жұмыстарының нәтижелерін жалықпай саралап, ұлттық және әлемдік білім

беру жүйесіндегі озық идеялармен үнемі толықтырып отыруды талап етеді.

Жаһандандыру өмірдің барлық саласында инновациялық тәсілдерді практикаға енгізуді тездетеді. Әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастыру жағдайы тілдік және әдеби білім берудің қазіргі жай-күйін зерделей отырып, жаңа әдістер мен технологияларды анықтап, оқу үдерісіне енгізудің бар мүмкіндіктерін қарастыруды қажет етеді. Қазірдің өзінде «білім = оқыту» парадигмасы «білім = қалыптасу» парадигмасына ауысуда. Яғни, адамның қалыптасуы, оның өздігінен дамуы, жеке тұлғаға айналуы басты назарда. Осыған байланысты әлемде «функционалдық дайындық тұжырымдамасынан» «тұлғаны дамыту тұжырымдамасына» көшу үдерісі басталды. Жаңа тұжырымдамада білім берудің дербес сипаты, әрбір адамның нақты мүмкіндігін есепке алу және өздігінен дамуға көмек көрсету қарастырылады. Соған сәйкес оқытушының рөлі білім беру емес, білімді қалай алуды үйрету болып отыр.

«Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Барлық қазақстандықтарды біріктірудің негізгі факторы болып табылатын қазақ тілін одан әрі

дамыту үшін біз барлық күш-жігерімізді жұмсауымыз керек. Сонымен қатар елімізде тұрып жатқан ұлттар мен ұлыстар өз ана тілінде еркін сөйлей білуі және оқуы, оны дамытуы үшін барлық қолайлы жағдайлар жасалуы керек», – деп, оқытушы мамандарға нақты міндеттер жүктеген болатын.

Осындай қоғамдық-әлеуметтік маңызы жоғары, жауапты істе заманға сай көптілді және ұлттық санасы жетілген филолог маман даярлау бүгінгі күннің мәселесі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 17.01.2014. // http://www.akorda.kz/kz/page/page_215751_kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevtyyn-kazakstan-khalkyna-zholdauy-2014-zhylhy-17-kantar.

2 ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 14.12.2012. // http://www.akorda.kz/kz/page/page_poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-lidera-natsiinnursultana-nazarbaeva-narodu-kazakhstan

О. МҰСАБЕКОВ

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Математика, физика, информатиканы оқыту әдістемесі кафедрасы
Алматы қ., Қазақстан*

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПРОЦЕСТІҢ КЕЙБІР ПСИХОФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация

Берілген мақалада оқушыларды шығармашылық іс-әрекетке оқытуы ғылыми негізде басқаратын мұғалімдер білуі тиіс психофизиологиялық ерекшеліктер қарастырылады. Атап айтқанда, интеллектуалдық эмоция және оның шығармашылық іс-әрекет қажеттілігімен байланыс сипатталады. Байланыс формуламен анықталып, оған талдау жасалады.

Түйін сөздер: шығармашылық процесс, іс-әрекет, белсенділік, эмоция, интеллектуал, қажеттілік, толқу.

В данной статье рассматриваются психофизиологические особенности обучения учащихся творческой деятельности, знание которых позволит учителям научно руководить данным про-

цессом. Здесь описывается связь эмоций и потребностей в творческой деятельности. Связь выражена формулой и она проанализирована.

Ключевые слова: творческий процесс, деятельность, активность, эмоция, интеллект, потребность, переживание.

Annotation

This article describes the Psychophysiological features of student creativity, knowledge of which would učiteâm the scientific and direct the process. Here's how to link the intellectual emotions and needs of creative activity. Relationship expressed formula and it is analyzed.

Keywords: creative process, activities, activity, emotion, intellect, emotion, need professional experience.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында педагог қызметкерлер оқушылардың мемлекеттік білім беру стандартында көздеген деңгейден төмен емес білім алуын қамтамасыз етуге жеке шығармашылық қабілеттерін дамуы үшін жағдай жасауға міндетті делінген. Оқыту процесінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуды дұрыс жолға қою үшін мұғалім олардың даму процесін дұрыс ұйымдастыруы және басқара алуы тиіс.

Бұл процесті саналы түрде басқару үшін оның негізгі ерекшеліктерін, ол бағынатын заңдылықтарды білу керек. Өкінішке орай мұғалімдер даярлайтын ЖОО-ның оқу жоспарлары студенттерді – болашақ мұғалімдерді аталған мәселелермен таныстырмайды. Бұдан мынадай парадокс туындайды: шығармашылық қабілеттерді дамытудың ерекшеліктері мен заңдылықтарын білмейтін мұғалім оқушылардың берілген қабілеттерін дамытуы тиіс.

Шығармашылық қабілет деген не? Оны дамытуға бола ма, әлде ол туғаннан беріле ме?

Шығармашылық қабілет барлық адамдарда болады деген пікір бар. Бірақ олардың көпшілігі өздерінің мүмкіндіктері туралы білмейді немесе олар туралы тіпті ойланбайды. Шығармашылық қабілет – бұл ең әуелі адамның үйреншікті және күнделікті нәрселер мен мәселелерге ерекше көзқарас табу қабілеттілігі. Бұл қабілеттілік адамның ой-өрісіне тікелей байланысты. Ол неғұрлым көп білсе, зерттеліп отырған мәселеге үңілу оған солғұрлым жеңіл болады.

Шығармашыл тұлға өзінің негізгі іс-әрекеті саласында ғана емес, онымен байланысты салалардағы қоршаған дүние туралы көбірек білуге ұмтылады. Көпшілік жағдайларда шығармашыл адам – ең әуелі бейстандарт шешім табуға қабілетті ерекше ойлайтын адам. Шығармашылық процестің өзі жіктеледі. Мысалы, шығармашылық әдістердің бірнеше түрлері бар.

Шығармашылық шешім табу қабілеті бірден байқалмайды. Бірақ әрбір адамның өзінің белгілі бір мүмкіндігі бар. Шығармашылық процесс ойлау немесе талқылау нәтижесінде бірі екіншісінен туындайтын шешімдердің тізбегі.

Басқаша айтқанда өнертабыс немесе ашылыс тағдырдың сыйы емес, кездейсоқтық емес, мақсатқа бағытталған ойлау процесінің қорытындысы. Егер қандай да бір кездейсоқтық шынында да жүзеге асса, онда осы «кездейсоқтықты» көру үшін ұсақ-түйекке байқампаз болу керек, еңбекқорлық және төзімділік қажет.

Национальное сознание – одна из форм общественного сознания, в которой находит отражение этническая жизнь общества; это совокупность теоретических и обыденных взглядов на природу этнического, предполагающих осмысление специфики этнических процессов и существует оно на теоретическом и обыденном уровнях.

Национальное самосознание, являясь ядром национального сознания, может выражать интересы как отдельной личности, группы этноса, так и нации в целом. На уровне полиэтнического общества национальное самосознание образуется в процессе взаимодействия этнических самосознаний.

Следует отметить, что национальное самосознание является важным фактором, характеризующим нацию как общность и человека, как члена этой общности и проявляется через его носителей, т.е. индивидов, составляющих общность, и является важным компонентом мировоззрения личности.

Национальное самосознание личности включает в себя представление субъекта о своей национальной принадлежности, позитивное принятие своей этничности, отношение к историческому прошлому нации, её настоящему и будущему, активность в освоении родного языка, в изучении народной культуры, осознание и принятие национальных интересов и ценностных ориентаций, формирование отношений к другим этническим общностям, готовность сохранять ее территориальную целостность, стремление приумножать ее богатства. Являясь важнейшим компонентом в структуре личности, национальное самосознание составляет ее ценностно-смысловую основу. Само национальное самосознание имеет сложную структуру, которая включает *когнитивный, эмоциональный и поведенческий компоненты*. (Л.М.Дробижева, Квитковская В.И., Ондар Л.М.) [2]. Содержание этих компонентов можно представить следующим образом:

- *когнитивный* – включает представления об этнических группах - своей и чужих, различиях между ними, знание истории, ценностей, традиций, культуры, языка (государ-

ственного) своего отечества, этническую, национальную самоидентификацию;

- *эмоционально-оценочный компонент* - это эмоциональное оценивание качеств собственной группы, других этносов, переживание принадлежности к своей этнической группе, нации в целом, значимость для человека этого членства, осознание своей культурной, исторической и духовной принадлежности к стране;

- *поведенческий* – проявляется в действиях, поведении, проявлении себя членом определенного этноса, нации, использовании языка своего этноса, национального (государственного), поддержании культурных традиций, участии в социальных организациях, в способности и желании активно действовать на основе общечеловеческих и национальных ценностей и т.д.

Уровень развития национального самосознания в определенной мере зависит от взаимосвязи этих компонентов.

Процесс формирования национального самосознания как отдельного индивида, так и национального сознания представителей различных национальностей в целом, включает ряд этапов – национальную самоидентификацию (осознание индивидом своей национальной принадлежности); – развитие национального и интернационального компонентов и т.д.

Современная ситуация в Казахстане отличается полиэтничностью: в республике одновременно на одной территории проживают представители более 130 этносов. Национальное самосознание представителя государствообразующей нации строится на позиции: «Я – КАЗАХ – не только, владеющий казахским языком, знающий обычаи, традиции, национальную культуру, историю становления и развития своего народа, но и с уважением относящийся к языку, традициям, обычаям, национальной культуре и истории народов и народностей, находящихся в совместном проживании. Я несу ответственность за мир, покой, консолидацию и единение народов и народностей, проживающих в Казахском государстве. Я осознаю, что это путь цивилизованного развития национального самосо-

знания, менталитета моего народа. Это путь становления Мощного и Сильного Казахского государства» [3].

Национальное самосознание для представителей других национальностей, живущих на казахской земле, строится на позиции: «Я – представитель казахского государства, владеющий казахским языком, знаю обычаи, традиции, национальную культуру, историю становления и развития казахского народа, несу ответственность за консолидацию и единение всего народа Республики Казахстан, осознаю, что «Казахстан – это плоть от плоти (мое) родное государство, всегда готовое защитить (мои) права и свободы» (Н.А.Назарбаев). «Я осознаю, что это путь цивилизованного развития национального самосознания, менталитета моего народа. Это путь становления Мощного и Сильного Казахского государства».

Формирование национального самосознания будущего специалиста должно быть пронизано идеей «Я – МЫ – ВМЕСТЕ – ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЕ, КОНКУРЕНТОСПОСОБНОЕ ГОСУДАРСТВО – «ҚАЗАҚ ЕЛІ» [3].

В настоящее время остро встают проблемы формирования национального самосознания личности в образовательной сфере, которая является фактором устойчивого развития общества в XXI веке.

Формирование национального самосознания личности студента является составной частью процессов социализации и воспитания, происходящих во взаимообусловленном единстве. Одной из задач вуза, как социального института, является формирование у будущего специалиста, умения не только жить в сообществе разных людей, но и сотрудничать с ними на основе взаимопонимания и согласия. Вузовская социализация представляет собой процесс создания условий для освоения студентом компонентов национального самосознания, различных социальных ролей (гражданина-патриота, профессионала, семьянина) в ходе его адаптации и интеграции в вузовское сообщество посредством саморазвития и самореализации [4].

Формирование национального самосознания студентов – это комплексный процесс. В

тех или иных формах воспитательную работу со студентами осуществляют деканат, кафедры, наставники и кураторы, преподаватели отдельных дисциплин, управление по воспитательной работе, молодежной политике и развитию государственного языка, комитет по делам молодежи, подразделения культурно-массовой работы, профсоюзные, молодежные общественные организации, библиотека, средства массовой информации. Актуализирует национальное самосознание и стимулирует процесс национального познания и самопознания личности студента процесс изучения государственного и иностранного языков.

Обширное поле деятельности, где может проявиться уровень не только политического, социального, но и национального самосознания, представлено студентам в общественных молодежных организациях, объединениях, волонтерском движении, досуге, студенческих строительных, педагогических и др. отрядах.

Уровень развития национального самосознания личности связан с уровнем развития толерантности, чему способствует введение в содержание учебно-воспитательного процесса комплекса знаний об особенностях языка, традиций, культуры общения.

Формирование национального самосознания личности студента может быть успешным, если оно совершается непрерывно, охватывает все стороны жизни молодого че-

ловека, ведет к преодолению разрыва между национальным, этническим и личностным самосознанием. Специфика формирования национального самосознания у студента заключается в организации педагогического процесса вуза на основе новой парадигмы образования (личностно-ориентированной, гуманистической) и организация его как человекообразующего процесса. Необходимо использовать все потенциальные возможности педагогического процесса вуза как микрофактора для успешной социализации студенческой молодежи.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Слотина Т.В. Психология личности: Учебное пособие. – СПб.: Питер, 2008.
- 2 Дробижева Л.М. Российская и этническая идентичность: противостояние или совместимость / Россия реформирующаяся. – М., 2002. – С. 242.
- 3 Концепция «Қазақ елі» – проект нового времени» (проект) – Алматы: КазНПУ им.Абая, 2013. – 24 с. (в соавт. С.Ж.Пралиев, К.Н. Нармбаев, К.Н. Нармбаев, С.Т. Иманбаева, К.К. Жампеисова К.К., Кайдарова А.Д. и др.).
- 4 Колумбаева Ш.Ж., Хан Н.Н. Формирование национального самосознания студентов в педагогическом процессе // Bulletin d'EUROTALENT-FIDJIP, 2014, N 3, 59-63.

ӘОЖ 37.03

С.Т. ИМАНБАЕВА

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
«Ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану» кафедрасы
Алматы қ., Қазақстан

**АКСЕЛЕУ СЕЙДИМБЕКТИҢ «ҚАЗАҚ ӘЛЕМІ» АТТЫ ЕҢБЕГІНІҢ
«ҚАЗАҚ ЕЛІ – МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫН ІСКЕ АСЫРУДАҒЫ
ТАРИХИ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Аннотация

Мақалада Ақселеу Сейдімбектің «Қазақ әлемі» атты еңбегі қазақ болмысын, тарихын зерделеуге арналған, бүкіл қазақ даласын тербеткен тарихи құнды еңбек, ұлт руханиятының құнды қазынасы екеніне тоқталады. Оның әр шығармасында қазақ еліне тән тектілік, бекзаттылық, ұлттың биік рухы дәріптеледі. «Қазақ әлемі» – бүгінгі Елбасының ұсынып отырған «Қазақ елі – Мәңгілік ел» атты ұлттық идеясын іске асыруда негізгі тарихи ұстаным болатыны мақалада сараланып беріледі.

Түйін сөздер: қазақ әлемі, қазақ болмысы, ұлт руханияты, тектілік, бекзаттылық, ұлттық биік рух, қазақ елі, мәңгілік ел, тарихи ұстаным.

Статья посвящена анализу труда Акселеу Сейдимбека «Казак әлемі», в котором изучены бытие и история казахского народа. Автор указывает, что труд имеет историческую и национальную духовную ценность. В каждом произведении автора восхваляется высокий национальный дух, знатность и благородность, которые присущи казахам. В статье подчеркивается, что труд «Казак әлемі» может быть историческим принципом в осуществлении национальной идеи Президента «Казак елі – Мәңгілік ел»

Ключевые слова: казахский мир, бытие казахов, духовность, знатность, благородность, высокий национальный дух, исторический принцип.

Annotation

The article deals with labor Akseleu Seydimbek “Kazakh alemi”, which is devoted to the study of byte and history of the Kazakh people. Also points out that the work has a historical and national spiritual values, which covered all the Kazakh steppe. In each of his works voskhvalyutsya high national spirit, nobility and blagordonost, which is inherent to the Kazakhs. The article reveals that labor “Kazakh alemi” may be historical principle in the implementation of the National President’s ideas “Kazakh Eli – Mәngilik eat.»

Keywords: kazakh world, national Duhon, nobility, blagordonost high national spirit, the eternal country, the historical principle.

Бүгінгі Елбасы ұсынып отырған «Қазақ Елі – Мәңгілік ел» ұлттық идеясын іске асыруда ұлт зиялыларының ой тұжырымдарының, еңбектерінің, ғылыми көзқарастарының алар орны ерекше. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан ұлт зиялыларының артына қалдырған мұралары егемен еліміздің, қазақ елінің жастарының бойындағы ұлттық, тари-

хи санасын қалыптастыруда негізгі ғылыми тұғырнама болып табылады.

Осы тұрғыдан алғанда Ақселеу Сейдімбектің «Қазақ әлемі» ғылыми еңбегінің «Қазақ елі – Мәңгілік ел» идеясын қоғамда қалыптастырудағы тарихи маңыздылығына келетін болсақ, ғалымның «Қазақстан үшін іргетас болатын жалғыз идея бар. Ол – Қазақ идеясы. Қазақ идеясы ғана Қазақстанды дербес мемлекет ретінде даралап, жалпы қазақстандықтардың бүгінгі және тарихи перспективадағы мақсат – мүдделеріне іргетас бола алады. Бұл тұрғыдан қазақ идеясын – ұлттық идея деп атауға болады», – деген ой – тұжырымы қазіргі таңдағы қазақ елі мәңгілік ел идеясымен ұштасып жатыр [1].

Ақселеу Сейдімбектің «Қазақ әлемі» атты еңбегінің «Ең үздік қазақ кітабы» деп бағалануы еңбектің тарихи, ғылыми маңыздылығын көрсетеді.

«Халықтың рухани әлемі де шимайлы ізге толы сонар секілді. Оның да ұзақ сонары, келте сонары немесе қан сонары бар. Уақыт арасы ұзаған сайын, ұзақ сонардағы із сияқты, халық болмысының байыбын бажайлау қиындай береді. Халық болмысының өткенін, бүгінін және болашағын біртұтас құбылыс ретінде қарағанда ғана шындықтың шоқтығына қол тигізуге болады. Оның шыннайы болмыс бітімі сол тұтас қалпында қарастыру арқылы танылады [2].

Яғни, халық болмысының ұзақ сонары, келте сонары, қан сонары болғанымен мұның үшеуіде сол халықтың біртұтас ғұмырнамасы. Өмірдің сабақтастығы дейтін құдірет осы. Бұл сабақтастықты терең сезіне отырып, қайдан шыққаныңды, қай өрістерді шырылап жүргеніңді, енді қайда баратыныңды пайымдауға болады», – дейді. Расында да, ғалым халықтың тарихи болмысын ашуды сонарға теңей отырып, бастауы мен барар бағытын білген соң, бітімі мен болмысын, парқы мен нарқын білуі қажет екенін, қазақ әлемінің мәдениет пен өнер, салт пен дәстүр, парасат пен кісілік, тіл мен таным, ұлттық психологиясы елдің елдігі мен бірлігін айқындайтын негізгі құндылықтар жүйесін саралап береді.

Өзінің тарихқа көзқарас атты тарихнамасында «қазіргі жер басып жүрген қазақтар Батыстан Шығысқа қарай аттағандардың бәрін ұлы қолбасшылар ретінде танып, олардың үрім бұтақ зәузатына дейін жаттап өсті. Ал, Шығыстан Батысқа қарай жорық жасағандар шетінен жабайылар, қанішелер ретінде санаға сіңді [3].

Сонымен қатар, ғалым «Даланың ауызша тарихнамасы», «Қазақтың ауызша тарихнамасы» атты тың жанрлық атаулар дүниеге келтіре отырып, халқымыздың рухани биік парасаты, төлтұма қасиеттерін асқақтата отырып, қазақ ғибратын танытатын қазақтану ғылымының негізін салды. Оның әрбір еңбегінде, сөзінде көшпелі жұрттың өмір тіршілігі, ұлттық қасиетті қастерлеу, ұлттық ұғымдағы жөн – жобаны білу, қазақ жанының қисынды келбеті бейнелей отырып, ұрпақтан – ұрпаққа жеткен сөздік қордың баюына ат салысты.

Қойшығара Салғариннің естеліктерінен ғұлама ғалым туралы «Ақселеу Сейдімбектің азаматретіндегі болмысын айғақтайтын айқын қасиеттерінің ең бастысы – оның жалтақсыз ұлтжандылығы. Бұл ұлтжандылық – әйтеуір, бір ұлтқа тиесілі болғандықтан қиқуға ілесетін пендешіліктен ада, халқының қадір-қасиетін терең танып-түсінуден туындаған құрбаншыл ұлтжандылық. Содан да болуы керек, ол өзінің ғылыми-шығармашылық ізденістерінде ұдайы ұлттың рухани дәулетін еселеп, бұрын із түспеген соныға құлаш ұрып, жаңалыққа жаршы болып, әсіресе, халық мұрасының еленбей жатқан сырларын түгендеп отыруға айрықша құштар. Ол үшін қазақ ұлтының тарих аясындағы болмыс-бітімі біртұтас киелі жаралым. Ақселеу Сейдімбек еңбектерінің ұдайы «қазақ» деп басталып отыратыны да көп жайтты аңғартса керек: «Қазақ әлемі», «Қазақтың қара өлеңі», «Қазақтың күй өнері», «Қазақтың ауызша тарихы», т.б. Сөз жоқ, осы аталған еңбектердің қай-қайсысы да тегеурінді де тың ой-тұжырымдарымен қазақтануға олжа салған, ешқашан ғылыми-танымдық мәнін жоймайтын өміршең дүниелер.

«Ақселеу Сейдімбек бұрын жиналмаған да зерттелмеген қара өлең мен күй аңыздарын

алғаш рет рухани айналымға түсірді; алғаш рет қазақ эпостарының қара сөзбен насихатталуына мұрындық болды; алғаш рет Гомер туындыларын қазақ оқырмандарына таныстырды; алғаш рет тарихты жеке тұлғалар арқылы зерттеу идеясына ден қойды; Қазақстанда этнографиялық және этнологиялық ізденістердің жандануына ықпал етті; сөйтіп, көшпелілердің төлтума мәдениеті деген категориялық ұғымның орнығуына тегеурінді үлес қосты; қазақтың музыкалық мәдениетінде бес мектептің барын алғаш рет саралап танып, олардың даралық сипаты мен типологиялық тұтастығын айғақтап берді; қазақтың ән өнерінің тарихи-эстетикалық қасиетін алғаш рет кешенді қалпында танытуды мақсат еткен телехабарлар сериясын жасады; қазақтың ру-тайпалық жүйесін алғаш рет тарихи-этнологиялық, әлеуметтік-саяси және мәдени-рухани аяда зерделеп, қазақ шежіресінің қазақ тарихына қатысты түпдеректемелік мән-маңызын ашып берді; халықтың рухани дәулетін сабақты жібіне дейін түгендеуді мұрат тұтқан ұлтжанды азаматтың қам-қарекеті екені кімкімге де күмән келтірмесе керек. Осындай қасиеттерінің арқасында оның есімі халық арасында айрықша құрметке ие» [4].

А.Сейдімбек мұраларының ішінде зерттелген, жинақталған дүние қазақ елінің шежіресі. Оны ол өз ғылыми еңбектерінде баса айтты. «Менің қолыма 1,5-2 мыңдай шежіре түсті. Оның ішінде кейбір шежірелер былай басталады. «Мен өзім бір ғасырға куә болдым. Тағы бір ғасырға куә болғандардың сөзін естідім. Менің бойымда екі ғасырдың ақиқат сөзі бар». Ал екі ғасырлық тарихы жоқ елдер бар. Екі ғасырлық ақиқат сөз шежіреде тұр. Оның үстіне соңғы екі ғасыр қазақ тарихындағы өте тағдырлы ғасырлар болды. Демек, шежірелік айғақ-деректі көз көре отырып, оны қорытып, пікір білдірмеу менің рухани бағыт-бағдарым үшін қылмыспен пара-пар шаруадай еді». Расында да, ғалымның жинақтаған дүниелері, деректері бүгінгі «Қазақ елі – Мәңгілік ел» тарихнамасында негізгі құнды мұра болып табылады.

«Балталы бағаналы ел аман бол» атты шежірелік еңбекте де ұлы дала тарихына

шолу жасай отырып, үш жүздің құрамын, далалық ауызша шежіреге, Еуразия көшпелілерінің, оның ішінде түркі тілдес халықтардың тарихына біртұтас құбылыс ретінде ден қойып, жүйелілік тұрғыда қарастырады. Халқымыздың дәстүрлі шежірешілдігіне құнды дерек көзі ретінде мән беріп, Шыңғыс ханнан бастап хандар мен сұлтандардың тарихы, түркі халықтарының ұлт ретінде қалыптасуы туралы сыр шертеді, ал үлгі үшін Найман тайпасының, оның Балталы, Бағаналы руларының шежіресін таратады. Ол «қазақ шежіресі өзінің тарихи деректерге қанықтығы мен шыншылдығы жөнінен, тарихи таным үшін мейлінше құнды көзі болып табылады», – деп ерекше мән береді.

Сонымен қатар, ғалымның руларға бөлу туралы «тұңғыш рет қазақ ру-тайпаларының этникалық бөлік емес, бұл әкімшілік-аумақтық, территориялық бөлік екенін қолмен ұстатқандай дәлелдеп отырмын. Демек, жүзге бөліну деген сөз барып тұрған ақымақтық, төл тарихын білмеушілік болып шығады...» деген қағидасы – XV ғасырдың ортасында Қазақ хандығының құрылғанда мемлекет іргесін қалыптастыру үшін тайпалық, рулық, жүздік құрылымдардың жасақталғанын негізге ала отырып, бүгінгі таңдағы руға бөлуге байланысты көптеген келеңсіз жағдайларға тосқауыл беретін бірден - бір ұстаным болары дау туғызбайды.

Расында, Ақселеу мұрасын тану – ұлтымыздың кешегі мен бүгінін зерделеу, көшпелі жұрттың өмір тіршілігін тану, қат – қабат тарихты терең зерттеген, сонын сырына терең бойлатқан ғұлама – ғалым. Белгілі журналист Нұртөре Жүсіптің «Ұлан ғайыр қазақ әлемін түрек салып зерттеген адам болса, сол адам осы – Ақселеу Сейдімбек. Аханның әлемі, ол – Алаш әлемі, Аханның әлемі ол – қазақ әлемі».

Оның соңғы ескерткіш тасына ойып жазылған «*Көктегі күнге, жердегі елге мейірімім қанбады*» деген ғибрат сөзінен, еңбектерінен Ақселеу әлемінің өзіндік даралығы мен даналығын, артындағы ұрпағына қалдырған қайталанбас жауһар мұралары арқылы алаш рухын, қазақ рухын мәңгі сөндірмейтін асыл қазына екенін көруге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Сейдімбек А.С. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997. – 464 б.

2 Сейдімбек А.С. Қазақтың ауызша тарихы: Зерттеу. – Астана: Фолиант. 2008. – 727 б.

3 Сейдімбек А. Қазақ әдебиеті. № 33, 2003 жыл, 25 тамыз.

4 Тарақты Ақселеу. Балталы бағаналы ел аман бол. Шежіре. – Алматы: Қазақ университеті. 1993. – 224 б.

5 Сейдімбеков А. Күңгір - күңгір күмбездер. Сұлулық туралы сырлар. – Алматы: Жалын, 1997. – 272 б.

ӘОҚ: 371(09)(574)

К.Қ. ҚҰНАНТАЕВА

ҚР ҰҒА–академигі, Ресей Білім академиясының мүшесі

Грузия Білім академиясының мүшесі

Алматы қ., Қазақстан

**ҚҰРБАНҒАЛИ ХАЛИДУЛЫНЫҢ «ТАУАРИХ ХАМСА»
ЕҢБЕГІНІҢ ТӘЛІМ –ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ**

Аннотация

Қурбанғали Халидидың «Тауарих хамса шарқи (Бес халықтың тарихы)» атты кітабы 1910 жылы Қазан қаласында жарыққа шықты. Жоғарыда аталған кітап тарихшылар, этнографтар мен әдебиетшілер арасында кең таралды. Мақалада авторлар өсіп келе жатқан жасөспірімдердің білімі мен тәрбиесі жөніндегі сұрақтарына байланысты кітаптың оқылмаған тұстарына көңіл бөлді. Сонымен қатар, мақалада Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Яссауи, Асан қайғы, Құнанбай қажы, Шоқан төре және тағы басқа танымал тұлғалардың педагогика тарихына байланысты келтірген дәлелдері қарастырылады.

Түйін сөздер: тәрбие, мәні, түйсік, мінез, қылық, ықпалдастық.

Книга Курбанғали Халиди «Тауарих хамса шарқи (История пяти народов)» вышла 1910 году в городе Казани. Вышеназванная книга получила широкое распространение среди историков, этнографов, литераторов Казахстана. В статье авторы обратили внимание на такие стороны книги, которые раньше не были изучены, в частности, на вопросы образования и воспитания, подрастающего поколения. Также в статье освещаются сведения о Юсуфе Баласгуни, Кожа Ахмете Яссауи, Асан қайғы, Кунанбае қажы, Шокане төре и других известных личностях, значимых для истории педагогики.

Ключевые слова: воспитание, характер, образование, понятие.

Annotation

The Book Kurbanguly Halidi “Tauarikh Hamsa Sharqi (History of the five Nations)” was published in 1910 in the Kazan city. In addition to this work he wrote four books but only two known. The above mentioned book is the most common among historians, etnografers and writers of Kazakhstan. We have noticed such parts of the book which are earlier not been studied, in particular, the issues of education and upbringing of the younger generation. For the history of pedagogy important information is about Yusuf Balasaguni, Kozha Ahmad Yasawi, Asan Kaigy Kunanbai kazhy, Shokan Torah and other celebrities.

Keywords: education, character education concept.

Ел арасында «өткенді білмегеннің болашағы жоқ» деген қанатты сөз кең тараған. Бұның мәні өткенді біліп қана қою емес, одан сабақ алу, сол кездерде кеткен кемшіліктерді болдырмау, жақсыларынан үлгі алып, өнеге үйрену. Бұл ретте өткендегі тарихи материалдарды танып-білу, алдымен сол кездегі қоғам жайлы мәліметті толықтырса, сонымен қатар онда өмір кешкен адамдардың ой-санасы, сезім-түйсігі, жүріс-тұрысы, мінез-құлқынан мәліметтер алахабардар етеді. Бұл мәліметтерді қазіргі тұрмысты зерттеу, осы күнгі адамдардың ерекшеліктері мен ұқсастықтарын пайымдап тәлім-тәрбиеде пайдалану мүмкіндігі мол.

Адам және қоғам жайлы тарихи мәліметтер, бүгінгі күнге қажетті зерттеулер жүргізуде аса пайдалы. Өйткені сол арқылы біз қоғамның қаншалықты жаңғырғаныдығын, ондағы өзгерістердің адам болмысы, табиғатқа тигізетін пайдасы мен олардың өзара ықпалдастығын нақтылауға септігін тигізеді. Бұл ретте XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ жеріндегі әлеуметтік-саяси ахуалдар мен сол кездегі қазақ халқының өмірі жайлы мәліметтерге толы еңбектің бірі Құрбанғали Халидұлының «Тауарих хамса шарқи (Шығыстағы бес халықтың тарихы)» [1] тарихи, этнографиялық шығармасы.

Ғалымның аталмыш еңбегі ескі түрік тілі немесе сол кездегі ғалымдар пайдаланған шағатай (чағатай) тілінде жазылып, 1992 жылы қазақ тіліне аударылған. Осы еңбекті зерттеген тарихшы, этнограф ғалымдар Ж. Қармышева [2], Н. Мұқанова [3], А. Апыс-бес [4], Б. Сманов [5], С. Дәуітов [6] жазушылар С. Балғабаев, Т. Жұртбай, Д. Досжан тағы басқалар «Құрбанғали Халидұлының әйгілі тауарих хамса еңбегі» деген тіркестерді келтіреді. Біздің пікірімізше бұл осы еңбектің танымаладығын көрсетсе керек.

Ғалым тарих ғылымының маңызы жайлы «тарих ғылымы – әлемнің жаратылуы және адамзаттың түрлі ұрпақтарының тіршілік – тынысымен, әділ патшалар мен жәбірші әмірлердің істерімен қоса, қоғамның даму қағидаларына (заңдылықтарына) қанықтырады» - деп ары қарай өзінің осы ғылымға назар ауда-

ру себептерін жазған. Құрбанғали Халидұлы шыққан әулетте сауатсызы болмаған және ғалым өзі оқу білімге ерекше назар аударған, мысалы, XIX ғасырдың бас кезіндегі Аягөздуаны жайлы айта келіп осы жылдары «дуанда медресе ашылып, көптеп шәкірттер оқытылған, риторика, мантиқ т.б. ғылымдар оқытылған» деген мәлімет береді [1, 155 б.].

Ғалым Семей медресесін тәмамдаған соң сол жерде ұстазының көмекшісі ретінде біраз жыл қызмет еткен, және кіші ініс Мұхаметшақты медреседен соң Бұхарада оқытқан, ол қайтып келіп Шәуешектегі бір медреседе мұғалім болған. Сол кезде жаңаша оқыту қолға алына бастаған екен, осы Мұхаметшах балаларды жаңаша оқыту үшін медресеге парта қойғызып, Ресейден глобус, карта алдырыпты. Бұны түсінбеген халықтың бір бөлігі ол кісіні «орыс молда» деп атап, көрген жерде мұқатып, балаларды теріс оқытты деп көп кедергі жасаған.

Осы әрекеттердің нәтижесі болса керек Шәуешек қаласындағы оқу істеріне байланысты «1890 жылы декабрь сәрсенбі 15 «усулжадид» - жаңаша оқу түрі ашылды» «1902 жылдың 17-сентябрінде мектеп ашылып балалар оқи бастады» онда тағы да «1905 жылдан басталып Шәкірбай дегеннің бағында мектеп салынып, 1906 жылы 17 августа сабақ басталды. Мектеп халық қаржысымен салынып патша құрметіне «Николайская школа» деп аталды» деген деректерді оқимыз «Тауарих хамсадан» [1, 276 б.].

Құрбанғали Халидидің аталмыш еңбегінде сол кездегі оқу-ағарту мәселелеріне байланысты мәліметтер баршылық. Солардың ішінде педагогиканың тарихына байланысты материалдар кездеседі, мысалы, Қожа Ахмет Яссауи, Жүсіп Баласағұни, Асан қайғы, Майқы би, Абылай хан, Қабанбай батыр, Құнанбай қажы, Шоқан төре, Дулат ақын, Жанақ ақын және би, шешендерге қатысты ақпарлар баршылық. Қазақ халқының салт-дәстүрінен этнопедагогика ғылымына байланысты көптеген мәліметтерді оқу үрдісіне ендіріп, жастар тәрбиесінде пайдалануға болады.

Бұл мақалада Құрбанғали Халидұлының «Тауарих хамса (Бес тарих)» еңбегіндегі педа-

гогика саласына қатысты тұстарына тоқталмақшымыз. Белгілі болғандай оқу, ғылымға байланысты көптеген кірме сөздер бар, мысалы кітап, мектеп, қалам, дәптер т.б. солардың ішінде «мұғалім» сөзін осы кітапта «Қожа тұқымынан біреу хан, яки ханзадаларға ұстаз болса, оған «маулауи» деп ат қояды, оны кей кітапта «маулана» деп жазады, ол да дұрыс (маулауи-иелік ететін кісі, маулана- иеміз, қожамыз деген сөз, кейінгі уақытта ұстаз орнына да қолданылған)» дегенінен мұғалім атауының келіп шығуын пайымдауға болады [1, 49 б.]. Ғалымның осы айтқандарын педагогика оқулығына ендірісе «мұғалім» атауының тегі нақтыланады. Бұл педагогикада үнемі айтылып жүрген педа – жетелеу, логос ғылым, содан педагогика атауы пайда болған деген ұғыммен салыстыруға келеді.

Сол кездегі хан сарайында қызмет атқарушылар туралы «қазі, мұфти, катиб (сот, заңгер, хатшы), бұлардың еңбегі жазу, көшіру, мөр(құжат жұмыстары- И.Р.) бойынша алған ақшаларымен күнелтіп, имам, мүддәрис (оқытушы) тағы басқа ғұламаларға уақафтан, яғни қазынадан қаржы беріледі» – делінген кітапта [1, 49 б.]

Ғалым, тарихи тәжірибелерді ұрпақтан – ұрпаққа жеткізудің қазақ арасында кең тараған жолына байланысты «Бұл найман руларының көнеден келе жатқан жазылған тарихы болмағанымен, ата-бабаларымен түрлі ұрпақтарының ақпарлары ауыздан-ауызға аңыз болып ұласып келе жатқанын ешкім жоққа шығармайды» [1, 51 б.] – дегенді келтіреді. Тарихи мәліметтерді жеткізудің басты жолы шежірелерді тыңдау, есте сақтап ары қарай ұрпақтан ұрпаққа жеткізу, осының жолын Қ.Халидұлы «негізінде, шындығы басым, тарихи оқиғалар анық. Себебі бұл тайпалар өздерінің тарихты тереңдетіп оқымағанының салдарынан нақтылы, анық айтып, білімге таласатындары болмағанымен, бабаларының сөздерін зейінмен тыңдап, ұғып, олардан естіген шежірелерін еске алып әр мәжілісте, әр жиын отырыстарда үнемі қайталап, шын ниетімен ойларында ұстап, ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып...» [1, 51 б.] сол арқылы біріне бірі үйретіп, айтып жеткізіп отырғанын

келтіреді. Ғалым сонымен қатар «ұлы дүбір мерекелерде шежірешінің маңайын толтырып, өткендерін сұрастырып, үйлерінде болса ол кісінің алдында дәріс оқығандай үйреніп жақсысын жаттап, қиынын қаттап жататын сол шежірешіден мен өзім де бір неше рет сабақ алып едім» [1, 51 б.] – деп қазақ халқының өз тарихына қызығушылығы мен оны үйрену, насихаттау тәсілдерін келтіреді.

Тарихи тағылымдарды оқымай-ақ меңгеріп отырған қазақ халқына өзінің таңдануымен қоса ғалым «үлкендердің аузына қарап, естігендеріне сүйеніп оқымай қалған да болар.» – деумен қатар мұндағы шешендіктің маңызын пайымдайды «сөзуарлық, шешендіктің негізгі мақсаты өз ойын көркем тілмен жеткізе білуді толық меңгеріп алған соң, жазу, оқу қажет болмас. Себебі, оқуға сенген – ұмытшақ, жазуға сенген-жаңылшақ деген қағиданы ұран орнына көтергеннен болса керек» [1, 52 б.] – деп халықтың табиғи қабілеттілігіне қайыл болады.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде қазақ жерінде ескіше оқумен қоса жаңаша білім алу, кейбіреулердің тіпті орысша оқуға да ынта қойғаны белгілі, осыған байланысты «бірақ осы соңғы жылдары оқып, жазып тарихтан хабардар болу нәтижесінде ауызша сөзге аса құлақ қоймай барады. Қадым сөздің қадірін білетін қарттар таусылып, жастар әр кім өз кәсіп-тіршілігімен айналысып, өткен ақпарлардан не пайда, келді- кетті заман әркімнің өзінікі емес пе деп өздерін уатар заман туды» [6, 52 б.] – дегені қазіргі күнгі ахуалды алға тартады. Көптеген халықтардың ассимиляцияға душар болып, жойылып кетуінің себептерінің бірін осы өз тарихына назар аудармай, тек күнкөрске берліп кету екенін дәріптейді ғалым.

Тарих, бұл халықтың санасы, жеке тұлғаның өзін пайымдауының басты факторы десе де болады, себебі тарих арқылы адам өзінің кім екенін, өз ұлтының ерекшелігін таниды, сол арқылы басқаларды да таниды, бұл оның өмір сүруін жеңілдетеді. Қ.Халидұлы «жазудан басқаға нанбайтын жастардың есінде болсын. Егер шынында көнеден аңыз болып келе жатқан шежірені айтушылар болмаса

осы күнге дейін, мен пәленшемін деп айтар кісі қалмас та, халықтың шежіреге сенімі, әкімнің мөрмен бекіткен шешіміндей» – дегенді жазған [1, 52 б.].

Осы еңбекте қазақ тілінен мықтап орын алып, ұлттық ұғымға айналып кеткен «ғұлама» сөзінің келіп шығу тегіне қатысты мәлімет бар. Бұл мәлімет Нарбота ханға байланысты келтірілген, оны көрген адам «Нарбота заманында біз бала едік, сонда да аталарымыздың сөзі құлағымызда Нарботаның пәкізаттығы болғандықтан «улеми» деп атаушы еді... Мауароаннахрда шарифаттан, халық силаған жолдан таймаған әміршілерді «улеми» атау дәстүрі болған.» [1, 13 б.] дейді. Мұндағы «улеми» сөзінің мағынасын Нарбота ханға берілген сипаттамадан пайымдауға болады, ол «ғалымдармен түрлі жұмыстар істегенде, ерекше бір кісілерге жаза қолданғанда өте сақтықпен қарап, күдік тудыратын жайы жоқ па екен деп тексеріп барып шара қолданатын, орынсыз шектен аспайтын, соның арқасында халық арасында «улеми» атағымен даңқы шыққан» деп жазады ғалым. Жоғарыда осы адамды тағы да «пакизаттығы» деген сөзбен осы Нарботаны сипаттаған, біздіңше бұл парасатты әрі білімді әрі тәрбиелі дегенге саяды. Басқаша айтқанда «улеми» біздер жиі қолданатын «ғұлама» сөзіне сйкес ұғымды береді.

Хандар мен ханзадалар арасындағы қақтығыстарда «ғалымдарды қорлап, кітаптарды құртып, бесіктегі ханзадаларды да аямағандар» болыпты. Ел басқарудағы кемшіліктерді айта келіп Қ.Халидұлы «іс басына ешқашан лайықты адам қоймай, қойса елге пайдалы істі орындатқызбай өмірбақи аяқтан тартып өткен, бұл олардың ең сүйікті әдісі еді», – дейді ғалым сол кездегі ел басқарушылар мен патша өкіметінің саясатын сынай келе [1, 9 б.].

Педагогиканың тарихында ертедегі «спарта» мектебіндегі әскери дайындық арқылы балаларды тәрбиелеу жайлы айтып, бұны арнайы тәрбиенің бастамыс ретінде қарастырады. Ал қазақ жерінде әскерилерді арнайы дайындау болмаған деген пікір қалыптасқан. Бірақта әскери мектеп болмағанымен арнайы дайындық болу керек екенін ұғынған бас-

шылар әскери ісіне үйретіп тіпті қару-жарак жасауды да қолға алған екен. Бұл туралы Қ.Халидұлы «Яғқуб хан билік еткен кезінде шеберлерді жинап зеңбірек құйдырып, әскерді тәртіпке салып, мешіт-медреселер көтеріп, қалалар арасына уақытылы қарым-қатынас (пошта) жүргізіп халқына біраз қызмет еткен» – деп мысал келтіреді [1, 47 б.].

Қазақтың бүкіл тарихы ауызекі болғанын айта келіп, тарих шежіре түрінде ауыздан-ауызға өтіп отырған. Ғалым, «Дегенмен, уақыт оза келе бұл шежірелер өз негізінен артық кемі болып, ілгері-кейінді айтылып, шатастырарлықтай жағдай болса да, өзге тарихи мәліметтермен салыстыра отырып, реттестіру нәтижесінде белгілі бір шындыққа жақын, тоқтамды пікірлер айтуға болады» дейді [1, 51 б.].

Бұлай болуының себебін Қ.Халиди «себебі бұл тайпалар өздерінің тарихты тереңдетіп оқымағаны салдарынан нақтылы, анық айтып, білімге таласатындары болмағанымен, бабаларының сөздерін зейінмен тыңдап ұғып, олардан естіген шежірелерін еске алып әр мәжілісте, әр жиыйн отырыстарда үнемі қайталап, шын ниетімен ойларында ұстап, ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып, насабшыларына шежіреші деп ат қойған. Ұлы дұбыр мерекелерінде шежірешінің маңайын толтырып, өткендерін сұрастырып, үйлерінде болса ол кісінің алдында дәріс оқығандай үйреніп жақсысын жаттап, қиынын қаттап жататын болған. Сол шежірешілерден мен өзім де бірнеше рет сабақ алып едім» - деп көрсетеді [1, 51 б.].

Бұларды айтып отырған себебіміз тарихты тану, біз кіміз, мен кімін, тегім, туып өскен жерім мен елім қандай? Деген сауалдарға жауап іздеу сауат ашу, саналы өмір сүрудің бір факторы емес пе.

Ұлттар арасындағы өзара қарым-қатынастың тереңдеуінің олардың өзара түсіністігін қалыптастыратын еді. Өйткені түсінісу үшін тығыз аралсу керек. Осы туралы Қ.Халидұлы «Екі жақтың адамдары бірімен-бірі араласып тұрмысын көзімен көрсе өз ойларының жаңсақтығына көздері жеткен болар еді. Көзімен көрсе сырына қанық болып

ондай теріс пікірге бармас еді» – деп жазады, ол өзінен басқаны жабайы санағандар үшін назаланп [1, 91 б.].

Қ.Халиди өзі туралы «Аяғөз туған жеріміз, найман жүрген еліміз» деген екен. Ол қазақ халқымен бітақайнасып, жақын араласу арқылы терең әрі жан-жақты таныған. Халқымыздың сол кездегі парасатты адамдарының бойында болатын бір мінез «сөзге тоқтау» дегенді «Бұл халықтың құдіреті, осындай астарлы сөз бастан асқанда, кім де болмасын қарсыласын мойындайды, сөзге жығылады» – деп дәріптейді [1, 92 б.].

Біз ылғида халқымызды кең пейіл, қонағжай, түсінігі мол дейміз. Осының басты көрсеткіші не? Дегенде, ол халқымыздың ешкімді, ешқашан жатсынбайтын дархандығы. Осыған орай ғалым «қазақ арасына сіңген қай халық болса да тіпті елу жылға да жетпей қазақшылық жеңіп, бір-екі буын өткен соң тіл, сөз, сәлем де, тіпті де айырмашылықтары байқалмайды» – деп жазады, өзі де осы қазаққа сіңген адам болуы себепті [1, 124 б.].

Халқымыз «өнерді үйрен де жирен» дей келе оны үйрену үшін ынта мен жігер және қабілет керек екенін ұғынған және өнерлі адамдар көп болған, Мысалы, Солтабай ұлы Барақ батырдың өнері жайлы айта келп ғалым мылтықпен көздеп адамның төбсіне қойған теңгені ұшырып түсіретін, қылыштасуда теңдесі жоқ, ағаш жону, етік тігу, киім пішу, темір соғуда ешбір шеберден кем түспейтін.

Өрік пен жаңғақты сығып, жілік сүйекті бұрап сындыратын. Ақын, жұмбақшы, шежіреші еді» – деп сүйсіне баяндайды өнерлі адамдар туралы [1, 53 б.].

Біз мақалада еңбектің кейбір тұстарына ғана тоқталдық. Кітапта педагогиканың тарихы, әлеуметтік педагогика, этнопедагогикаға байанысты көптеген мәліметтер бар. Оларды өзалдынша зерттеу қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Құрбанғали Халиди. «Тауарих хамса шарқи (Бес тарих)» немесе «Шығыстағы бес халықтың тарихы». – Алматы, 1992.

2 Қармышева Дж. «Казахстанский историк – краевед и этнограф Курбанғали Халиди». реф. канд. дисс. – Алма-Ата, 1971.

3 Мұқанова А.Н. «Құрбанғали Халидтың «Тауарих хамса» еңбегі қазақ тарихының дерегі ретінде.» Автореф. канд. дисс. – Қарағанды, 2007.

4 Алпысбес М.А. «Шежіре казахов: истории и традиции» (Учебник для вузовских и послевузовских спецкурсов). – Астана, 2013. – 240 с.

5 Сманов Б. Жырмен жазылған тарих. Жинақта: Халық тарих толқынында – Астана, 2013. (187 – 198 бб).

6 Дәуітов С., Шафиғов М. Құрманғали Халидұлы. Тарихымызды таразыласақ. Газ. Қазақ әдебиеті. Көкек 10, 1992 жыл. 12 б.

Р.Ә. НҰРМҰХАМЕТОВА, Д.А. БЕРДИБАЕВА

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан

Ж. АЙМАУЫТОВ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК ОЙ-ПІКІРЛЕРДІҢ МӘНІ

Аннотация

Бұл мақалада Ж. Аймауытов мұраларындағы тәлім-тәрбиелік ой-пікірлердің мәні, оның қазіргі таңда жастарға ұлттық тәрбие берудегі маңызы қарастырылады. Ж. Аймауытов мұраларында ұлттық тәлім-тәрбие мәселесі және оның қоғамдағы, өмірдегі мәні қарастырылып, әр адам қоғам, заман, уақыт бедерлерімен ғана биіктей түсетініне, тәрбие тәлімі белгілі бір ортада қалыптасып, дамып отыратынына автор ерекше мән береді.

Түйін сөздер: мұралар, тәрбие, ұлттық, ғалым, ұстаз, ана тілі, қазақ халқы, тәрбие мақсаты, оқыту, адамзаттық құндылық.

В статье рассматриваются значение воспитательной мысли в наследии Ж. Аймауытова, а также его роль в национальном воспитании современной молодежи. Ж. Аймауытов придает особое значение мысли о том, что воспитательное пространство человека формируется и развивается в определенной среде и зависит от общества и времени. Вопросы национального воспитания, его значение в жизни людей и общества, рассматриваемые Аймауытовым Ж., не теряют актуальности и сегодня.

Ключевые слова: наследие, воспитание, национальное, ученый, учитель, родной язык, казахский народ, цель воспитания, обучение, человеческие ценности.

Annotation

This article discusses the importance of educational thoughts in the heritage of J. Aymaulytova, as well as its role in the education of modern youth. The author emphasizes the pedagogical thought that educational human space is formed and develops in a particular environment, and depends on the society and times. Issues of national education, its value in human life and society, considering by Ajmaulytovs, does not lose their relevance today.

Keywords: heritage, education, national, academic, teacher, mother tongue, the Kazakh people, the purpose of education, teaching, human values.

Қазіргі қоғам ақылды, күзіретті, шығармашылық тұрғыда ойлай алатын, қоғамның мүшелерімен өзара қарым-қатынаста өзінің зияткерлік іс-әрекетін басқара алатын тұлғаға мұқтаж. Мұндай тұлғаның дамуы мәселесі Қазақстан саясатының басымды бағыттарына жатқызылады.

Ол Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында (11-бап) нақты көрсетілген:

- ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері

негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

- жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту;

- азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық

дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

- белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

- отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту және т.б.

Осыған байланысты зияткерлік әлеуеті жоғары тұлға ретінде Ж. Аймауытов шығармаларындағы ұлттық тәлім-тәрбие мәселесіне назар аударылды. Оның пікірінше, «социалдық (әлеуметтік) педагогика» мәселесі: әр адамды жеке адам деп қарамайды, көбінесе әлеуметтің мемлекеттің мүшесі» деп таниды. Адам өз қызметін өзі жеке атқара алмайды, рудың, халықтың мүшесі болып атқарады».

Сондықтан қоғам байлығы – адамды, оның іс-әрекеттерін, ой мен сөз жүйесін ерекше атайды. Бұл тұста адам - табиғат жемісі болғанымен, белгілі бір қоғам аясында өсіп, есейетіндігі, ұжымдық негізде тәрбиеленіп, ерекше қабілет пен кемелдікке қол жеткізетіндігі сөз етіледі. Бұдан «Адам – өзінің табиғаты жөнінен қоғамдық тіршілік иесі» деп сипаттаған Аристотель көзқарасымен ұштасып кететіні айқын аңғарылады.

Ж. Аймауытовтың бұл бағыттағы ізденістерімен, көзқарастарымен келіспеуге болмайды. Өйткені, адам және оның қоғамдағы орны, мемлекет мүшесі ретіндегі міндеті – пайдалы қызметке негізделуі тиіс.

Осы тұрғыдан келгенде, адам табиғат жемісінен өзге саналы іс-әрекеттің, қоғамның шешуші тұлғасы ретінде әр алуан мәселелерге араласуы қажет. Сол арқылы жеке тұлғаның қабілеті танылады. Қоғамдық іске, еңбекке көзқарасы өзгереді. Бұл - әлеумет тәрбиесінің жемісі, нәтижелерінің бірі. Демек әлеумет тәрбиесі, оның жеке тұлғаға әсер-ықпалы қоғамдық өмірде ерекше орын алады. Мұның әуелгі түп-негізі – адамның еңбекке деген

көзқарастарына тікелей байланысты. Жеке тұлғаның толық адам деңгейіне көтерілуі қоғам жемісі, әлеумет тәрбиесінің әсері екені анық. Демек әлеумет тәрбиесі адам өмірінде, оның өсіп-есеюінде айырықша маңызы бар.

Ол ұлттық тәлім-тәрбие мәселесін және оның қоғамдағы, өмірдегі мәнін ерекше қарастырады. Тәлім-тәрбиенің мақсатын: «әр заманда әртүрлі болған, себебі неге десеніз? – ол мынадан: тұрмысының шарттары, әлеумет құрылысының қалпы қандай болса, тәрбиенің мақсаты да соған қарай құрылған», – деп қоғам, қоршаған орта әсеріне қарай тәрбиенің де мақсатының өзгеретініне зор маңыз бере отырып, социалдық педагогика рулық кезеңде, құлдық дәуірде де, патшалық империя тұсында, одан ХХ ғ. да орын алған, бірақ, сипаты әр алуан болған, – деп тұжырымдайды.

Ж. Аймауытов тәрбиенің мағынасы мен мақсатын адам табиғатымен, өмір тұрмысымен байланыстыра отырып, бес түрлі сипатты айырықша бөліп көрсетеді, олар: дене – сезімді зат, жан – қайраты бар зат, адамгершілік – сапа, әлеуметтік – мемлекеттік зат, шеберлік – суретшілік зат.

Осыдан қазақ халқының жоғары дәріптеуге, қастерлеуге, дамытуға тұрарлық ұлттық рухани және материалдық құндылықтары туралы ұлағатты, құнды ойларын халық игілігіне, келешек ұрпақты, ел-жұртқа ие болар азаматтарды тәрбиелеуде пайдалану қажеттігі туындайтынын көруге болады.

Жүсіпбек Аймауытов оттан да ыстық – Отанды адамшылықтың биік белесі, ал оған құрмет пен сезім өзгеше болу керектігін айырықша атайды. «Адам тек адамдар арасында ғана адам бола алады» (И. Бехер) деген қағидалы ойлар, қоғам, заман, уақыт бедерлерімен биіктей түседі. Ең негізгісі, тәрбие тәлім-белгілі бір ортада қалыптасып, кең өріс алып, дамитыны жан-жақты бағаланады.

Ж. Аймауытов жан жүйесін тәжірибесімен бақылағанда көбінесе, жан сипаттарын айырып, талдап, мүшелеп қарайды. Ал кәсіпөнер жұмысы жағынан қарағанда жанның әрбір сипаттарын талдау мүмкін емес. Мұндай жанның бірнеше сипаттары қабатталып, аста-сып, бірігіп отырады. Тегінде жан сипаттары

қосылғанда пәлендей өзгермейтін зат болады деуге келмейді. Өмірде $2+2=4$ болады деп күдіктенбей айтуға болады. Жан дүниесінде олай айтуға болмайды. Жан дүниесі – толқымалы, айнымалы, созылмалы дүние.

Ж. Аймауытов «Әдет заңы» атты еңбегінде тәлім-тәрбиенің психологиялық астарларына үңіледі. Мәселен, ол әдеттің жақсы (батылдық, қанағатшылдық, шыдамдылық), жаман түрлерін (арақ ішу) атап көрсетеді. Автордың пікірінше, «оқытушының міндеті – балаларына алдыңғы өмірінде пайдалы боларлық әдеттерді сіңіру болады. Істің табан тірейтін дерегі не десеніз - әдет» - деп жауап беріледі. Ол бұдан басқа еңбектерінде де адамгершілік мәселелерін әр кезеңдегі көзқарас, мысал-деректер арқылы дәлелдеп, оларды қалыптастыруда өмір, еңбек тәжірибе тағылымдарына ден қояды. Мәселен, автор жас өскін тәрбиесіне байланысты төмендегідей кеңес береді: «...күнін босқа өткізбей, таза пайдаланған жас жігіт тәрбиесі танымды жеміс беруіне күдіктенбесін, еңбекпен алынған тәрбие, қай түрі болса да берік болмақ. Ерінбей еңбек еткен жас күндердің күнінде замандастары ішінде жетік кісі болуында сөз жоқ. Бұл шындықты жастар жасынан тоқығаны дұрыс». Біздіңше, аталмыш мәселелер сол кезеңнің ғана шындық сәулесі емес, бүгінгі күннің де, һәм ұлттық тәлім-тәрбиенің басты талаптарын да құрайды.

Ғалым-ұстаз тәрбие тақырыбының мұрат-міндетін айқындау үшін мал баласын, тауық пен торғай балапандарын, сондай-ақ ит пен қасқырдың, мысық пен құмырсқаның т.б. хайуанның өзіндік ерекшелік белгілерін еске алу негізінде олардан адамның артықшылықтарын сөз етеді. Нәтижесінде автор «хайуан мен адамның тұрмыс мақсаты екі басқа» деген қорытындыға келеді.

Ж. Аймауытов еңбектерінде адам мен хайуанның жаратылысы, іс-әрекеттері әр түрлі нақты мысал деректермен көрсетілген. Тәрбие екі түрлі – деп жазды автор, - дене тәрбиесі және жан (рух) тәрбиесі. Хайуан көбінесе денесін тәрбиелейді. Адам баласына дене тәрбиелеудің үстіне жанын (рухын),

ақылын, сезімін, жігерін, мінезін тәрбие қылу керек. Денесі мен жаны бірдей тәрбиеленбеген кісі сыңаржақтау бола береді. Мінездің, ақыл-қайраттың әр түрлі болмағы тәрбиенің түрлі-түрлі болмағынан. Расында, дене және ой тәрбиесі, оның бірлігі мен пайдалы тұстарын бүгінгі өмір де жоққа шығармайды. Өйткені оқу мен тәрбие бірін-бірі толықтыратын біртұтас әлем.

Ғалым адамды бұзатын да, түзейтін де тәрбие екенін айтады. Жеке адам, оның өмір, қоғамдағы орнын, оның ұлтқа, Отанға үлес салмағы, адамгершілік, әділдік жолындағы іс-әрекеттерін кең көлемде сөз етеді де осы бағыттағы ғылым, тәжірибе әсерінің мәні терең түсіндіріледі. Ол: «адамның өмір сүруіне бір мақсат бар болса, тәрбие де мақсат болуға тиіс. Ол мақсат жалпыға пайдалы, іске асарлық болуы тиіс» дегенді баса көрсетіп атайды.

Ғалым ұстаздың тәрбие шарттары жөніндегі ой-пікірлерінің де бүгінде мән-мағынасын жоймағанын байқар едік. Автор әрбір адамның туу, қалыптасу, жетілуінде тәрбие шарттарының, атап айтқанда жаратылыс, үй-іші, өскен орта, замандастар, туған жұрт, оның діні мен тілін бөлекше атап, бұларға ерекше мән береді. Ол ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөлін айта келіп: «Бұл мінездердің бәрі жас уақытта басқа бір күшті шартпен бұзылып, түзелмесе, түпкілікті мінез болып қалғаны. Мұндағы мектептің оқу орнының маңызы жайлы былай дейді: «баланың ақылын арттырып, білім беретін ілтипатты, табанды, талапты, ыждағатты қылатын, өмірлік азық беретін жақсы медресе болу керек».

Негізінен алғанда, әдет заңында, тағы басқа да тәлім-тәрбиелік еңбектерінде автор мұның маңызды қырларына назар аударады. Олар: тәрбие мақсатын айқындау, тәрбие туралы ойшылдар пікірін назарда ұстау, тәрбие шарттарына көңіл бөлу, тәрбие маңызын арттыру т.б. Жалпы адам өмірінде, оның өсіп жетілуі мен дамуында, іс-әрекеттің алатын орны, мұның тәрбие тәлімінің сан тарауларына ықпал тигізетініні белгілі.

Ж. Аймауытұлы «Тәрбиеге жетекші» атты еңбегінде оқу үрдісіне талдау жасап,

осы мәселеге орай өз ұстанымын білдіреді деп жоғарыда айтып кеттік. Оның айтуынша, оқыту баланың табиғатына, жеке дара ерекшелігіне орай жүргізілуі тиіс. Ол сонда ғана шәкірттің жан қуаттарының өсіп, жетіліп, қалыптасуына жағдай жасайды. Баланың табиғатын ескеріп оқыту дегеніміз-оның бұрынғы тәжірибесін, азды-көпті біліміне сүйену деген сөз. Өйткені жаңа білім әркез адамның бұрынғы білетіндеріне сүйенбейінше, тиянақты болмайды.

Ж. Аймауытұлының оқыту мен тәрбие мәселесіндегі ой пікірлерінде ана тілінің адам жан танымының қалыптасуында ерекше орын алатыны жеріне жеткізе айтылған. Ол туған тіл-ана тілінің ұлттық иірімге толы қыр сырын меңгеріп, тыныс тіршіліктің алуан саласындағы қызмет орнын танып түстемей, өзге тілдері оқып үйрену қиынның қиыны дейді. Автор ана тілін оқытудың негізгі мәнін «халық болып жасағаннан бергі жан дүниесінің айнасы» деп біледі. Оның жас ұрпақ тәрбиесіндегі орнын: «Бала оқуды тілден бастайды. Бастауыш мектептің көбінесе айналдыратын оқуы – тілдің мүшелерін анық білдіріп, баланың тілін байыту» деп сипаттайды. Бұл ретте жас буынның дұрыс ойлап, сөйлеуіне ата-ана мен мектеп ұжымы, осы саланың оқушылары бірден-бір жауапты екенін, ең негізгісі «Сөз – ойдың айнасы, ойсыз сөз жоқ» деген түйінді тұжырымдайды. Қысқасы, бұл айтылғандардың іс жүзіне қалай асыруға болады? Бұл туралы автор көзқарастарын төмендегіше топтастыруға болады.

Жүсіпбек Аймауытов өзінің «Тәрбие» деген мақалаларында адамның хайуаннан айырмашылығы жайында әңгіме қозғай отырып, адам бойындағы ұнамсыз мінез – қылықтарының барлығы тәрбиенің кемдігінен деп қорытынды жасайды. Оның айтуынша, адам табиғаттың емес, тәрбиенің құлы болу керек. Адам өміріндегі тәрбиенің рөлін зор бағалаған ол тарихтағы ірі құбылыстардың бәрін тәрбиемен байланыстыра отырып, бы-

лай деп жазды: «Алғашқы екі ғасырдай афиняндар мәдениетті, ғылымды күшті жұрт болған, неге? Данышпан Солонның жасаған ережесімен тәрбиеленгендіктен. Рим халқын атақты еткен, күшті қылған кім? Тәрбие.

Ескендірді данышпан хакім қылған кім? Аристотельдің тәрбиесі. Тәрбиешіге қоғамда өте үлкен маңыз берген жазушы оны дәрігермен ғана салыстырады, тіпті, одан да жоғары қояды: «Адамдық көзбен тереңнен тексерсе, дәрігерден де тәрбиешінің көп болғаны артық. Дәрігер адамның денесін сауықтыратын болса, тәрбиеші адамның ақыл-мынын, мінезін, жанын сауықтырады» дейді. Тәрбие мәселесін мемлекеттік дәрежеге көтеру қажеттігін жете түсініп: «Тәрбиешіге Отанның келешек өмірін тапсыруға болады, себебі тәрбие нәтижесінде ақылды адам көбейсе – Отанның күзетшісі, қорғаны», – деп атап өтті.

Қорыта келгенде, қазақ халқының тәлім-тәрбиесіндегі ұлттық ерекшеліктері әлі де талай зерттеудің қайнар көзі болып табылады. Бұл ретте Ж.Аймауытовтың шығармашылығының бастау көздері болған ұлттық тәлім-тәрбие туралы жазған жазушы ой-пікірлері тәуелсіз еліміздің алаш рухында тәлім алып жатқан ұрпағына қызмет ете береді деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы // Егемен Қазақстан. 2007ж. 27 шілде.
- 2 Қазақстан Республикасы. Мәдени мұра бағдарламасы // Егемен Қазақстан. – 2003. – 2 қараша.
- 3 Жарықбаев Қ.Б. Қазақ психологиясының тарихы. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 159 б.
- 4 Жұмабаева А.С. М.Жұмабаевтың адамгершілік-этикалық көзқарастары. Пед. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 1995. – 138 б.
- 5 Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. 4-т. – Алматы: Ғылым, 1998. – 428 б.

И.Р. ХАЛИТОВА, Н.О. АТЕМКУЛОВА

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан*

**Қ. ХАЛИДУЛЫНЫҢ «ТАУАРИХ ХАМСА (БЕС ТАРИХ)»
ЕҢБЕГІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК –ТӘЛІМДІК ШҚІРЛЕР**

Аннотация

Мақалада Құрбанғали Халидтың (XIX ғ. басы мен XX ғ. соңы) «Тауарих хамса шарқи (Шығыстың бес халқының тарихы)» атты кітабының жаңа беттері ашылады, онда автор Орталық Азия және Қазақстан халықтарының өмірлері туралы жазады. Сол жерде тұрып, еңбек еткен қазақ халқының дәстүрлеріне ерекше көңіл бөлінеді. Кітапта ол кейбір тұлғаларға, олардың жағымды жақтарын көрсететін қоғамдық-педагогикалық қылықтары мен мінездеріне жеке мінездеме беріледі.

Түйін сөздер: тұлға, дәстүр, қоғамдық-педагогикалық жақ.

В статье раскрывается новая грань книги «Тауарих хамса шарқи (История пяти народов Востока)» Курбанғали Халид (конец XIX и начало XX века), в которой автор рассказывает о жизни народа Средней Азии и Казахстана. Особое внимание обращается на традиции казахского народа, среди которых он жил и трудился. В книге дается характеристика отдельным личностям и их поступкам и поведению, которые раскрывают социально-педагогические взгляды.

Ключевые слова: личность, традиция, социально-педагогическая сторона.

Annotation

The article describes the new face of the book “Tauarikh Hamsa Sharki (History of the five Nations of the East)” which was written by Kurbanguily Khalidi. In this book the author tells about the life of the people of Central Asia and Kazakhstan. The author pays attention to the life and traditions of the Kazakh people among whom he lived and worked. In the book he also gives characteristics to some individuals and their behavior.

Keywords: identity, tradition, social and pedagogical side.

Қазақ тарихын зерттеуші ғалымдардың ішінде, еңбегіне қайрылмағандары кем де кем ғалымдардың бірі XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың бас кезінде қазақ жерінде өмір кешкен Құрбанғали Халидұлы. Ғалымның «Тауарих хамса шарқи (шығыстың бес тарихы)» еңбегіндегі тарихи мәліметтер мен қоса сол кездегі қазақ халқының күн көрісі, әлеуметтік- тарихи, саяси ахуалы да жазылған.

Ғалымның аталмыш еңбегі 1910 жылы Қазанда басылып шыққан. Кітап ескі түрік тілі немесе чағатай тілінде жазылған. Оқи

отырып бұл кітапта қазақ тілінде кездесетін сөздермен қоса, ұйғыр, өзбек, татар, түрік тілдеріндегі сөздер кездеседі. Сол себепті түсінуге де болады. Осыдан басқа Құрбанғали Халидұлы тағы үш кітап жазған барлығы төртеу екен, олар «Тауарих хамса шарқи (Бес тарих)», «Тарих-и жәриде-йи жәдидә», «Тікма-тітмә», төртінші кітабы туралы нақты мәлімет жоқ.

Осылардың ішінде бізге толық жеткені «Тауарих хамса шарқи (Бес тарих)» кітабы, Б.Ысқақов тарапынан қазақ тіліне аударылып 1992-жылы жарыққа шыққан. Мұнда әр түрі

тарихи деректермен қатар халықтың өмірі, жекелеген адамдар туралы мәліметтер, мінез-құлық, қабілет-қарымының ерекшеліктері, қылықтары мен істеріне сипаттамалар да кездеседі. Солардың барлығының әлеуметтік тәлімдік мәні бар.

Құрбанғали Халидұлының өмірі мен шығармашылығын зерттеген және шағатай тілінен қазақ тіліне аударған Б.Ысқақов «Аякөз азаматы» деген мақаласында этнограф, тарихшы ғалымның аталмыш еңбегі жайлы «соңғы кезде қазақ халқының көне мәдениеті мен әдебиетін зерттеуші ғалымдарымыз Қ.Халидовтың «Тауарих хамса» кітабына көңіл бөліп назар аударма бастады» [2] деп осы еңбекті әдебиеттанушы, тарихшы, этнограф ғалымдардың пайдаланып келе жатқанын дәлелдеген.

Белгілі бір қоғамдағы адамдар арасындағы қарым-қатынастың қалыптасылуы мен ауытқуларына қатысты екі мәндегі пікір қалыптасқан. Оның бірі – әлеуметтік-тарихи; екіншісі – жүйлі-құрылымдық. Әлеуметтік қалыптасылу – қоғамда тарихи қалыптасқан мінез-құлық пен жүріс-тұрыстың, тіпті ой-сана мен сезімнің де белгілі бір мөлшері болып саналады. Олар халқымыздың мақал, мәтелдері, мен ырым-тыйымдарында ерекше анық айтылады. Әлемнің екінші ұстазы атанған философ, ғалым әл-Фараби «шамадан ауытқу – не артық кету немесе кем түсу деген сөз» [1] – деп жазады. Бұл кез келген зат не құбылыс, адамдар арасындағы қарым-қатынастың, жекелеген тұлғалардың мінез-құлқы мен жүріс-тұрысы, ой-сана балгісі болған сөзінің, не іс-қимылынан бет әлпетінен байқалатын сезім көріністерінің белгілі бір ұстаным, өлшем не мөлшерден асып кетуі не оған жетпей қалуы.

Қоғамдық ауыс-түйістер мен әр түрлі мәндегі төңкерістер де адамдарды күйзеліске алып келеді. Бұндай жағдайлардың кері әсері балалар мен жастар және қарттарға аса қуатты болуы себепті кейде тіпті созылмалы, не айықпайтан психикалық ауытқуларға соқтыратыны белгілі. Бұл туралы соғыс психологиясын зерттеуші ғалымдардың пікірлерін ескеруге болады. Басқаларды былай қойып,

XIX ғасырдағы қазақ қоғамындағы белгілі бір топтар мен жекелеген адамдардың іс-қимылындағы кейбір келеңсіздіктерді, сол кездегі қазақ халқының саяси-әлеуметтік ахуалының ықпалы ретінде қарастыруға болады. Өйткені олар мыналарға байланысты: Үстемдік саясат пен шовинистік көзқарасқа негізделген басқару жүйесінің тарихи қателігі; Қоғамдық идеология мен ұстанымдардың қарама-қайшылықтары, материалдық байлықты арттыру мақсатында жүргізілетін басқыншылық саясат пен соғыстар; Табиғат пен адам арасындағы қарым-қатынастың бұзылуынан келетін апаттар т.б.;

Бұлар алдымен бүкіл бір қауым елге, ұлтқа не этносқа тіпті мемлекетке зиянын тигізіп тоқырауға, дағдарысқа алып келетін, салдарын жою аса күрделі қиындықтар туындататын ахуалдар. Бұндай құбылыстар белгілі қауым арқылы жекелеген топтар, ұжымдар мен отбасына соның ішінде әрбір тұлғаға кері әсерін тигізетін ұшқары жағдайлар екені әлеуметтік педагогика мен әлеуметтік психологияда көрсетілген.

Қай тұрғыдан алып қарасақ та XIX ғасырдың бас кезінде күшейе түскен ресей патша өкіметінің қазақ жерін толықтай меңгеріп, жаулап алу саясаты жалпы халықтың әлеуметтік-экономикалық ахуалына кері әсерін тигізу арқылы жекелеген отбасы және олардың мүшелері немесе жеке адамның да өмір салты, күн көріс жағдайы, өзін түйсінуі мен сезінуіне, және сана –сезімінің қалыптасуына да кері әсерін тигізді. Айталық ел арасынан шен-шекпенге қызығатын мәнсапқорлар шығып, олар ресей патша өкіметі тарапынан алған шені мен азын-аулақ қаржы не шекпенге алданып өз халқын қыспаққа алу; кейбір озық ойлы, отаншыл, ұлтжанды тұлғаларды сатқындықпен айғақтап беру; жалған жала жабу арқылы өшіккен адамдардан кек алу; кеткен есесін қайтару не болмаса пайда табу үшін арыз жазып үстінен іс қозғату; билік басындағыларға жақсы көріну мақсатында біреуді қаралып соның есебінен күн көру кейде тіпті жазаға тартуға дейін жеткізу секілді нашар істерге барғаны тарихтан белгілі.

Кітаптағы Нарбота ханның баласы Әлім одан кейін хан болыпты, оның ел арасында тараған лақап аты Зәлым хан болыпты. Өйткені мінезі өте шәлкес адам болған ұқсайды. Белгілі болғандай «нашар меніз рухани кесел» – деген еді Әл-Фараби, кезінде бұл сөзді Абай да айтқан. Өйткені нашар мінезді адам өзіне ғана емес тәуірегіндегілерге де зиянын тигізеді.

Қ. Халидұлы аталмыш кітабында осы адам туралы «Әлімхан хан өте залым, ашушаң, қызғаншақтығымен белгілі болған, жақсы аброй атаққа ие болу үшін кезінде өзіне қол ұшын берген піріне дүре соғып, сұмдық оқиға болған» деп жазады. Құрбанғали Халидұлы. Осы Әлімхан бір қаланы алу үшін соғыста жеңіліп қайтады да, пір тұтқан ұстазына бата беруін өтінеді. Қаланы алып келген соң ұстазына бір сұрақ қойыпты. Міндетінен бас тартқан адамға не істеу керек? – деп сұрапты. Ұстазы: жетпіс қамшы депті. Әлім оны жетпіс қамшыға жығыпты. Кінәм не еді деп сұрағанда Әлім хан «керемет әулиелік етушілер әулиелігін жасыруы керек, ал сен оны әшкере етіп, өз міндетінді өтемедің» – депті [3, 14 б.].

Әлім ханнан кейін таққа ие болған Омархан, Бабыр патша тұқымынан екен. Оның ерекшеліктері туралы кітапта ол туралы ғалымдардың «Омарханды замандасының әділ, қатарының білімдісі, Шаһрух тұқымының бәрінен артық қадырлі, өткір, ақын, сөзге шешен, тіпті Бабыр тұқымында ғылым мен білімі жеке дара, мінезі келісті адам еді» 15 – деген сөзі келтіріледі. Сонымен қатар оның «оқу жүйесіне жанашыр болған, парсы мен түркі өлеңдерін, риторика ғылымдарын да енгізген. Оның өлең мен өнерді бағалағаны соншалық, өте алыс елдердегі танымал өнерпаздармен ғалымдар келіп, қызметінде болған» дей келе халыққа пайдалы істер істеп, мешіт- медресе ашқандығы «Тауарих хамса шарқи (Бес тарих)» [3, 15 б.] кітабында жазылған.

Өткен дәуірдегі ғұлама ғалымдар, жазушылар, ақындар мен жазушылардың еңбектерінен әлеуметтік тәлімдік ойларды іріктеп алып бүгінгі күн қажетіне жарату әлеуметтік педагогика ғылымының міндеттерінің бірі.

Өйткені өткен дәуірдегі өмір сүру тәжірибелері, жастар мен балаларды оқыту мен тәрбиелеу дәсүрін танып-біліп қайргі заман практикасында пайдалану жолдарын қарастыру да бүгінгі күні аса маңызды. Мысалы, ауқатты адамдардың халыққа көмегі, ел үшін істеген істері әлеуметтік педагогиканың бір саласы.

Сол кездегі кейбір ауқатты адамдардың қайырымдылық істері жайлы осы кітапта былай делінген: «Полат бай деген көпке қайыры мол кісі болыпты. Егер мен мың ділда пайда көрсем халыққа жұмсар едім дейді екен. Дүниеден өткенде 60 мыңнан астам қайыр беріліпті» [3, 18 б.] байлықтың бір бөлігін халық игілігіне жұмсау, жарлы-жақыбайларға көмек қолын созу әлеуметтік педагогиканың бір қыры. Жастарды осыған баулада тарихта болған адамдардың істерінен сабақ алу маңызды.

Халақ арасында алауыздық туындатып, іштен ірткі салып елдің береке-бірлігіне нұқсан келу қазіргі күні де кейбір елдердің саясатының арқауы болып отыр. Бұл өткен дәуірде де орын алған. Бұл туралы Қ.Халидұлы, «Аз жылда азғана әскермен көп жерді алу орыс әскерінің қуаты, болмаса оның үстемдігіне қатысты ғана емес, сіра жергілікті халықтың ішінде іріткінің тууы, алауыздық пен басшыларының бақталастықтары орыс әскеріне қолайлы жағдай жасады», – деп жазады. Бұл қазіргі кезде адамдардың діни наным-сеніміне қол сұғып, ел арасына жат пікірлер тарату секілді әрекеттерден көрініс тауып отыр.

Кітапта бұл туралы «Ал еуропалықтар дүниені ағартамыз, мәдениетке тартамыз деген сылтаулармен миссионерлер шығарып әр қадамда барған жерінің дініне қол сұғып, керек жерінде зорлықпен де өз діндеріне тартып, айла-әдістермен мал-мүлкін тасып әкету сияқты тірліктермен айналысқан. Осынша қылмысты істерін көре тұра олардың тарихшылары ұялмай әділет туралы сөйлеген болады» [3. 96 б.] – сыни көзқарасын білдіреді.

Жоғарыда келтірілген үзіндіден ұғынатынымыз, осындай ахуалдың қазіргі күні де байқалып отырғаны. Жаңа технологияның сөз

жоқ пайдасы бар десек те не нәрсенің де бір кертартпа тұсы болатыны секілді, осы жаңа технологияларды қате пайдалану қазіргі кезде бала тәрбиесіне кері әсерін тигізіп отырған тұстары да бар.

Баланы ана құрсағында жат кезден бастап-ақ тәрбиелеу немесе бағып-күту қажет екенін халқымыз ертеден білген және оған ерекше мән берген. Осыған орай «Тауарых хамса (Бес тарих)» кітабында «Қазақ халқы бала көтеру мен оны тәрбиелеуге ерекше мән берген. Ука-малар жеті жер (семь планет), әр біріне қырық күннен ана құрсағында баланы тәрбиелеп 7х40 яғни 9 ай 10 күн болады дейді. Бірақ ақиқаты сегіз ай толық көтеріп, тоғызыншы айда босанады, қыз бала аздап кешігеді. Сегіз айда туған бала тіршілік етпейді дегені, сегіз

ай толмаса дегені» - деп келтіреді ғалым Құрбанғали Халидұлы. [3, 198 б.]

Аталмыш кітапта халықтың қаржы, қаражат ахуалы, басқа халықтармен байланысы, түрік тектес халықтардың тұрмысы мен өзара қарым-қатынасы, қазақ халқының салт-дәстүрі, жекелеген адамдардың өмірі мен істері жайлы мәліметтер кездеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әл-Фараби. Әлеуметтік эткалық трактаттар – Алматы, 1975., – 90 б.

2 Бүркіт Ысқақов. Аяқөз азаматы. Газ. «Лениншіл жас». – 11. 1969.

3 Құрбанғали Халид. «Тауарых хамса (Бес тарих)». – Алматы, 1992.

ӘӨЖ 741:37.036

Ф.Х. КАПАКОВ

*Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік
университеті
Орал қ., Қазақстан*

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ АРҚЫЛЫ ЖАСТАРДЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ - ТАНЫМДЫҚ КӨЗҚАРАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аннотация

Мақалада мәдениет және бейнелеу өнері арқылы қазіргі жастардың эстетикалық танымдық көзқарасын қалыптастыру мәселелері қаралады. Автордың пікірінше, қазақ халқының мәдени мұрасы бұл үрдісте маңызды орынға ие.

Түйін сөздер: мәдениет, мәдени мұра, бейнелеу өнері, эстетикалық көз-қарас.

В статье рассматривается потенциал культуры и изобразительного искусства в формировании эстетического мировоззрения современной молодежи. Особую значимость в этом процессе, по мнению автора, занимает культурное наследие казахского народа.

Ключевые слова: культура, культурное наследие, изобразительное искусства, эстетическое мировоззрение.

Annotation

In article the potential of culture and the fine arts in a problem of formation of esthetic outlook of modern youth. The special importance in this process, according to the author, is occupied by a cultural heritage of the Kazakh people.

Keywords: culture, cultural heritage, graphic arts, esthetic outlook.

«Өнер» – мәдениеттің айнасы деп бекерде бекер айтылмаған. Ол мәдениеттің жаны, оның өзіндік танымының түрі. Сұлулық заңы бойынша адамның дүниені игеру барысында әдеби мәтіндерге, мүсінге, сәулет туындыларына, суреттерге, әуенге, биге және тағы сол сияқты негізделген өнер түрлері қалыптасады. Өнер деп адамның рухани болмысына, сезіміне, эмоциясына әсер етіп, оны толғандыратын суреткер қолынан шыққан шығармашылық үлгісін айтамыз. Өнер – адами ақиқат, адамдандырылған «екінші әлем». Өнер, көркем бейне және жасампаздық тікелей әлеуметтік адам тұлғасымен байланысты категориялар. Өнерде үйлесімділік ретінде танылған кемелділік бейнесі жасалады.

Өнер арқылы адамның әмбебаптылығы ашылады. Өнер адамның шексіз болмыстық сұрақтарына жауап табуға талпыныс барысында гуманистік принциптерді қалыптастырады. Нәтижесінде, өнер тек белгілі бір қоғамның даму нәтижелерін көрнекілеп қана қоймай, сонымен қатар, әлеуметтік-рухани өмірдің күйіне әсер ететіндігін білдіреді. Әсемдік, әдемілік, сұлулық сынды бірденгейлік ұғымдар мазмұнына негізделген өнер туындысы үшін адам мен қоғамның еркіндік туралы түсінігінің мәні зор. Өнерді көп ойшылдар өз ләззаты, өз рахаты өзінде, ешнәрсеге тәуелсіз «мақсатсыз» мақсат көздегіштік деп анықтайды. Бірақ, бұл сипаттамалардан өнерді беталды, тізгінсіз әрекет деп түсінуге

болмайды. Бұл тұста таза өнер мен кәсіп-өнерді ажырата білген абзал. Мысалы, неміс философы И.Кант таза өнер мен кәсіп-өнерді ажыратып қарастырды да [1], біріншісін – еркін өнері, екіншісін – табыс үшін жасалатын өнер дейді. Кант бұл жерде еркін өнер деп адамның өзінің рухани болмысынан шыққан образды шешімдерімен байланысты өнерді айтып отыр. Ал табыс үшін, саудаттық мақсатында жасалған өнер өзіне емес, өзгеге ұнау үшін, сатып алушы талғамына, сұранысына ыңғайластырып жасалынады. Өнердің жекелеген түрлерін және олардың бір-бірінен ерекшеліктерін білу, ажырату адамзатты көне заман бері толғандырып келеді. Рухани мәдениетіміздің зерттелу тарихын дәл мына уақыттан басталды деп басып айту қиын. Халықтық мәдениет қаншалықты көне болса, оның зерттелу тарихы да соншалықты тереңде жатады. Біздің рухани мұрамыздың жиналу, саралану, насихатталуыда тереңге тамыр созады, яғни мәдениет – қоғамның өмір сүруінің қозғаушы күші.

Қазақ мәдениетінің үш мың жылдық тарихы ұрпақтарға жалғастық пен сабақтастық арқылы жетіп отыр. Мәдениеттің басты таратушылары болған көшпенді ата-бабаларымыз рухани қазынаны ең биік құндылыққа қоя алғандықтан және өздері сол рухани құндылықты бойына жинақтай да білді.

Мәдениет – әлеуметтік фактор, қоғамның қозғаушы күші. Мәдениеттің дамуы қоғамды ілгері жылжытады. Жеке адам мәдениеті мен қоғам талабы тікелей байланысты. Мәдениеттің тұрақты жағы – мәдени дәстүр, соның арқасында тарихтағы адамзаттық тәжірибесіне сүйеніп, оны кемелдендіреді, дамытады. Адамдар арасында келісім, ауызбіршілік, бірлік болмайынша, тұрақты дамуды бағдар тұтқан қоғамды қалыптастыру мүмкін емес. Сондықтан еліміз үшін басымдық танытушы идеяға айналған мәселе әлеуметтік-экономикалық қиындықтардан, әр түрлі тарихи кедергілерден мемлекетіміздің тұтастығын сақтай отырып, өркениетті елдер қатарына қосылу болып табылады. Бұл жерде мәдениеттің гуманистік –адамгершілік принциптеріне сүйену, рухани бағдарды ұстануы

терең мағынаға ие болды. Өйткені мәдениеттің құлдырауы адамның рухани дүниесін аздырады, оның шынайы даму жолынан ауытқуына әкеліп соқтырады. Бұл еліміздің ұлттық қауіпсіздігінің түп негізіне әсер ететін құбылыс болып табылады. Өмірдің заңына сәйкес мәдениет үнемі жаңғыруды қажет етіп отырды.

Өнер – қоғамдық сананың ең көне формаларының бірі. Оның сананың басқа формаларынан, мәселен ғылым мен философиядан айырмашылығы сол, ғылым мен философия сыртқы дүниенің теориялық бейнесі, яғни олар теориялық ойлау болып табылса, өнер шындықтың көркем бейнесі болып табылады. Өнер өте ертеде шықты. Алғашқы адамдар кейінгі ұрпақтарға тас балталарымен сүйектен жасалған найзаларды ғана қалдырған жоқ, сонымен қатар үңгірлердің қабырғаларына салынған түрлі суреттер, балшықтан, тастан жасалған мүсіндерді де қалдырған. Алайда еңбек ету процесінде көздеген мақсатқа жету үшін білім ғана жеткіліксіз, ол үшін белгілі бір мінез-құлық сапалары, мысалы табандылық, ержүректілік, ынтымақтылық сезім және сондай – ақ қара күш сапалары – күш-қуат, төзімділік, ептілік тағы басқалары керек. Ал бұлардың бәрі адамға өздігінен келмейді, оларды тәрбиелеу қажет. Өнер сол сапаларды тәрбиелеудің маңызды бір құралы ретінде пайда болды. Қысқасы, өнерді тудырған қоғамдық өмір қажеттіліктері, біріншіден дүниетану және екіншіден адамды тәрбиелеу. Өнердің мынадай үш негізгі ерекшелігін атап көрсету керек: біріншіден, өнер шындықты бейнелендіру формасы, яғни дүниетану формасы; екіншіден, өнер қоғамдық сананың адам эстетикалық сезім тудыратын формасы [2].

Өнердің шындықты бейнелендіру формасы ретіндегі ерекшелігі ең алдымен оның нені және қалай бейнелендіретінімен анықталады. Өнер дүниені адамның нақты сезімдік формада бейнелендіру қабілетіне негізделеді. Егер құбылыс пен мән бір-біріне сәйкес келсе, демек, адам сезім мүшелерімен құбылыстардың мәнін тікелей танып біліп отырса, онда ешқандай ғылымның керегі

болмас еді. Бірақ құбылыстың мәнін тікелей сезіну арқылы білуге болмайды. Ғылым заттар мен құбылыстарға тән жалпы, маңызды қасиеттердің, қатынастардың бейнесі, демек мәннің бейнесі. Бұл жалпы мәнді ғылым жалпы ұғымдар мен категориялар, заңдылықтар формасында бейнелендіреді. Өнер де жалпыны бейнелендіреді, бірақ оны абстракция формасында емес, жинақталған жеке образ формасында немесе, өнер тілімен айтқанда, типтік образ формасында бейнелендіріледі. Шындықта жалпы типтік образ жеке нәрселерде ғана өмір сүруде, демек, жеке нәрселер арқылы көрінеді. Сондықтан өнердегі типтік образ дегеніміз жинақталған, жалпыланған образ. Бірақ ол жалпыланған типтік образ жеке образ арқылы бейнелендіріп көрсетіледі. Өнер идеологиямен екі тұрғыдан байланысты. Біріншіден, ол белгілі бір таптың мүддесіне қызмет етіп, оның саяси, моральдық, философиялық, эстетикалық және тағы басқалардың көзқарастарының насихатшысы және, екіншіден, ол адамдардың қоғамдық қатынастарымен тығыз байланысты, қоғамдық сананың басқа формалары сияқты, қоғам алдында тұрған әлеуметтік мәселелерді шешуге қызмет етеді. Өнердің келесі ерекшелігі сол, ол – қоғамдық сананың эстетикалық сезім тудыратын формасы [3].

Суретші, жазушы шындық құбылыстарына тән эстетикалық сапаларды ашып қрсетеді. Сондықтан көркем шығармаларда өмір белгілі бір эстетикалық идеяларға сәйкес бейнеленеді, яғни өнершындық нәрселері мен құбылыстарын көрікті немесе көріксіз, көңілді немесе көңілсіз, қайғылы немесе күлкілі деген сияқты категориялар формасында бейнелеп, баға береді. Әдемілік, көркемділік адамның күнделікті өмірінде зор роль атқарады. Өнер арқылы мәдениет өзінің тұңғыық тереңінде болып жатқан құбылыстарын дәп бір айнаға қарап көргендей, байқап отырады. Сондықтан да өнерді «мәдениеттің айнасы» деп анықтауда негіз бар. Кеше ғана ғасыр ауысты, мыңжылдықтар шекарасынан өттік, оны айтасыз, заман өзгерді, қоғам өзгерді. Ой санамызда күрделі сілкіністер өтті, ұлттық мәдениетіміздің құндылықтарына көзқарастар

өзгерді. Жоғарыда айтқанымыздай, ұлттық тәрбие құралының бірі болып саналатын біздің мәдениетіміз. Осыған орай, біздің мәдениетімізді, өркениетімізді бір сәтте биік шыңға көтерген бейнелеу өнері және бейнелеу өнеріндегі көрмелер еді. Әр көрмеде суретші өз көзімен көріп, түйсінген шындығын сол сәттегі қалпымен көрсетуге ұмтылады. Өмір құбылыстары түптік жағынан тандап алынып, заманның тірлік-тынысы жан-жақты көркемдік қуатпен беріледі. Бейнелеу өнерінің көркемдеу құралдарына сурет, түрлі түс, пластика, жарық пен көлеңке композициясы, ырғақ жатады.

Шығармалар заттық материалдан дайындалатындықтан оған пәндік, заттық болмыс пән- бейнелеу өнері. Бейнелеу өнері – дүниені көзбен көріп түйсіну негізінде бейнелейтін пластикалық өнердің бір саласы. Бейнелеу өнері негізінен кескіндеме, мүсін, графика жатады. Бейнелеу өнерінің белгілері архитектура, безендіру және қолданбалы өнерде көрініс табуы тиіс. Сондықтан шартты түрде оларды да бейнелеу өнері қатарына жатқызамыз. Сондай-ақ, театр, кино, теледидарға безендіруді, көркем дизайнды да бейнелеу өнері ретінде таниды. Бұл өнердің де негізінде адам, табиғат және заттық әлемді тұтастықта, бірлікте қарастыру жатыр. Бейнелеу өнері дүниені байқау, бақылау, көру нәтижесінде оның көркем бейнесін жасайды. Әр ғасыр, дәуір, кезеңде пайда болды. Бейнелеу өнерінің туындылары өзіндік бейнелеу жүйесі мен көркемдік үндесудің түрлі типтерін құрайды. Бұл өнер танымдық, құндылық және қарым-қатынастық қызметімен де ерекшеленеді. Уақыттық даму процесі басқа өнер түрлеріне (әдебиет, музыка, театр, кино) қарағанда бейнелеу өнерінде шектеулі, ол негізінен кеңістіктік ауқымымен ерекшеленеді [4].

Бүгінгі күн, суретшілерінің шығармаларында жұмбақтық метафоралары және мән мен толықтырылады және сол арқылы жанданады, адам мәдениетінің ежелгі ғарышын бүгінгі күндегі адам ой – санасының жаңа ағымдарымен байланыстыратын мәндер мен мазмұндар пайда болады, суретшінің өмірге деген махаббаты, оны түсінуге бағытталған

мәңгілік ұмтылысы да қайталанбас түрде өмірге қайта келеді. Классикалық академиялық халықтың көпғасырлық тарихының өзіндік жылнамасын жасайды және менің ойымша, Қазақстан өнерінде ең маңызды орынға ие болды. Тарих пен мифологиялық сюжеттер, көшпенділердің өмірінен алынған фрагменттер, далалық және таулы пейзаждар генетикалық есті бейнелі түрде жаңғыртуға, болмыстың мызғымас категорияларын ұғынуға мүмкіндік береді. Бейнелердің байлығы, олардың мифологиялық мәні, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлер мен салттардың тәжірибесі, дәстүрлі мәдениеттің трансляция талабына жауап береді және бейнелеу өнер құралдарымен ашып беруге мүмкіндіктер береді.

Шындық (реализм) әлемі дегеніміз? Әрине, мәдениеттігінің бәрі тұтастай алғанда адам үшін, тарихи Адамзат тарихы реализмдік әлемі рухани көзге, естуге, түйсінуге арналған баршылық қана емес, сонымен қатар ішкі әлемімен игерілетін, адамның барлық қызметін басқаратын нәрсе екенін көрсетеді. Қорыта айтқанда, суретші өзінің ойы мен сезімін толық таныту жолында, тек қана өзіне қажеттілерін екшеп алуда, яғни толық қанды тұтас образдарды жасау жолында ұзақ дайындықтан өтті. Ол барлық бейнелеу әдіс – тәсілдерін жете меңгере отырып, кенепке немесе ақ қағазға салған әрбір бояудың түрін жігерлендіруші қуатты күшті айналдыра білді. Ол бір мезгілде өнердің міндеті – көзге көрінген нәрсенің бәрін жазып ала бермей, ең алдымен – шындықты дұрыс және терең түсіну, зат пен құбылыстың құпия сырларын жете ұғыну, сыртқы жалған көрініске құр еліктемей, оның ішкі әлемі, сезімін, ойын көре білу және оны бейнелеу өнерінің әр уақытта қолынан түспейтін, әрқашанда құлыпта сақтайтын құралдармен дәл жеткізу қажеттігін жүрегімен ұғынды. Себебі, суретші алғашқы бояу жаққаннан-ақ, одан кейінгілерінде де салған суреттерін үнемі шындыққа жанасма және оған өзінің көзқарасы үйлесе ме деген жалғыз дара форманы тауып алғанға дейін кедергілерге кездесе береді. Әрине, бояу жағылған сайын формада жетіле береді,

мазмұны да жақсара түседі. Суретшінің ойы мен сезімі заттың мәнісіне терең үңілген сайын, оның жеткен шегіне, сырт көрінісіне қанағаттануға тура келеді. Ал, егер салған туындысына көңілі толмай одан әрі іздене түссе, ілгері қарай жетілдіре берсе, тіпті жақсы, себебі іздену үстінде жоғын табады, машықтанады. Ал, болмысты творчестволық тұрғыдан меңгере берудің тіпті де шегі жоқ. Басқалардың творчествосынан үнемі үйреніп және қадағалап отыру суретшінің өзін-өзі сезінуіне және өз еңбегіне сырт көзбен қарай білуіне көмектеседі. Сондай-ақ, суретші өз өнерін басқалардың творчествосымен салыстыра бақылап, оны суреткердің қоғамдық міндетімен, мән-мағынасы туралы жалпы ұғыммен байланыстыруы қажет [5].

Мемлекеттің негізгі мақсаты – ұлттық қауіпсіздікті сақтау дейміз. Ұлттық қауіпсіздікті сақтау – қорғаныс күштерін нығайтып, ел ішіне енген арам пиғылды адамдарды аңду ғана емес, ел азаматтарының бірлігін сақтау, рухы биік, өз ұлтының барлық асыл қазынасы мен асыл қасиеттерін бойына сіңіре білген, өз дәстүрі мен салт-санасын өзгеге айырбастамайтын саналы азаматтарды тәрбиелеп, қалыптастыру. Оның бірден-бір төте де сенімді жолы біреу-ақ, ол – жас ұрпақты мәдениет арқылы тәрбиелеу. Мәдениет – көптеген тоғышарлардың түсінігіндей клубтар мен дискотекалар ғана емес, мәдениет – тіл, тарих, музыка, әдебиет, экран, телеэкран, т.б. Біз көп айта беретін ұлттық идеология дегеніміздің өзі негізінен мәдениетке сүйенеді. Сондықтан біз шекараны қалай қорғасақ, мәдениетті де солай қорғауға тиіспіз. Қоғам мүшелерінің парасат деңгейі мен рухани биіктігі жоғары болған сайын мемлекет негізінің іргетасы да соғұрлым берік болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 Кант И. Сочинения в шести томах. Том 1. – М., 1963, – 543 с.
- 2 Қарғабекова Р., Г. Жубаниязова. Бейнелеу өнерінің тарихы, – Алматы, 2004 ж. – 125 б.
- 3 Құлсариева А.Т. Эстетика, – Алматы., 2003. – 22 б.

4 Қазақстан энциклопедиясы. – Алматы., 2000, 6-том, 86 б.

5 Сейдімбек Ғ. Рухты қайдан табуға болады. – Алматы: Қаз. әдебиеті; 1999, 2 шілде, 18 б.

ӘӨЖ 37.017

С.Х. МЕДИЕВА, Е.С. АЯҒАН

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
Қарағанды қ., Қазақстан

ТӘРБИЕ ҮРДІСІНІҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация

Мақалада тұлға тәрбиелеу барысындағы Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы тәрбие мақсаты және міндеттері, маңызы, жүзеге асыру жолдары, адамның қоғамда алатын орны жайында айтылады. Тәрбиенің ұйымдастырушылық тәсілдері мен мазмұны, белсенді, білімді, адамгершілікті және дені сау тұлғаның қалыптасу тәрбиесіне бағытталған қағидалар негіздері қарастырылады.

Түйін сөздер: тәрбие, тәрбие үрдісі, тәрбиеші, тәрбие мақсаттары, міндеттері, түрлері, әдістері, тәсілдері.

В статье рассматриваются основные вопросы воспитания, а именно, цели задачи, принципы, виды и средства воспитания активной, образованной, гуманной и здоровой личности в образовательных учреждениях РК в современных социокультурных условиях.

Ключевые слова: воспитание, процесс воспитания, воспитатель, цели, задачи, виды, средства, форма воспитания.

Annotation

The theme personality brings up motion of the Kazakhstan republic organization forms of education aim and duty, importance, carries out line, man takes localization in the society place talks. Education organizers are methods and maintenance, active form, informed humane and healthy personality, which were directed teaching covers of the basic rules.

Keywords: education, the process of education, educator, goals, objectives, views, agents, form of education.

Қазақстан Республикасының Конституциясында «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың табиғи құқығы әрі парызы» деп отбасының міндеті анық көрсетілген. «Қазақстан-2030» бағдарламасында балаларымызды алыс болашақта қандай сапада көруіміз керектігі туралы айтылған. Тәрбие-қоғамның негізгі қызметтерінің бірі, жеке адамды мақсатты, жүйелі қалыптастыру процесі, аға ұрпақтың тәжірибесін кейінгі буынға меңгертіп, олардың сана-сезімін, жағымды мінез-құлқын дамытушы. Ересек буын қоғамдық тарихи

өмірде жинақталған тәжірибені, білімді жас буынға тәрбие процесі арқылы береді. Тәрбие материалдық игіліктерді өндіруге қабілетті, іскер адамдарды дайындауға бағытталуы қажет. Басты өндіруші күш – жеке тұлға. Адам жүйелі түрде күрделі қатынастарға араласып, қоғамдағы қалыптасқан идеяны, саяси және моральдық көзқарастарды, сенімдерді қоғамдағы адамдардың өмір сүру тәртібін меңгереді.

Педагогика баланы оқыту, тәрбиелеу тәжірибелерін қорытып, тәрбие және даму үшін қажетті жағдайларды анықтайды. Мақсат

дегеніміз – бір нәрсеге ұмтылу, іске асыру. Бұл тұрғыдан алғанда тәрбие мақсаты- жастарды өмірге әзірлеу мақсатымен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының нәтижесін ерте болжау. Тәрбиенің мақсаты мен жүйесі мемлекеттің саясаты мен экономикасына тәуелді. Тәрбие мен қоғам бір мезгілде пайда болды. Тәрбие қоғамдық құбылыс, онсыз қоғам өмірі ілгері дамымайды [1].

Алғашқы қауымдық құрылыста ересектер балаларды еңбекке дағдыландыру үшін қауымның әдет-ғұрпын, салтын үйретті. Таптық қоғамда тәрбие мақсатын анықтау қоғамның ең негізгі мақсатына айналды. Құл иеленуші қоғамдық құрылыста құлдар, өндіріс құралдары (жер, еңбек құралдары) – құл иеленушілерінің жеке меншігі болды. Тәрбиенің мақсаты құл иеленушінің мүддесіне бағындырылып, балаларды басқыншылық соғыс өнеріне тәрбиеледі. Әрбір мемлекетте балаларға білім беру мен тәрбиені ұйымдастырудың нақтылы мәселелері мен әдістері қарастырылады. Мұғалім қандай адамды қалыптастыратынын дәл білуі керек. К.Д. Ушинский өз қызметінің айқын мақсатын көрмейтін тәрбиешіні құрылыс материалдарын бір жерге үйіп тастап, одан не алғысы келетінін білмейтін архитектормен салыстырады. Тәрбиеші жас ұрпаққа берілетін білім, іскерлік, дағдыны, тәрбиелейтін сезімді біліп, жоспарлы, мақсатты тәрбие жұмысын жүргізеді.

Я.А. Коменский: «Тәрбие мақсаты және міндеттері, маңызы, жүзеге асыру жолдары адамның қоғамда алатын орнымен анықталу керек», «Келесі ғасырдың қандай болатындығы сол ғасыр үшін тәрбиеленген азаматтарға байланысты. Дүние – даналардың көптігімен бақытты» – деген ойлар айтты.

Осы ойларын «Ана мектебінің» кіріспесінде өрбітеді. «Тәрбие-адамды қалыптастыратын және жетілдіретін үйлесімді процесс» – деп Коменский тәрбие мақсатын төмендегідей негізгі элементтерге бөлді:

- адамға барлық заттарды білгізу – «ғылыми білім»;
- заттардың және өзінің қожасы ету – «адамгершілік»;

- құдайға, заттарға құлшылық ету – «діни тәрбие»;

- тән саулығы-дене тәрбиесі [2].

Жалпы білім беру мазмұнындағы тәрбие – бұл баланың өзіндік санасы мен сезімнің және адамгершілік көзқарасының қалыптасып дамуына, ол қасиеттердің оның мінез-құлқына сіңуіне бағытталып арнайы мақсатта ұйымдастырылған іс-әрекеттер. Тәрбие қазіргі өзгермелі, сан-салалы, көпмәдениетті, көп-этникалық үлкен өмірге еруге дайын қабілетті, тұлғаның дамуына бағытталған және рухани құндылықтардың негізінде құрылады [3].

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің негізгі мақсаты- жастардың бойындағы азаматтық пен қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін дәріптеуге, әлемдік және отандық мәдениет жетістіктерін оқып үйренуге, Конституцияға және қоғамға қарама-қайшы келетін әрекеттерге төзушілікке тәрбиелеу.

Тәрбиенің негізгі міндеттері:

- Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты қалыптастыру;
- Саяси құқықтық, экономикалық, экологиялық, талғам мәдениетін жоғары деңгейде қалыптастыру;
- Өзінің кәсіби қабілетін айқындауды қалыптастыру;
- Отбасылық мәдениетті және гендер проблемасындағы сауаттылықты қалыптастыру;
- Рухани – адамгершілік, этномәдениет, ұлтаралық қатынас пен толеранттылық мәдениетін қалыптастыру;
- Сыни ойлау мен дағдысы мен салауатты өмір салтын қалыптастыру;

Бүгінде тәрбиелік міндеттерді жүзеге асыру тұлғалық-бағыттаушылық тұрғыда негізделуі тиіс. Әрбір оқушы тәрбие үрдісінің субъектісі ретінде болу құқығы, сондай-ақ жеке тұлғалық ерекшеліктерін дамытуға жағдай жасау тұлғаның өзін-өзі ашуы мен өз ойын еркін жеткізу қажеттілігін қалыптастыру. Әлеуметтік қарым-қатынастардың өзгермелі жағдайында тәрбиені іс-әрекет тұрғысында қарау маңызды, себебі оқушылар ерік- жігерді талап ететін, өмірде кездесетін шынайы жағ-

дайларға араласады, бұл жағдайлар оларға басқалардан ерекшеленіп жақсы жағынан көрінуге мүмкіндік туғызады. Бала тұлғасы өмірін адамгершілікке байытатын және өмірдің мәнді де маңызды мәселелерін шешуге ұмтылыс жасайтын жасанды жағдаяттар мен жағдайлар жасалады. Бүгінде мұғалімнің оқушы бойына қалыптастыратын нақты іс-әрекетті оларды дағдыға үйрету, бағалау пікірін қалыптастыру, шығармашылық пен қайта өңдеуге қабілеттілігін, тұрақтылығы жігер мен ерікті тәрбиелеу сияқты белгілі тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруына бағытталып баланың өмірде, қоғамда таңдаған істеріне нәтижелі болуына көмектеседі.

Тәрбиелік тұрғыдан тәрбиенің төмендегідей түрлері мен әдістері ұсынылады:

- ауызша ауыз екі тілді-лекция, әңгіме, пресс-конференция, сабақтар;
- практикалық жаттығулар орындау, әдебиеттермен жұмыс істеу, үндеу хаттар, плакаттар жасау, сөзжұмбақтар, көрнекілік жасау, көркемдеу және құрастыру;
- репродуктивті- мазмұнын айту, мазмұндама білім беру;
- дедуктивті-жалпыдан жекеге, жағдайға байланысты ғылыми заңдарды қолдану;
- индуктивті-жекеден жалпыға: фактілер негізінде ойды қорытындылау;
- проблемалы ізденушілік-оқиғалар, сұрақтар, тапсырмалар, міндеттерді талқылау;
- шығармашылық- ойындар, пікірталастар, семинарлар, саяхаттар, жарыстар, үлгілер, шерулер, миға шабуыл, пікірталастар, дебаттар, дөңгелек үстелдер;
- психологиялық-тренингтер, өзіндік талдау, сауалнама алу, тестілеу, балалар суреттерін, шығармаларын талдау;
- көрнекіліктер- кестелер, суреттер, сызбалар, безендірулер, бейнефильмдер, диафильмдер, диапозитивтер, слайдтар, және т.б.

Оқушылардың тәрбие бағдарламасы адамның маңызды: интеллектуалды, мотивациялық, эмоционалды, ерік-жігерінің қалыптасуына, өзін-өзі басқаруына, пәндік практикалық дамуына және мектеп оқушыларының әлеуметтік қарым-қатынасқа дайындығына бағытталған [4].

Тәрбиенің ұйымдастырушылық тәсілдері мен мазмұны, белсенді әлеуметтік, білімді, адамгершілікті және дені сау тұлғаның қалыптасуына тәрбиесіне бағытталған қағидалар негізінде іске асырылады.

Мақсатқа бағытталған қағидаға тұлға дамуының әрбір кезеңіндегі нақты мақсатты бағдар, ұжымдық қажеттіліктердің нақты есебі, басты тәрбиелік іс-әрекеттердің түрін дұрыс таңдау жатады.

Гуманистік бағыттағы қағида гуманистік ойлар мен бағыттардың алдыңғы орынға шығуын ұсынады, яғни әрбір тұлғаға сыйластықпен қарау, оның барлық күш-жігерінің дамуына қамқорлық жасау, еркіндігі мен әлеуметтік құқығын тану, мұғалімнің білім алушылар мен тәрбиеленушілердің дамуына жауапты субъекті есебінде қарау, сонымен қатар субъект қатынасы негізінде өзара іс-қимыл жасау.

Табиғилық қағидасы тәрбиенің табиғи және әлеуметтік мәдени үрдістер арасындағы ара-қатынасын ғылыми тұрғыда түсінуге негізделеді, яғни оқушылар жынысына, жасына сәйкес тәрбиелейді, олардың бойында өзін-өзі дамытуда, жүріс-тұрыс әрекеттері барысында туындайтын экологиялық зардаптар үшін жауапкершіліктерін қалыптастырады.

Мәдениеттілік қағидасы тәрбие жалпы-адамзаттық құндылықтар негізінде ұлттық мәдениеттің нормалары мен құндылықтарына сай, жалпыадамзаттық құндылықтарға қайшы келмейтін аймақтық дәстүрлерге сай жүзеге асады.

Этникалық қағида – бірыңғай этникалық мәдениет негізінде жалпы ұлттық мәдениеттің гүлденуіне мүмкіндік жасайтын мәдени ортаның қалыптасуы, қоғамдық қатынастар, азаматтық келісім мен үйлесімге жету [5].

Субъектінің ана тілі мен мәдениетін толық игерумен қатар әлемдік мәдени құндылықтарды, дәстүр, тіл, психикалық тұрпат, этникалық сананы қамтитын рухани өмір саласына араластыру іс-әрекеттерін ұйымдастыру.

Бұл бағдарламаны жүзеге асыру тұлғаның жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты шығармашылық қабілетінің

өсуін туғызады, жеке тәрбиені өзін-өзі тәрбиелеу мен ұжымдық тәрбиемен ұтымды үйлестіреді, ата-анамен, мектептен тыс тәрбие мекемелермен және басқа қоғамдық ұйымдармен үздіксіз байланыс іске асырылады.

Қазіргі уақытта оқушының оқу-тәрбие үрдісіндегі белсенділіктері мен ұйымшылдығыны қалыптастыру өскелең ұрпақтың өмір талаптарына сай білім және тәрбие беру, оларды жан-жақты дамыту қоғам алдындағы тұрған басты міндеттердің бірі.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 bilim.idhost.kz/tags
- 2 Коменский Я.А. Избранные педагогические сочинения. – М., 1996.
- 3 Мукашева З.Б. Бастауыш мектеп // 2011 ж.– № 7-8, 54 б.
- 4 Сейітқұлов Н. Қазақстан мектебі // 2010 ж. – № 3, 49 б.
- 5 Назарбаев Н.Ә. Менің арманым да, мұратым да Қазақстан халқын бақытқа жеткізу// «Жұлдыз», № 7 – 2000 ж.

Г.Т. МҰСАБЕКОВА, Б. ӨТЕГЕН

*Қ.А. Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті
Түркістан қ., Қазақстан*

Д. БАЙҒОНОВА

*Оңтүстік Қазақстан инженерлі педагогикалық халықтар достығы университеті
Шымкент қ., Қазақстан*

ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ОТАНСҮЙГІШТІК СЕЗІМДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аннотация

Ұлттық патриотизм әдетте өз ұлтына, оның мәдениетіне, тіліне, дәстүрлеріне деген сүйіспеншілік пен жанашырлық. Қазақстандық патриотизм дегеніміз – Қазақстанда тұрып жатқан барлық ұлттардың ұлттық Отаны деген іргелі негізге сүйінген ұлттық патриотизмдердің синтезі. Зерттеуде патриоттық тәрбиеге және оның жүйелік сипатына түсінік беріліп, оның әдістемесі жасалынады.

Түйін сөздер: жоғары оқу орны, оқу үдерісі, студент, отансүйгіштік сезім, қалыптастыру.

Патриотизм – это любовь к своему народу, культуре, языку, традициям. Казахстанский патриотизм – это синтез патриотизма всех национальностей, живущих в Казахстане. В статье путем эксперимента выявлен уровень патриотического воспитания и разработана методическая система реализации данной работы.

Ключевые слова: вуз, учебный процесс, студент, патриотические чувства, формирование.

Annotation

National patriotism habit nation, its culture, language, tradition talks love and sympathy, this earth gives birth to understand concept it associates, national patriotism state people one part one time expresses, viz. different nation association representative for single mother land love and fitness to use edge down. That we said Kazakhstan's patriotism, fundamental to basis, said that national Mother

land nations presence, at that Kazakhstan lived here, it is the synthesis of national patriotism. We took into account all it, we investigate patriotic education and it is the system to character expressing, its methodology.

Keywords: higher education institution, the educational process, students, patriotism, formation.

«Патриотизм, Отанға деген сүйіспеншілік жеке адамның аман – саулығы, мемлекеттік қауіпсіздікке байланыстығын сезіну, әр адам өзінің мемлекетке тәуелді екендігін, олай болса мемлекетті нығайту жеке адамдарды күшейту екендігін мойындау», – деп жазады Б. Момышұлы [1].

Қазіргі таңда жас ұрпақ бойында патриоттық сананы қалыптастыру, ол үшін патриоттық іс-әрекет ұйымдастыру, бұл шараны іске асыру үшін оқу – тәрбие үдерісінде отансүйгіштік тәрбие беруді жетілдіру қажеттілігі туындап отыр. Үздіксіз білім беру жүйесінің барлық сатыларында оқушы жастардың отансүйгіштік сезімдерін қалыптастыруды жаңа сапалық деңгейге көтеру Отанымыз – Қазақстан Республикасының даму болашағының көзденген ұлы мақсаттарымызды іске асырудың кепілі. Осыған байланысты патриоттық тәрбие мемлекеттік, әлеуметтік орын алатын педагогикалық тұрғыдан зерттеуді қажет ететін маңызды мәселе.

Сонымен, «патриотизм», «ұлттық патриотизм», «жалпы ұлттық патриотизм», «қазақстандық патриотизм» ұғымдарының мазмұны олардың бір-бірімен аса тығыз байланысты екенін, мазмұнының әр жылдардағы саясат пен идеологияға байланысты жетілдіріліп отыратынын, әлеуметтік орта мен ұжымның ықпалында, патриоттық тәрбиенің негізінде қалыптасатынын дәлелдейді.

Ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, патриоттық тәрбиені қалыптастырудың төмендегідей бағыттарын белгіледік:

1. Патриоттық білім.
2. Патриоттық сана.
3. Патриоттық іс-әрекет.

Арнайы анкета жасалынып, оған сәйкес студенттердің қазақстандық патриотизм құндылықтарында болған қатынасы, кәсіптік-патриоттық бағыттағы білімдерге, өзіндік өмірге болған белсенді қарым-қатынасы қай деңгейде қалыптасқандығы белгіленді. Мысалы, «Қазақстанды болашақта қалай

көруді қалайсыз?», «Қазақстанды гүлденген, экономикалық сәтті мемлекет болуына өзіндік үлес қосуды өзіңіздің міндетіңіз деп білесіз ба?» сияқты сұрақтар қойылды. Анкеталаудың нәтижелері бақылау және эксперименттік топтарда студенттердің қазақстандық патриотизм құндылықтарына оң қатынастары деңгейінде айтарлықтай жоқтығын көрсетеді.

Студенттердің отансүйгіштік сезімдерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін эксперименттік және бақылау топтары студенттерімен бақылау жұмыстары студенттердің азаматтық-патриоттық білімдерінің болуын анықтауға мүмкіндік беретін мынандай сұрақтардан құрылған:

1. Қазақстандық патриотизм дегенде нені түсінесіз?
2. Қазақстандық патриотизм қандай көрсеткіштермен анықталады?
3. Қазіргі ұғымда қазақстандық патриотизмнің міндеті, қызметі неде деп ойлайсыз?
4. Қазақ тілі қай дәрежеде меңгергенмін деп есептейсіз? Өзіндік деңгейінен қанағаттанасыз ба?
5. Қазақ халқының қандай салт-дәстүрлерін білесіз?
6. ҚР рәміздерінің мағынасын ашып көрсетіңіз?
7. Отандық әлеуметтік-саяси, экономиканың өркендеуі үшін өзіңізді қанша жауапкер сезінесіз?
8. Қазақстанда бәсекеге қабілетті, дамыған ел болуына қандай өзіндік үлес қоса аласыз?

Студенттердің азаматтық-патриоттық білімдерін анықтау үшін, сонымен қатар студенттермен әңгімелесу, олардың қазақ тілін, қазақ халқының салт-дәстүрлерін, тарихын, әдет-ғұрыптарын қай дәрежеде білуін анықтау үшін тестілеу әдісі пайдаланылды. «Қазақ тілі», «Мәдениеттану», «Қазақстан тарихы» пәндерінен студенттердің үлгерімі талданды. Анықтау кезеңінің нәтижелері оқыту үдерісінде студенттердің отансүйгіштік сезімдерін қалыптастыру деңгейлері төмендігін, бұл бағытта арнайы, мақсаткер жұмыс ұйымдастырылуын талап ететіндігін көрсетті.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың қалыптастырушы кезеңінде зерттеу барысында жасалынған жоғары оқу орнында ағылшын тілін оқыту үдерісінде студенттердің патриоттық сезімдерін қалыптастырудың технологиясын қолдауды көздеді. Атап айтқанда, қалыптастырушы эксперимент тілдік емес мамандықтар студенттеріне ағылшын тілінен сабақ беру барысында болашақ мамандарда қазақстандық патриотизм сезімдерін қалыптастыруды көздеді. Ұсынылған технология жоғары оқу орындарында оқыту үдерісінде студенттердің отансүйгіштік сезімдерін қалыптастырудың зерттеу барысында жасалынған теориялық үлгісі және оның тиімділігін қамтамасыз ететін педагогикалық шарттарға негізделіп жасалынған.

Қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу технологиясы қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі сабақтары мазмұнында студенттерде қазақстандық патриотизм құндылықтарына оң мотивтерді қалыптастыруға, азаматтық-патриоттық білімдерді меңгеруге, мінез-құлқы мен іс-әрекетте белсенді азаматтық позициясын көрсетулеріне жағымды ықпал ететін арнайы материалдарды ендіруді көздейді. Ұсынылып отырған технологияда оқыту үдерісінде студенттердің отансүйгіштік сезімдерін қалыптастырудың негізгі үш компоненттері (мотивациялық, когнитивтік және мінездік) көрініс табады.

Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі курстарының педагогикалық мамандықтар үшін бағдарламасы мазмұнына қосымша ретінде кіріктірілген азаматтық-патриоттық материалдармен қатар, ұсынылып отырған технология төмендегі педагогикалық іс-қимылдарды да кірістіреді:

- студенттердің қазақстандық патриотизм және дәстүрлеріне құндылық қатынастарын, қажеттіліктері мен мотивтерін қалыптастыру;
- студенттерде азаматтық-патриоттық білімдерін қалыптастыру;
- студенттерде оқуда, азаматтық позицияда, нақтылы іс-әрекетпен мінез-құлық практикалық іске асырылатын терең патриоттық сезімдерді қалыптастыру.

Эксперимент барысында қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі сабақтарында студенттер тарапынан азаматтық-патриоттық қосымша материалдардың меңгерілуі қазіргі жоғары оқу орындарындағы оқыту үдерісін ұйымдастыруда пайдаланылатын дидактикалық жұмыстың формалары мен әдіс-тәсілдерінен, әсіресе белсенді және интерактивтік оқыту әдістерінен тиімді пайдалану арқылы іске асырылды. Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі сабақтарының барлық кезеңдерінде студенттердің оқу-танымдық іс-әрекеттерін ұйымдастырудың топтық, жеке-дербес, жұп, ұжымдық формаларынан пайдаланылды.

Сонымен қатар патриоттық мазмұндағы дебаттар, шығармалар жазу, рефераттар даярлау және қорғау, пікірталастар ұйымдастыру кеңінен қолданылды. Студенттерді әлеуметтік белсенді мінез-құлыққа қозғалтатын, олардың қарым-қатынас қабілеттерін және патриоттық сезімдерін дамытатын тәрбиелеуші жағдайларды қолдануға ерекше мән берілді. Студенттерге 3 тілде патриоттық мазмұндағы мәтіндер ұсынылды. Мәселен, қазақ жерінің тарихы, Отанымыздың ұлы тұлғалары, ата-тегіміздің қаһармандары, қазақ салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, егеменді Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктері, Қазақстан Республикасы әлемнің дамыған елу елдері қатарына кіруі стратегиялық мақсаттары туралы мәтіндер ұсынылды. Сонымен бірге студенттердің өздеріне мерзімді басылымдардан азаматтық-патриоттық мазмұнда жазылған ең жақсы мақалаларды таңдау, оларды ағылшын тіліне аудару, немесе шет ел авторлары тарапынан даярланған Қазақстан туралы мақалаларды жинау тапсырылды. Эксперименталдық әдіс-тәсілдер технология тиімділігі студенттердің патриоттық сезімдерінің қалыптасқандығын диагностикалаудың кешенді әдістерінен пайдалану арқылы жүзеге асырылды. Мысалы, анкеталау, тестілеу, бақылау жұмыстары, ауызша сынақтар, проблемалық жағдайларды шешу т.б. диагностикалық әдістер қолданылады.

Тәжірибе-эксперименттік жұмыстың қалыптастыру кезеңі аяқталған соң, сынақтан

өткендердің екі тобындағыларының да әсіресе, эксперименттік топтағы студенттердің отансүйгіштік сезімдерінің қалыптасқандық деңгейлерінде мәнді өзгерістер болғандығын сандық және сапалық талдау мәліметтері көрсетеді. Алынған мәліметтерді нөлдік деңгейдің нәтижелерімен салыстыруда екі топта да болашақ мамандардың патриоттық сапаларының жоғарылағандығы, ал эксперименттік топта оның қарқынды болғандығы байқалады. Мысалы, алғашқы кезеңінде, эксперимент тобы студенттерінің мотивациялық компонент бойынша отансүйгіштік сезімдерінің қалыптасқандығының жоғары деңгейі 60% құраса, қалыптастыру кезеңінде бұл көрсеткіш 56,2% құрайды. Бақылау тобында бұл деңгей әлі төмен екендігі көрінеді (7,3%, 10,9%) Ал эксперимент тобындағылардың төменгі деңгейлері бақылау тобындағылармен салыстырғанда мөлшері азайғандығы көрінеді (эксперимент кездеріне сай 68,3% және 9,0%)

Дәл сондай жағдайды когнитивтік компонент бойынша студенттердің отансүйгіштік сезімдерінің қалыптасқандық деңгейлері туралы сандық және сапалық талдау мәліметтері де көрсетеді. Мысалы, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың алғашқы кезеңінде, эксперимент тобындағы студенттердің азаматтық-патриоттық білімдерінің қалыптасқандығы жоғары деңгейі 3,1% құраса, қалыптастыру кезеңінің соңында бұл көрсеткіш 47% құрайды. Ал бақылау тобында бұл деңгей әлі төмен екендігі көрінеді (4,4%, 4,6%). Мінездік компонент бойынша студенттердің отансүйгіштік сезімдерінің қалыптасқандық деңгейлерін салыстыруда екі топта да болашақ мамандардың патриоттық сапаларының жоғарылағандығын, ал эксперименттік топта қарқынды болғандығын көрсетеді. Мәселен, анықтау кезеңінде бақылау тобында мінездік компонент бойынша студенттердің патриоттық сапалары қалыптасқандығының жоғары деңгейі 2,9% құраса, қалыптастыру кезеңінде 3,9% ғана өскен. Осы уақытта, эксперимент тобында бұл көрсеткіш 1,5% (анықтау кезеңінде) және 42,5% (қалыптастыру кезеңінде) құрайды. Тәжірибелік-эксперимент

жұмыстың соңғы нәтижелерін талдау, оқыту үдерісінде студенттердің отансүйгіштік сезімдерін қалыптасқандығын анықтаған көрсеткіштері мен деңгейлерінде сандық және сапалық өзгерістер болғандығын көрсетті.

Сонымен, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері оқыту үдерісінде студенттердің отансүйгіштік сезімдерін қалыптастыруды зерттеу барысында анықталған педагогикалық шарттарын және олардың негізінде жасалынған бұл бағыттағы тәрбиелік жұмыс технологиясының тиімділігін дәлелдейді.

Қорытынды

Жоғары оқу орны үдерісінде студенттердің отансүйгіштік сезімдерін қалыптастырудың төмендегідей педагогикалық шарттары анықталды:

- оқу пәндері мазмұнының отансүйгіштікке тәрбиелеу мүмкіндіктерін анықтау және олардан мақсатты түрде пайдалану;

- тәрбиелеуші оқыту принципін іске асырып оқу үдерісінде отансүйгіштікке тәрбиелеудың арнаулы әдіс-тәсілдерінен пайдалану;

- болашақ мамандарды кәсіптік тәрбиелеуді отансүйгіштік бағдарда жүзеге асыру;

- мотивациялық, когнитивтік және мінезқұлықтық компоненттерінің өзара бірлігі негізінде қалыптасатын студенттердің жеке тұлғасын интегративтік қасиеті ретіндегі отансүйгіштікті қалыптастыру технологиясын пайдалану;

- оқыту үдерісінде отансүйгіштікке тәрбиелеудің этникалық – аймақтық ерекшеліктерін есепке алу, халықтық салт-дәстүрлерді пайдалану.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Момышұлы Б. Қанмен жазылған кітап. – Алматы, 1990.

2 Джанабаева Р.А. Қазақ халық педагогикасындағы патриоттық – ерлік тәрбиесінің ғылыми негіздері. – Алматы, 2006. – 45 б.

3 Иманбаева С.Т. Оқушыларды ұлттық жауынгерлік дәстүр арқылы ерлікке баулудың педагогикалық негіздері. – Алматы, 1997. – 125 б.

Р.А. НҰРМҰХАМЕТОВА

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар
және инжиниринг университеті
abdi_raushan@inbox.ru
Ақтау қ., Қазақстан

ОТБАСЫ – ТҰЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ДАМУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘДЕНИ ОРТАСЫ

Аннотация

Бұл мақалада отбасы тәрбиесінің жеке тұлға қалыптасуындағы маңызы, сонымен қатар, отбасының басқа да қоғамдық институттар сияқты атқаратын қызметтері, отбасы тәрбиесінің мазмұны мен әдіс-тәсілдері қарастырылады.

Түйін сөздер: отбасы, отбасы тәрбиесі, отбасы қызметі, ата-ана, репродуктивті қызмет, тәрбиелік қызмет, әлеуметтік институт, тұлғаны тәрбиелеу, әке, ана, тәрбие әдістері.

В статье рассматривается роль и значение семейного воспитания в формировании личности, его содержание и методы. Кроме того сделан анализ функций, выполняемых семьей как социальный институт.

Ключевые слова: семья, семейное воспитание, функции семьи, родители, репродуктивная функция, воспитательная функция, социальный институт, воспитание личности, отец, мать, методы воспитания.

Annotation

Одним из современных средств ИКТ в учебном процессе является компьютерная сеть, которая представляет комплекс программных и аппаратных средств, позволяющих объединенным ими компьютерам (рабочим станциям) обмениваться, накапливать и обрабатывать информацию [2;С.69]. Для соединения компьютеров используются модемы, сетевые платы и кабели. В свою очередь, компьютерные сети принято классифицировать на две большие группы: локальные и глобальные. Как правило, локальной называют сеть, которая способна связать компьютеры, находящиеся в одном здании или одной организации, а также в пределах района, города, страны. Иными словами, локальная сеть это сеть, которая ограничена в пространстве. Локальные сети распространены и в сфере образования [4;С.22]. Более того, локальные сети могут объединять и компьютеры разных учебных заведений, что позволяет говорить об использовании локальных сетей в образовательной сфере деятельности.

В отличие от локальных, глобальные сети не имеют пространственных ограничений. Наиболее известным примером глобальной информационно-коммуникационной сети является сеть Интернет (INTERNET). При всем многообразии информационных технологий, а также способов организации данных при их пересылке по каналам связи всемирная информационная компьютерная сеть занимает центральное место. Более того, на современном этапе, это практически единственная глобальная информационно-коммуникационная сеть, повсеместно используемая в системе образования любого уровня и вида, в частности дистанционного.

Таким образом, одним из видов контроля знаний в дистанционном образовательном

процессе может служить видеоэкзамен, процедура которого сводится к постоянному контролю в режиме реального времени и осуществляется дистанционно, с использованием компьютерной сети, а также базой данных, способной меняться в любой отрезок времени. Видеоэкзамен должен предваряться тестированием обучающихся, и не должен сводиться к видеоконференции, так как последняя подразумевает, прежде всего, свободную импровизацию в общении.

Для обеспечения видеоконтроля на дистанционном экзамене желательно использовать инструментальную и техническую защиту передаваемой и получаемой информации, где учебный телекомплекс должен включать в себя:

- Сервер непосредственного преподавателя, снабженный средствами крупномасштабного воспроизведения информации, оборудованием и программным обеспечением для проведения теле- и видеоконференций, высокоскоростным модемом.

- Сервер удаленного преподавателя, снабженный оборудованием и программным обеспечением для проведения теле- и видеоконференций, высокоскоростным модемом.

- Группа удаленных независимых серверов с учебной информацией;

- Выделенная телефонная линия.

- Человеческий фактор: непосредственный преподаватель, удаленный преподаватель, аудитория.

Таким образом, вышеизложенное позволяет сделать вывод, что под видеоконтролем в широком смысле этого слова следует понимать возможность удаленного наблюдения и управления системой регистрации событий, происходящих в помещении посредством использования специального оборудования.

Возвращаясь к анализу опыта проведения видеоэкзамена в МГУПС, следует также отметить, что в качестве средства видеонаблюдения во время процедуры его проведения используется вэб-камера, которая представляет собой малоразмерное цифровое видео, способное в реальном времени фиксировать изображения, предназначенные для дальнейшей

передачи по сети Интернет. Трансляция изображения осуществляется в режиме реального времени до фактического его окончания согласно расписанию его проведения.

После окончания видеоэкзамена технический специалист визуально проверяет работоспособность программно-аппаратного комплекса, производит резервное копирование записи видеоэкзамена на внешний носитель, при необходимости производит перезагрузку компьютера, а также осуществляет выключение программно-аппаратного комплекса, производит копирование всех файлов видеозаписи на носители, где последние передаются на хранение руководителю высшего образовательного учреждения, на базе которого был организован видеоэкзамен. Руководитель высшего образовательного учреждения несет ответственность за хранение переданных видеозаписей и организует беспрепятственный доступ к видеозаписям при необходимости. Результаты сдачи видеоэкзамена фиксируются в электронном личном кабинете каждого экзаменуемого.

Таким образом, мы видим, что информационные технологии не только облегчают доступ к информации, но и открывают новые возможности их использования в образовательном процессе, в частности, в процессе сдачи дистанционного экзамена, что в свою очередь, позволяют по-новому организовать взаимодействие всех субъектов дистанционного обучения, построить образовательную систему, в которой студент был бы активным и равноправным участником учебной деятельности.

ЛИТЕРАТУРА

1 Бордовская Н.В. Педагогика: учебник для вузов [Текст] / Н.В. Бордовская, А.А. Реан – СПб.: Питер, 2012. – 528 с.

2 Воронин В.М. Компьютерная техника и расширение информационно-коммуникативных возможностей человека [Текст] / В.М. Воронин – М.: Инфра-М, 2012. – 258 с.

3 Зайченко Т.П. Инвариантная организационно-дидактическая система дистанционного

обучения: монография [Текст] / Т.П.Зайченко – СПб.: Астерион, 2012. – 188 с.

4 Полат Е.С. Педагогические технологии дистанционного обучения [Текст] / Е.С.Полат, М.В.Моисеева, А.Е.Петров; под ред. Е.С.Полат. – М.: Академия, 2010. – 333 с.

5 Панарина Н.А. Дистанционное обучение: к вопросу об основных понятиях [Текст]

/ Н.А.Панарина // Социс: Социологические исследования – 201 – №4. – С. 116-120.

6 Тихонов А.Н. Технологии дистанционного обучения в России [Текст] / А.Н.Тихонов, А.Д.Иванников// Высшее образование. – 2012. – №4. – С.10-13.

7 Хуторской А.В. Современная дидактика: Учебник для вузов [Текст] / А.В.Хуторской – СПб: Питер, 2011. – 544 с.

УДК 378.013.42

Н.А. АСАНОВ, Ж.Е. БЕЙСЕ

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Жалпы және этникалық педагогика кафедрасы
Алматы қ., Қазақстан*

УНИВЕРСИТЕТТЕРДЕ КРЕДИТТІК ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ ЖАҒДАЙЫНДА СТУДЕНТТІҢ ӨЗДІК ІС-ӘРЕКЕТІ DAҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МОДЕЛІ

Аннотация

Бүгінгі күні еліміздегі жоғары оқу орындарына енгізілген кредиттік оқыту жүйесі – заман талаптарына сәйкес болашақ маман бойында толыққанды білім қалыптастыруға, өздігінен жұмыс істеу және білім алу дағдыларын дамытуға жағдай жасайтын жаңа оқыту жүйесі болып табылады. Осыған орай, жаңа жүйе жағдайында студенттердің білімді өз бетінше іс-әрекет арқылы алуы олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына зор ықпалын тигізеді. Мақалада университеттерде кредиттік оқыту жүйесі жағдайында білім алушы студенттердің өздік іс-әрекеті дағдыларын қалыптастырудың үлгісі жасалынып, оған сипаттама берілген.

Түйін сөздер: кредиттік оқыту жүйесі, іс-әрекет, дағдылар, өзара жұмыс.

В статье затрагиваются вопросы новой системы обучения, внедренной в нашей стране системы кредитного обучения, которая создает условия для получения качественных знаний, формирования навыков самостоятельной деятельности соответствующего сегодняшним требованиям будущего специалиста. В связи с этим, в ней отмечается, что в новой системе получение самостоятельного образования студентов оказывает огромное влияние на формирование их как личности. В статье описывается модель формирования навыков самостоятельной деятельности студентов получающих образование по системе кредитной технологии.

Ключевые слова: кредитная система обучения, деятельность, умения, самостоятельная работа.

Annotation

Nowadays in our country introduced a system of credit learning is a new training system, which creates conditions for formation of full knowledge, skills of independent activity of corresponding modern requirements of the future specialist. In this regard, in the new system of obtaining self-education of students has a great influence on the formation of their personality. The article describes a model formation of skills in independent work of students receiving education in the system of credit technology.

Keywords: credit system of education, activities, skills, independent work.

Кіріспе

Жас ұрпақты тәрбиелеу мен оқыту жүйесі заман талабына сай қоғамдық өмірде болып жатқан ұлы өзгерістерге тікелей байланысты. Қазіргі қоғам жан-жақты үйлесімді жетілген жаңа адамды оқытып тәрбиелеуді талап етіп отыр. Демек, қоғам талабы - заман талабы, өйткені «Әр адам - өз заманының баласы». Сондықтан да адамды заман билейді, заманына сай Заңы туындайды. Иә, қай заманда да білім, тәрбие беру жөнінде талай ойшыл-педагогтар өздерінің ой тұжырымдарын айтқан-ды.

Соның бірінде, қазақтың ұлы ғалымы, ағартушы Шоқан Уәлиханов: «Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет» деп, жарқын болашаққа бастар жолдың ең алдымен елдің егемендігі мен сауаттылығына байланысты екенін ашық айтып өткен-ді [1]. Иә, бүгінде қыран құсы қалықтаған көк аспанымыздың астында баянды да бақытты ғұмыр сыйлаған Тәуелсіздігімізге бақандай 22 жыл толып, еркіндіктің көк байрағы желбіреп, егемендігіміздің абырой-беделі артқан сәтімізде елімізге керегі бәсекеге қабілетті білімді ұрпақ ғана. Ол үшін, әрине, Қазақстандағы білім беру саласын дамыту, оны одан әрмен жетілдіру бағытына ерекше мән беру қажеттілігі тууда.

Осыған орай, бүгінде білім беру саласында Елбасымыз Н.Назарбаевтың әр жыл сайын халыққа жолдаулары мен жаңа білім заңдарының қабылдануы, соған сәйкес білім саласының жүйелі түрде реформалануы, университеттерді кредиттік оқыту жүйесіне көшірудің жоспарлы іске асырылуы сияқты ауқымды жобалардың қолға алынуы өз деңгейінде нәтижесін беруде. Жалпы әлемнің дамыған мемлекеттерінде қолданыста болып, айтарлықтай жақсы нәтижелер көрсеткен кредиттік оқыту жүйесін өз еліміздегі университеттерге ендіру мәселесі толығымен шешімін тауып отыр. Сондықтан да болар, Болон декларациясын қолдаған мемлекетіміз, әлем таныған мемлекеттеріндей кредиттік оқыту жүйесін республикамыздағы барлық жоғары оқу орындарына енгізіп үлгерді.

Негізгі бөлім

Жоғары оқу орындарында кредиттік оқыту жүйесін енгізудің басты ерекшелігі – әлемдегі білім берудің ең үздік технологиялық тәжірибелерін қолдана отырып, елімізге қажетті мамандарды сапалы дайындап шығару.

Бұл жүйе бойынша білім алып жүрген студенттер ең алдымен өзіндік ізденіске, сондай-ақ әрбір өтілген тақырыпты шығармашылықпен меңгеруіне жол ашып қана қоймай, оларды оқу әрекетін өз бетінше ұйымдастыру іскерлігіне машықтандырады. Демек, кредиттік оқыту жүйесі – студенттердің өздік жұмыстарын қалауынша орындауы нәтижесінде жеке тұлға ретінде жан-жақты дамып жетілуіне ықпал жасайды. Яғни, «оқу – қалай оқығаныңа қарай», «өзін-өзі дамыту», «өмір бойына оқу» сияқты білім берудің жаңа парадигмалары оқу үдерісін тұлғаға бағыттап ұйымдастырады.

Студенттің өздік жұмысы кредиттік оқыту жүйесінің ерекшелігіне байланысты:

- студенттерді өзін-өзі ұйымдастыруға тәрбиелейді;
- студенттерді СӨЖ уақытын тиімді пайдалануға уақытын жоспарлауға үйретеді;
- өзіндік бақылаудың дағдыларын қалыптастырады;
- студенттердің ақпараттық технологиялармен жұмыс істеу дағдысын дамытады.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы бірігіп, студенттің өздік іс-әрекеті дағдыларын құрайды. Демек, студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастыру мен оны өткізу технологиясының мәні – студенттің өзіндік іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру дегенді білдіреді. Ал студенттің өзіндік іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру үшін:

- студенттердің өздік жұмыстарын жоспарлау, ұйымдастыру;
- әдістемелік қамтамасыз ету;
- бақылау және орындалу бағасы;
- талдау және жетілдіру жұмыстары жүргізілуі қажет.

Қазіргі уақытта, кредиттік оқыту жүйесі бойынша білім алып жүрген студенттермен жүргізілетін жұмыстардың түрлі үлгісі

(моделі) жасалынууда. Алдымен, үлгі дегеніміз не? деген сауалға жауап берелік.

Үлгі – бұл ғылыми зерттеулерде ең көп тараған әдістердің бірі. Әсіресе, соңғы кездері педагогикалық жұмыстарда кеңінен қолданылуда. Үлгілеуді «қандай да бір құбылысты, үрдісті немесе объектілер жүйесін, үлгісін құру және меңгеру арқылы зерттеу; қайтадан құралатын объектілерді жасаудың тәсілдерін анықтау немесе нақтылау мен ұтқырлау үшін үлгілерді қолдану» деп те анықтайды [2].

Сонымен қатар, В.В. Краевский үлгіні «зерттеу пәнінің белгілі бір жақтарының байланысы мен функцияларын құрастыратын элементтер жүйесі» деп те қарастырады [3]. Ал, В.А. Штофф үлгіні төрт түрлі белгі бойынша:


- ✓ үлгі зерттеу объектісін бейнелейді;
- ✓ үлгі объектіні алмастыруға қабілетті;
- ✓ ойша елестетуге болатын немесе материалды түрде жүзеге асатын жүйе;
- ✓ оны зерттеу объектісі туралы жаңа ақпарат береді деп анықтайды [4].

Ал, Г.И.Саранцева үлгіге мынадай анықтама береді: «Материалдық бір бөлігін ойша немесе практикалық түрде қысқартып, көрнекі түрде беру» [5].

Сонда кез келген мәліметті үлгі түрінде көрсету тиімдірек болатындығын дүниежүзінің көптеген ғалым-педагогтары атап өтіп қана қоймай, оны өз зерттеу жұмыстарында кеңінен қолданған.

Олай болса, жинақтаған барлық мәліметтерді пайдалана отырып, университеттерде кредиттік оқыту жүйесі жағдайында студенттің өздік іс-әрекеті дағдыларын қалыптастырудың моделін жасап көруге тырыстық (1-сурет).

Студенттің өздік іс-әрекеті дағдыларын қалыптастыру үлгісінің мақсаты: Студенттің өздік іс-әрекеті дағдыларының теориялық және әдістемелік жүйесін құрастыру болып табылады. Осы мақсатты басшылыққа ала отырып, өздік іс-әрекет дағдыларын қалыптастырудың үлгісін жасаймыз.



Сурет 1:– Іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру үлгісі

Үлгіні жасаудағы алға қойған мақсатты басшылыққа ала отырып, алдымен міндеттерді тізіп алдық.

Біріншіден, студенттердің өздік іс-әрекетін қалыптастыруға мүмкіндік беретін сабақ формаларындағы өздік жұмыс түрлерін анықтап алу қажет;

Екіншіден, студенттердің өздік іс-әрекетін қалыптастыруға мүмкіндік беретін сабақ формаларында студенттің өздік іс-әрекетін белсендіретін амалдар мен тәсілдерді таңдап алып, оны үнемі жетілдіріп отыруымыз керек;

Үшіншіден, жоғары оқу орындарындағы аудиториялық және бейаудиториялық өздік жұмыстарды орындау әдістемесін барынша дамытуымыз қажет.

Бұл міндеттерді алуымыздың себебі, ең алдымен студентке өзін жан-жақты ашып көрсетуі үшін, яғни өзін бар қырынан танытып, сезінуі үшін оған мүмкіндіктер туғызуымыз жөн. Сонда ғана олар өз бойындағы қабілет-қарымына сенетін және түсінетін болады. Тек сабақ уақытында ғана емес, сабақтан тыс уақыттарда да олардың өзіндік ашылуына көмек қолын беруіміз керек деп ойлаймын. Сол себепті, мына ұстанымдарды ұстанғанымыз абзал. Олар: аудиториялық сабақ формаларында өздік іс-әрекетке өзара белсенді оқытуға бағыттауға баса назар аудару; студенттердің белсенділігіне қарай еркіндік беру; өздік ойлану, пікірін, көзқарасын білдіру, өздік іс-әрекетін шектемеу; аудиторияда өздік жұмыс атмосферасын қалыптастыруға ықпал жасау; аудиториядан тыс орындалатын тапсырмаларға барынша әдістемелік көмек көрсету, т.с.с.

Қорытынды

Негізінен кредиттік оқыту жүйесіндегі студенттің өздік жұмысы дегенге анықтама берер болсақ, ол – студенттердің танымдық және кәсіби әрекеттеріне қызығушылығының дамуына, білімдерін тереңдетіп, сапасын арттыруға, кәсіби біліктіліктері мен дағдыларының қалыптасуына мүмкіндік беретін ең басты құрал. Демек, кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің өзін-өзі ұйымдастыру, өздігінен білім алу мүмкін-

діктерін дамытуға айрықша назар салынады. Бұл өз кезегінде студенттердің жеке ерекшеліктерін ашуға, қабілеттерін дамытуға жағдайлар жасау болып табылады. Сондықтан да студенттің өздік іс-әрекеті дағдыларын қалыптастыру жағдайында сабақта қолданатын СӨЖ-ді ұйымдастыру технологиялары мен өздік іс-әрекет дағдыларын қалыптастырудың өлшемдері мен көрсеткіштерін (компоненттерін), олардың маңызын ескерген жөн. Өйткені, бұлар кредиттік оқыту жүйесіне сай өздік іс-әрекеті дағдылары қалыптасқан студент нәтижесіне жетудегі даңғыл жол іспеттес. Үлгіде көрсетілген осы бағыт бойынша студенттерге кредиттік оқыту жүйесінде дәріс берілетін болса, онда студенттің өздік іс-әрекеті дағдылары анағұрлым нәтижелі әрі жылдам қалыптастасар еді деп ойлаймын.

Кредиттік оқыту жүйесі студенттердің өз бетімен оқуына мотивациясын арттырады, өйткені, СӨЖ тапсырмаларын өз уақытында тапсырып үлгермесе, қажетті балын жинай алмайды. Демек, бұның өзі студенттердің амалсыздан болса да алға ұмтылуының бір себебі екен. Ойымызды қорытындылайтын болсақ, жалпы кредиттік оқыту жүйесі жағдайында білім алып жүрген студенттердің өздік іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру мәселесінің зерттелмеген әрі ашылмаған қырлары әлі де баршылық деп есептейміз. Өйткені, осы күнге дейінгі бұл мәселелер теориялық тұрғыда ғана зерттелініп, ал практикада толығымен жан-жақты қолданылып үлгерген жоқ деуге болады.

Алайда, өркениет жолында талай өрелі іс тындырған Қазақ елінің көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы «Білім беру мен денсаулық сақтаудың қазіргі заманғы және тиімді жүйесін құруымыз керек» деген пікірлері уақыттың бір орында тұрмайтынын, алда әлі талай зерттеулер мен жаңалықтардың дүниеге келетінінің дәлелі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Жарықбаев.Қ. Ақылдың кені. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 179 б.

2 Шкутина Л.А., Плотников В.М., Егоров В.В. Основы исследовательской работы в профессиональной педагогике. – Алматы: Ғылым, 2000. – 192 с.

3 Краевский В.В. Введение в научное исследование по педагогике. – М., 1999. – Б. 152-155 с.

4 Штофф В.А. Проблемы методологии научного познания. – М.: Высшая школа, 1978. – 271 с.

5 Саренцева Г.И. Цель, объект, предмет педагогического исследования // Педагогика. – 2002. – № 7. – 16 с.

УДК 337.4

К.С. АХМЕТКАРИМОВА

*Центр уровневых программ филиала акционерного общества
«Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу» Института
повышения квалификации педагогических работников
по Карагандинской области
г. Караганда, Казахстан*

Р.Ш. АБИТАЕВА

*Жезказганский университет им.О.А.Байконурова
г. Жезказган, Казахстан*

**ФОРМАТИВНОЕ ОЦЕНИВАНИЕ В ПРЕОДОЛЕНИИ
КОНСЕРВАТИЗМА УЧИТЕЛЕЙ НА КУРСАХ ПОВЫШЕНИЯ
КВАЛИФИКАЦИИ НОВОГО ФОРМАТА**

Аннотация

В статье рассматриваются системы школьного образования в странах дальнего и ближнего зарубежья и факторы улучшения их качества и конкурентоспособности. Анализируются пути преодоления консерватизма учителей в преподавании и обучении.

Ключевые слова: школьные системы, формативное оценивание, консерватизм, консерватор.

Мақаланың мазмұнында мектеп жүйесінің талдауы қамтылған. Авторлар формативті бағалаудың өз тәжірибесіндегі консерватизмді жеңу жолдарының бір құралы ретіндегі өз ойы берілген.

Түйін сөздер: мектеп жүйесі, формативті бағалау, консерватизм, консерватор.

Annotation

The school education system in the neighbouring and far abroad countries as well as the factors for their quality and competitiveness improvement are considered in this article. The ways of coping conservatism of the teachers are analyzed both in teaching and learning.

Key words: school system, formative assessment, conservatism, conservator.

Реформа образования сегодня входит в число главных задач почти всех стран. И анализ этого опыта показал, что, несмотря

на существенный рост объемов финансирования и масштабные усилия по реформированию, качество образования во многих образо-

вательных системах повысилось за последние десятилетия незначительно [1, с. 12-15]. Ряд исследователей [2, с. 27-29] изучив свыше 25 школьных систем разных стран мира, включая 10 наилучших, попытались выяснить, с чем связаны различия в качестве образования и динамике его развития. При этом основное внимание исследователи свое внимание сосредоточили не столько на разнице того, что происходит в классах, сколько на различиях на уровне системы: именно этими различиями, в конечном счете, обусловлено качество обучения. Основной вопрос, на который пытались получить ответ исследователи - что объединяет лучшие школьные системы независимо от культурного и социального контекста? *Какие* инструменты в них используются для постоянного улучшения результатов учащихся? Основной вывод, к которому пришли вышеназванные исследователи – что на эти вопросы нет однозначных ответов.

В ходе изучения опыта лучших систем школьного образования в странах дальнего и ближнего зарубежья мы определили, что решающую роль в улучшении их качества и конкурентоспособности играют три фактора:

1) *надо, чтобы учителями становились подходящие для этого люди;*

2) *следует дать им подготовку, которая позволила бы повысить эффективность преподавательской работы;*

3) *необходимо обеспечить условия, при которых каждый без исключения ученик получил бы качественное образование* [3, с. 76].

Как видим, политика Казахстана в области образования и повышения уровня компетентности учителей не исключение – наблюдаются тенденции в улучшении качества по двум вышеотмеченным факторам: второму и третьему в частности. Например, разработана и внедряется уровневая Программа повышения квалификации педагогических работников, благодаря которой учителя (особенно сельских школ) обогатили свой арсенал эффективными стратегиями обучения, возможностью комбинировать различные педагогические подходы в преподавании и обучении.

В целях более результативного внедрения инноваций, вовлечения в процесс изменений и руководителей школ, формирования школьных лидеров и команд так же разработана Программа повышения квалификации и руководителей общеобразовательных организаций Республики Казахстан. Она предусматривает изучение вопросов, касающихся сущности лидерства, школьной культуры, планирования развития школы, профессионального развития и личностно-профессионального благополучия, развития профессионального сообщества. Именно эти критерии на сегодняшний день являются показателями инновационной и творческой деятельности сельских школ.

Что же касается первого фактора – то он относится к системе подготовки будущих специалистов в высшей школе, целью которой пока еще не является отбор подходящих выпускников из числа абитуриентов на педагогические специальности, хотя основные механизмы этого отбора заложены в нормативно-правовой базе Республики Казахстан [4; 5].

Изучение же результатов проведенных исследований [2, с. 32] показывает, что в наиболее продвинутых в этом отношении странах существуют системы, организованные таким образом, чтобы все эти факторы работали независимо от культурного контекста. Они доказывают, что существенное улучшение результатов обучения вполне достижимо, причем, за достаточно короткий период времени.

Анализ нашей общеобразовательной школьной системы так же подтверждает сделанные исследователями выводы [1, с. 18]. Низкий качественный состав учителей: от общего количества педагогов имеют высшую категорию 14,8%, первую категорию -30,7%. Каждый пятый работающий учитель в возрасте от 50 лет и старше. Из общего количества педагогов стаж до 3-х лет имеют 13,2%. В силу непопулярности педагогической профессии среди молодежи ежегодное пополнение учителей из числа молодых кадров на сегодня составляет лишь 2,6%.

Более того, анализ процентного соотношения учителей с высшей и первой категорией от общего числа учителей показывает, что основная их масса – это учителя со второй категорией. При этом в наших группах на курсах повышения квалификации оказывались учителя по 20-25 лет находившихся на этой категории. На вопрос «Почему не меняли свои категории?» большинство из них отвечало, что это никому не было нужно – ни учителю (все так делают), ни администрации. При проведении аттестации педагогов и школы уровень профессионального развития в прошлом не являлся обязательным критерием оценки успешности школы. Соответственно, у учителей постепенно формировался стойкий консерватизм в преподавании и обучении. Мы попытались проанализировать факторы, препятствующие нововведениям. В ходе анализа выявили, что феномен сопротивления изменениям в последние десятилетия является основной проблемой управления процессами преобразований [6, с. 34]. При этом существует классификация учителей по их отношению к нововведениям, имеются некоторые идеи об общем характере консерваторов. Мы выявили, что это зрелые, уверенные в себе люди, постоянные в своих планах и привязанностях. Они конформны, следуют за более сильными; обладают высоким чувством ответственности; осторожны, не любят перемен; не стремятся к личным достижениям. Старательно планируют свои поступки; обладают твёрдостью в делах и личных стандартах; живут в постоянном беспокойстве о будущем. Постепенно их трудовые операции превращались в ходе развития общества в ритуальные стереотипы сознания и поведения.

Некоторые исследователи (А.И.Пригожин [6, с. 58-59]) называют одной из причин сопротивления новому «силу привычки, нежелание менять устоявшийся стандарт поведения, боязнь неопределённости...», сводя тем самым проблемы неприятия нововведений к психологической сфере.

В.В.Байлук [6, с. 60-63] рассматривает объективные и субъективные факторы, препятствующие инновациям. Это непонимание

сущности нового в науке и технике, опора на традиционные представления и оценки, теоретическая отсталость, стереотипы мышления, психологическая инерция, приверженность определённым концепциям и убеждениям, переоценка собственных достижений, отсутствие готовности рисковать.

Л.М.Ванюшкина указывает на приверженность педагогов к традиционным социальным ролям, инерционность педагогического сознания. Раскрывая сущность понятия «консерватор» автор отмечает, что для него характерны такие особенности, как «инстинктивное сохранение устоявшихся правил и приверженность старым представлениям, психологическая невосприимчивость к новому и неадаптивность к истинным новациям, регламентированность, опора на авторитеты, предпочтение стандартных решений, слабая способность к импровизации» [6, с. 75-76]. Именно эти особенности у учителей наблюдали тренера во время своих занятий на курсах, когда сталкивались с отзывами учителей на результаты своей работы.

Мы задались вопросом - почему же именно учителя так консервативны? В словаре русского языка под редакцией А.П.Евгеньевой «консервативный» обозначает «враждебный прогрессу, отстаивающий старое, отжившее». «Консерватизм» – «приверженность ко всему устаревшему, отжившему» [8, с. 90]. Очевиден тот факт, что необходимой частью реформы институтов является изменение склада ума, жизненных позиций и мотиваций людей, им принадлежащих. Наши учителя - и сельские, и городские должны быть культурно готовы действовать в новых условиях. Однако большинство учителей (особенно со стажем свыше 20 лет), с одной стороны чувствуя неэффективность привычных способов деятельности в новой общественной системе, с другой стороны, не могут принять новые правила как чуждые, не соответствующие привычной культурной схеме, навязанные извне.

Мы пришли к убеждению, пока не произойдёт переворот в сознании педагогов, пока они не придут к пониманию принципиально иного отношения к ребенку как субъекту соб-

ственной образовательной деятельности, к иному распределению ролей на уроке, декларацией останется личностно-ориентированный подход, не привьются новые технологии, не станет по-настоящему гуманным и гуманитарным наше образование. Поскольку изменение сознания процесс очень длительный, многие педагоги выбирают ретраитизм – уход в пассивность, смирение или ритуализм – обретение уверенности через привычные образцы поведения.

Наблюдая за размышлениями учителей на тренингах, мы обнаружили, что адекватное понимание ими происходящего возможно в том случае, когда они демонстрируют способности к наблюдению, анализу увиденного, интерпретации выводов по своему опыту преподавания, обоснованию фактов, доказывающих его видение, убеждения, установки и решения по совершенствованию дальнейшей своей практики преподавания. В этом контексте формативное оценивание для обучения может стать инструментом продвижения слушателей в их профессиональном развитии и принципиального изменения их сознания [5, с.161-162].

Реализация тренером формативного оценивания на занятиях – это оценивание прогресса учителей с целью внесения изменений в процесс их обучения, позволяющий им осознавать и отслеживать собственный прогресс в планировании своей серии уроков и вносить дальнейшие изменения по коррекции своего преподавания и обучения. Эту ситуацию исследователи назвали рефлексивным преподаванием [5, с.168; 6, с. 54; 7].

Следует отметить, для большинства учителей, в соответствии с их образованием и профессиональной подготовкой, естественны размышления о своей работе, но принципиальным является обеспечение этого процесса системностью и атмосферой сотрудничества. Понятие «рефлексивный практик» предполагает, что размышляя о собственной практике, иницилируя и осуществляя исследования и интерпретацию практических ситуаций (ответ на вопрос «что за этим лежит?»), учителя апробируют свои гипотезы на практике, про-

веряют и подтверждают рекомендации авторов, изученных в период обучения на первом этапе. Если просто осведомить учителя о том, что он достиг определенного уровня, это не поможет ему понять, что следует предпринять, чтобы достигнуть лучшего результата. Если же вместе с учителями проанализировать, что в их (его) работе привело к такому результату и объяснить критерии оценивания, это позволит ему понять, что делать дальше для улучшения этого результата. В этом случае учитель возвращается к данным (наблюдение и интерпретация), на которых оно и основано. Затем учитель составляет формативное оценивание (в устной форме) о том, как эти данные определяют уровень обучения ученика, какого уровня ему необходимо достичь и как лучше это сделать в следующей серии уроков, обосновывая свои решения и действия на основе идей авторов, изученных в рамках учебной программы повышения квалификации.

Таким образом, формативное оценивание – это непрерывный поток обратной связи с обучающимися, уместные комментарии и ясные, понятные предложения, помогающие им осознать собственные пробелы таким образом, чтобы он накопил достаточную информацию для дальнейшего продвижения вперед. Обратная связь дает представление о том, как идет процесс обучения, информирует о достижениях и пробелах обучающегося. Обратная связь должна проходить в атмосфере взаимоуважения и доброжелательности, предоставлять время для того, чтобы имелась возможность исправить ошибки или сменить направление мышления и деятельности.

ЛИТЕРАТУРА

1 Качественное образование и воспитание – приоритет государственной политики Казахстана /Цифровой доклад www.ppi.kz/images/c_doklad_rus.pdf

2 Барбер М.и Муршед М. Как добиться стабильно высокого качества обучения в школах // Consistently high performance: Lessons from the world's top performing school systems

// McKinsey&Company. June 2007. Перевод публикуется в редакции «МакКинзи».

3 Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2011-2020 года. – Астана, 2010. – 24 с.

4 Закон Республики Казахстан «Об образовании». – Астана, 2007. – 50 с.

5 Программа курсов повышения квалификации педагогов общеобразовательных школ Республики Казахстан. 2012. www.cpm.kz

6 Формативное оценивание в начальной школе. Практическое пособие для учителя / Сост. О.И.Дудкина, А.А. Буркитова, Р.Х. Шакиров. – Б.: «Билим», 2012. – 89 с.

7 Толковый словарь В. Даля. www.slova.ru/

8 Блэк П. и Уильям Д. «Черный ящик: что там внутри? Оценка знаний учащихся как способ повышения эффективности учебно-воспитательного процесса.» // Культура и педагогика. – 2001. – 123 с.

ӨОЖ: 37.01

М.Г. АХМЕТОВ

Батыс Қазақстан Гуманитарлық академиясы

Қ.А. БАЙДАЛИЕВ

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ

Ш.С. ИСКАЛИЕВА

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті
e-mail: isk_0882@mail.ru

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІГІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЯСЫНДАҒЫ ҚАЙШЫЛЫҚТАР

Аннотация

Мақалада оқушылардың білімін бағалаудың жаңа өлшемдері, оған АҚШ психологы Б. Блумның таксономиясы негіз болып табылатыны туралы баяндамасын басшылыққа алып отыр, соның аясында ҚР білім беру саласындағы бағалау жүйесіндегі окшаулы қайшылықтарды қарастырған.

Түйін сөздер: критерий, білім, бағалау, тәжірибе, көрсеткіш, талдау, технология.

В статье рассмотрены противоречия в системе оценки в сфере образования РК, за основу которого взят доклад американского психолога Б.Блума. Приводится сравнение таксономии Б.Блума с другими зарубежными учеными-педагогами.

Ключевые слова: критерий, образование, оценка, опыт, анализ, технология.

Annotation

Article heard contradiction of the system of evaluation in the sphere of education of the RK, the basis of which is the report of an American psychologist B. Bluma. Provides a comparison taxonomy B. Bluma with other foreign scientists-teachers.

Keywords: education, system of evaluation, comparison.

Он екі жылдық білім беру тұжырымдамасы мен оның білім беру мазмұнын құрастыру және талқылау кезеңдері аяқталу барысында оқушылардың білім жетістігін бағалау жүйесі анықталып, оны қоғамның зиялы және педагог қауымы қызу талқылауға кірісе бастады. Оның алғашқы ресми анықталуы өткен жылы – 2012 жылдың 24 тамызында ҚР Білім және ғылым министрі Б.Т.Жұмағұловтың баяндамасында оқушылардың оқу жетістігін бағалау Б.Блумның таксономиясы бойынша, яғни, білім, түсіну, қолдану, жүйелеу және жалпылау критериясы негізі болады деген. Бұл критериялар бойынша оқушыларға білім беру тұлғалық – іс-әрекеттік парадигма (үлгі) арқылы жүзеге асырылуын көздейтінін және білімді толық меңгеру технологиясын қолдануды ұсынады [1,с.6]. Осы мәселе аясында оқушының оқу жетістігін бағалау жүйесіндегі әдіснамалық және теориялық еңбектерді зерттеулерді қарастырылып, оның сапалы және орнықты дидактикалық мүмкіндігін талдап көруді орынды көрдік.

Оқушылардың білім жетістігін бағалауға көшсе, қаншалықты болашақ білім беру мазмұны, мақсаты және анықталған критерия (білім, түсіну, қолдану, жүйелеу және жалпылау) өзара қисынды, үйлесімді ұштасу шамасы қандай? Егер білім беру мазмұны мен анықталған критериялар арасындағы арақатынасын ашып қарастырсылса, онда сол критериялар бойынша оқушылардың білімін ғана тексеруге мүмкіндік болады. Ал, түсіну, қолдану, жүйелеу және жалпылау танымының әдісі және ойлаудың операциялары бола тұра, олар оқушының білім алуында әрбір пән мұғалімі сол таным әдістеріне үйретеді, соның аясында оқушыларда ойлау операциялары қалыптасып дамиды.

Мониторинглеу әдісін немесе портфолионы қолдану арқылы. Келешекте осы әдістердің болашағы білім беру мақсатына сәйкес тиімді құралға айналу мүмкіндігі шынайылыққа жанасу мүмкіндігі бар [2,с.68]. Сол сияқты бәсекеге қабілетті, шығармашыл, әлеуметтік ортада бейімді өмір сүру қасиеттерін анықталған критериялармен өлшеу мүмкіндік бере

алады ма? Және де анықталған құзыреттілік, нәтижеге бағдарланған, тұлғаға бағдарланған оқыту технологиясын білім беру саласында қолдануды көздесе, анықталған бағалау критериясы қаншалықты орнықты және қисынды, анық және дәл. Ол, әрбір оқытудың технологиясының өзіндік критериялары бар. Өйткені, олар білім беру модельдері технология ұғымымен ұштасқан. Олай болса, білім беруді технологизациялауына байланысты өздерінің өлшейтін арнайы, дербес критериялары болуы міндетті.

Құзыреттілік – оқушының білімі мен іскерлігі жүйесі негізінде іс-әрекеттерді шешу қабілеті. Негізі бұл ұғым «юриспруденцияның» ұғымы болып табылады. Заңгер өзінің құзыретіндегі іс-әрекетіндегі туындаған мәселелерді білімі мен білік негізінде шешуді көздейді. Олай болса, оқушының алған білімі мен іскерлігі белгілі бір практикалық тәжірибелерді, қарапайым қиындықтарды шешу қабілеті болып табылады. Бірақ, мектеп жағдайында оқушының алған білімі сол жаста шынайы қоғамдық немесе кәсіби мәселелерді шешуге мүмкіндігі бар ма, әрине, дәрменсіз. Құзыреттілік ұғымын қолдану мектеп жағдайында қаншалықты орынды, мектеп оқушысы қоғамдық пайдалы мәселелерді шешу емес, оқу тапсырмаларын шешуге бағытталған. Олай болса, құзыреттілік ұғымы кәсіби еңбек салаларында байланысты даярланатын мамандарға тән қасиет ретінде қолдануы орынды. Нәтижеге бағдарланған оқыту, мұнда әрине, оқу процесінде білім алушының міндетті түрде кері байланысты қажет етеді. Ол дегеніміз білім беру мақсатында оқушының қандай қасиеттерін мүдделесек, сол қасиеттердің толық орындалуын қанағаттандыратын оқыту технологиясы. Олай болса, кері байланыстың нәтижесі нақты критериялармен өлшенуі орынды болады.

Оқушылар барлығы бірдей білімді толық меңгеруге мүмкіндік қабілеттері бар ма? Оқушылардың нәтижеге бағдарланған оқытудың технологиясы мен Б.Блумның білімді толық меңгеру технологиясы балама оқыту түрлері болып табылады. Өйткені, екі оқыту технологиясыда көздеген мақсаты білім алу-

шылардың барлығында оқу материалын толық меңгеруді саралайды. Оқушылардың білімді толық меңгеру үшін олардың жас ерекшеліктері мен танымдық ерекшеліктері ескерілуі орынды. Ол әрине, оқу процесін күрделі түрлендіру мен қосымша материалдық ресурстарды қажет етеді. Аталған оқытудың технологиясына ұқсас бағдарланған, блокты және модульді оқыту технологияларды да білім беру саласында кең орын алып келеді. Бірақ, біздің білім беру тәжірибемізде, ол технологияларды қолдану орын алғанымен, өздерінің шынайы мақсатына жете алмай келеді. Өйткені, біздің дәстүрлі оқытуды ұйымдастыру формасы мен оқу процесінің тәртібі сәйкес реттелмеген, педагогтар оқу процесінде жүйелі қолданбай, көрініс түрінде тәжірибелеу жиі орын алып келеді.

Тұлғаға бағдарланған оқытудың технологиясына келсек, әрине, бұл оқытудың технологиясы біршама оқу-тәрибе процесін демократияландыру мен ізгілендіруге бағытталғаны айқын. Оқушының оқу-танымдық іс-әрекетінде жас ерекшелік, танымдық ерекшелік, өзбетімен оқу траекториясын таңдауға, қандай сабақтың формасын, әдіс-тәсілін, және құралдар арқылы білім алатынына жеткілікті еркіндік, бостандық бере алады. Өзін-өзі бақылау, өзбетімен жұмыстану сияқты оқу-танымдық іс-әрекеттермен айналыса отырып, өзін-өзі дамытуға, тұлғалық дербестігін сезінуге ерекше көңіл аударады. Педагогтың басымдылығы төмендеп, оқу процесінде оқушы субъектілік дәрежесі үлесінің нығаюын мүдделейді. Оқушы өзін тұлға ретінде басқа оқушылармен және педагогтармен бір деңгейде қарым-қатынасқа түсе отырып, танымдық әрекеттерді өзбетімен жүзеге асыруға қол жеткізеді. Бұл оқыту технологиясында оқушының оқу жетістігін, яғни, білімін бағалау басты ма, жоқ әлде, оқушының қаншалықты тұлғалық және танымдық қасиеттерінің дамып жетілген.

Әрбір білім беру технологиясы көздеген мақсатты біздің он екі жылдық білім беру мазмұнына енгізу керек болса, онда оқу пәндерінде оқу материалдары икемді жасалған ба, білім беру моделі болғандықтан, олардың

мақсатын айтпағанда, өздері меңзеген білім беру мазмұны, әдіс-тәсілдері, құралы және оқыту формалары болуы керек.

Осы тақырыптағы тағы бір қайшылықтың бағыты – анықталған критериялардың бағалау шкалалары. Әрине, дәстүрлі бес балдық жүйеден арылуымыздың уақыты жетті. Ол ешуақытта оқушылардың білімін әділ, дәл, нақты, айқын бағалауға мүмкіндік бермей келді. Педагогтардың білімді бағалау субъективті орын алды. Соған байланысты, ол көп жағдайда педагогтың басты құралына айналып отырды. Яғни, сол бес балдық шкала бойынша мұғалім оқушының оқу тәртібін басқару мен бақылауға үздіксіз қолдана, оны тәртіпке шақыру құралы ретінде қолданып келді. Соның әсерінен Кеңес Одағында қалыптасқан бес балды жүйеге оқушылардың көзқарасы әр уақытта эмоционалдық күйінің қозуына, психологиялық күйзелістер мен дағдарыстарға әкеліп отырды. Тағы бір кемшілігі оқушылардың білімін бағалауда бес балдық шкаланың арасы жақын болуы – ол «жақындастыру» түрде бағалауға әкеліп соқты. Он екі балдық шкаламен бағалауда оқушының оқу жетістігін анық және дәл бағалауға мүмкіндік береді. Біздің білім беру жүйесінде неге жүз балдық шкаламен бағалау орын алмағаны ойландырады. Өйткені, математикалық өңдеу барысында, неғұрлым сандық шама мөлшері көп қамтылса, соғұрлым болжамды тұжырымдардың айқын, анық және дәлірек анықталуына мүмкіндік береді. Оқушының білімін бағалауда жүз балдық шкала әр деңгейлі білімі бар категорияларды шынайы диагностикалауға шамасы өте орнықты.

Он екі балдық жүйеде де оқушының оқу жетістігін бағалау қисынды балдық шкала. Ол оқушылардың сол психологиялық күйінің төмендеуіне әкеліп соғуына ықтимал етеді. Сондықтан, оқушылардың білім жетістігін бағалау үшін бағалау критериясын, яғни, норманың, критериялардың сипатын өзгертуіміз орынды болатын сияқты. Мысалы, әрбір оқушының білім жетістігін бағалау, оның тек білімі ғана емес, сонымен бірге, басқа танымдық қасиеттерін, әлеуметтену қасиеттері сияқты белгілерін үздіксіз бақы-

лау жүргізуге арналған мониторингілеу әдісін қолдану өте орынды болар еді. Онда оқушыларды күнделікті бағалап отырудан арылып, оларды оқу жылының аяғында немесе тоқсан қорытындысында ғана бақылау жүргізу сияқты. Бұл әдіс оқушылардың психологиялық күйзелістері мен дағдарыстары бірден жойылуына ықпал етер еді. Ал, он екі баллдық жүйеде бәрібір оқушылардың нақты білімін ғана бағалаға итермелейді. Ол педагогтың кезектегі басымдылық құралына айналады. Мониторингілеу әдісімен оқушылардың білімі, танымдық қасиеттері, әлеуметтенуі, шығармашылық қабілеттері, физиологиялық өзгерістері сияқты белгілерін анықтай отырып, оқушының табиғатындағы танымдық іс-әрекеттегі динамикалық өзгерістерін бақылап отыру, түзету және дамытуға үздіксіз бақылау жүргізіп отыруға мүмкіндік береді. Соның аясында оқушылардың білімін бағалау жүйесінен айырыла, олардың оқу-танымдық іс-әрекетін комплексті бағалауға көшу деген сөз [2,с.45]. Олай болса, мұндай жүйеде оқушылардың шын мәніндегі қасиеттері мен қабілеттерін толық анықтауға, үлгерімі төмен немесе жоғары деген ұғымдардан айырыламыз. Оқушылардың өздері білім беру ошағында комфортты сезіне, еркін, өзінің ақиқат даму ерекшеліктері мен түрлерін ерте сезіне отырып, сол бағытта білім алуға ұмтылатын болады. Педагогтардың білімді бағалауға мақсатқа сай бағытталуынан айырылып, оқушылардың жеке дара қасиеттерін ескеруге бағытталған оқу-тәрбие жү-

мыстарына қайта бертбұрыста әдістемелік тәсілдері мен оқу пәні бойынша білім беру мазмұнын әралуандылығын арттырып, әр түрлі оқытудың парадигмалары мен технологияларын әр кезде әртүрле сипатта қолдануға қол жеткізеді. Қатаң оқу пәнінде балдық бағалаудан айырылады. Бұл білім беру саласының шынайы демократияландыру мен ізгілендіруі қағидаларының толық жүзеге асырылуына ықпал етіп шыңына жетеді. Оқу орнын бітіргенде оқушының бейімділігі мен қабілетіне сәйкес мінездеме беріліп, он екі жыл бойында оқу пәндерінен алған он екі балдық шкаламен бағаланып аттестат немесе сертификат беріледі. Оқушы жоғары оқу орнына немесе колледжге оқуға түсетін болса, онда бәрібір мамандығы бойынша қабылданатын пәндерге қосымша пысықтаумен дайындалып емтихан тапсырады. Жалпы орта білім беретін оқу орнының басты мақсаты оқушыларды жоғары немесе колледждерге оқуға түсу үшін даярламайды, олардың тұлғалық және интеллектуальды қасиеттерін және ортаға әлеуметтенуіне қажетті нормаларды қалыптастыруға бағыттайды. Ол қасиеттері мен белгі дәрежелері сол мониторингте көрсетілген шамалар нормаланған шкалалармен көрсетіледі.

Оқушылардың критериялды бағалау жүйесін анықтауға байланысты Ресей педагог-ғалымдары мен психологтарының оқушының білімді меңгеру деңгейлерінің модельдерін ұсынып көрсеткен. Оның үлгілерін төмендегі кестеден көруге болады.

Кесте 1. – Ресей педагог-ғалымдары мен психологтарының оқушының білімді меңгеру деңгейлерінің модельдері

Максимов В.Н.	Симонов В.П.	Королева В.Г.
Тану	Ажырату	Репродуктивті өзбетімен қайта шығару
Еске сақтау	Еске сақтау	Репродуктивті алгоритмді әрекет
Түсіну	Түсіну	Продуктивті эвристикалық әрекет
Қолдану	Қарапайым іскерлігі мен дағдысы	Продуктивті шығармашылық әрекет
	Тасымалдау	

Выготский Л.С.	Гальперин П.Я.	Талызина Н.Ф.	Власов С.В.	Баллы
Репродуктивті іс-әрекет, яғни, фактілерді еске сақтау мен қайта шығару	Тану мен есіне түсіру	Типті тапсырмаларды немесе міндеттерді шешу	Үлгі бойынша сана асты деңгейде шаблонды тапсырмаларды шешу	«3»
Реконструктивті іс-әрекет(фактілерді алуға тәсілдерді қайта орындау)	Талдау	Оқу материалының негізінде қисынды тәсілдерді қолдану	ассоциативті байланыстағы, қисынды, талдау сипты бар тапсырмаларды шешу	«4»
Вариативті іс-әрекет(бір саладан екінші салаға фактілерді алу тәсілдерін тасымалдау)	Инсайт	Стандартты емес тапсырмаларды шешу	Комбинациялы тапсырмаларды шешу	«5»

Жоғарыдағы педагогтар мен психологтардың оқушылардың білім деңгейін анықтауға байланысты жіктеулері оқушының білімі, іскерлігі мен әрекеттері және танымдық процестері мен қасиеттерінде бағалау қажеттілігін қарастырады [3,4,6]. В.Г.Королева өзінің білім беру деңгейлерін анықтауда продуктивті іс-әрекеттерді орындауды да қамтығаны байқалады. Ол оқу пәнінің білім беру мазмұнында қарастырылған ба, жоқ әлде оқушының меңгерген білімі мен іскерлігі негізінде оқу тапсырмаларын орындау қабілеттерін демонстрациялау мүмкіндігіне саялайды ма? Жоғарыда айтқандай, эвристикалық және шығармашылық оқу тапсырмаларын орындау, оны қалай жүргізу және орындаудың тәсілдері бойынша оқу материалдары оқу пәнінде көзделген. Сол сияқты психологтар оқушының білімін бағалау деңгейлерін жіктеуде оқушының психологиялық процестері мен қасиеттерімен бағалауды ұсынады.

Сол сияқты Ұлыбританияда оқушылардың оқу жетістігін бағалау стандартқа сәйкес үш деңгеймен жүргізіледі екен: еске сақтау; дәстүрлі емес жағдайда іскерлікті қолдану; шыннайы өмірде қолдану сияқты.

Бізге белгілі Қазақстанның он екі жылдық білім беруге көшуде оқушылардың білім жетістігін бағалау АҚШ психологы Бенджамин Блумның таксономиясына бағыттала анықталғаны ақпарат құралдарының көзінен белгілі болып отыр.

Білім алушылардың білім жетістігін бағалау жүйесінің негізі болып АҚШ Чикаго университетінің психологы (1956ж.) Б.Блум «Білім беру мақсатының таксономиясы» деген еңбегінде білім беру мақсатын үш сала бойынша анықтап (танымдық, психомоторлы және эмоциональдық-құндылық) оқушылардың танымдық іс-әрекетін алты деңгейге бөліп қарастырған [7,с.23].

Таксономия - белгілі бір критериялар мен ұстанымдар бойынша объектіні жүйелеу, топтастыру немесе жіктеуді айтады. Таксация – жіктелудің міндетін сан мәнімен белгілеуді айтады [5,с.85].

Бенджамин Блум таксономияны алты деңгейге бөлген: білім, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау және бағалау. Олардың өзі бірнеше көрсеткіштермен сипаталады. Осы автордың таксономиясы өткен ғасырдың ортасында пайда болғанымен, неге соңғы кезде оның еңбегін тәжірибеде қолдану кеңінен талқылау және таратылу кең орын алып келді? Неге дүниежүзілік білім беру кеңістігінде оқушылардың білімін бағалауға өзінің қолжетімділігін жүзеге асыра алмады? Дамыған мемлекеттердің білім беру саласында таксономияда көрсетілген деңгейлер кең танымал бола алмады? Педагогика және психология ғылымында ғалымдар арасында ол таксономияны талдауда дауларда болып келді. Өйткені, Б.Блумның таксономиясында оқушылардың продуктивті білімі мен іс-

әрекеттерді орындауға байланысты білімді меңгеру деңгейінің көзделмеуі себеп болды. Соның негізінде тәжірибеде кең қолданылуы тыс қалды. Сол сияқты түсіну, жинақтау, талдау – бұл категориялар ойлау процесінің операциялары және танымның әдістері болып табылады. Соған сәйкес ғалымдар оқушының

оқу іс-әрекетінің нәтижесін бағалау. олардың ойлау операцияларына ауысуын көздеуді қолдамады. Өйткені, талдау, жинақтау, бағалау оқыту нәтижесін алуға ықпал ететін ойлаудың операциялары деп түсіндірген.

Шетел ғалымдарының педагогикалық мақсаттарды топтауын салыстырып қарасақ.

Кесте 2. – Шетел ғалымдарының педагогикалық мақсаттарды топтауы

Б.Блум, Д.Кратвиль	О.Е.Лебедев	И.Я.Лернер
Танымдық (когнитивті)	Білім	білім
Психомоторлық	Іскерлік пен дағды	Іс-әрекет тәсілдерін жүзеге асыра алу
Эмоциональдық-құндылық	Эмоциональдық-құндылық	Эмоциональдық-сезімді тәжірибе

